

ҚАУЫМНЫҢ ІЛІМДЕРІ МЕН ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

Shepherds Global Classroom бүкіл әлемдегі өсіп келе жатқан мәсіхші көшбасшыларына арналған оқу бағдарламасын ұсынып, Мәсіхтің денесін жабдықтау үшін қызмет етеді. Біздің мақсатымыз – осы 20 курстан тұратын оқу құралын әлемнің әрбір еліндегі рухани үйретушілердің қолына жеткізу арқылы жергілікті дайындық бағдарламаларын көбейту.

Бұл кітапты келесі сайттан тегін жүктеп алуға болады: <https://www.shepherdsglobal.org/courses>

Негізгі автор: Доктор Стивен Гибсон (Dr. Stephen Gibson)

Авторлық құқық © 2021 Shepherds Global Classroom

Ағылшын тіліндегі Екінші басылымнан және Орыс тіліндегі Бірінші басылымнан қазақ тіліне аударылған.

Барлық құқықтар қорғалған.

Үшінші тарап материалдары өз иелерінің авторлық құқығына тиесілі және әртүрлі лицензиялар аясында ұсынылады.

Қазақша тілінде, егер басқаша көрсетілмесе, Киелі кітаптың барлық үзінділері Киелі кітаптан, Қазақша аудармасы «Орта Азия баспасы» нұсқасынан алынған. Авторлық құқығы © 2010, Қазақша аудармасы «Орта Азия баспасы» ЖШС. Рұқсат бойынша пайдаланылады. Барлық құқықтар сақталған.

Рұқсат туралы ескерту:

Бұл кітапты төмендегі нұсқаулықтарға сай басып шығаруға және баспа әрі цифрлық форматтарда еркін таратуға болады: (1) Кітап мазмұнын ешқандай түрде өзгертуге болмайды; (2) Көшірмелерді пайда табу мақсатында сатуға болмайды; (3) Оқу орындары бұл кітапты, тіпті оқу ақысы алынатын болса да, еркін пайдалана/көбейте алады; және (4) Кітап Shepherds Global Classroom жазбаша рұқсатынсыз және қадағалауынсыз аударылмауы тиіс.

Мазмұны

Курсқа қысқаша шолу	5
(1) Жалғыз Құдай және бір ғана қауым	7
(2) Мәсіхшілік бірлік	15
(3) Жергілікті қауым	23
(4) Қауым бірлестіктері	29
(5) Қауымдағы мүшелік.....	37
(6) Қауымдастықтың бірлескен өмірі	47
(7) Әлемдегі қауым.....	55
(8) Жергілікті қауымды қаржылық қолдау.....	63
(9) Ондық.....	71
(10) Шомылдыру рәсімі.....	77
(11) Нан үзу рәсімі	87
(12) Қауым тәртібі	97
(13) Мәсіхші жетекшінің мінез-құлқы	107
(14) Рухани дарындар	115
(15) Қауымның жетілгендігін анықтауға арналған сұрақтар.....	125
Тапсырмалар бойынша есеп.....	131

Курсқа қысқаша шолу

Курстың сипаттамасы

Бұл курс – қауымның Киелі кітаптық түсінігін Құдайдың жердегі негізгі жұмысы ретінде ашады. Студент қауымның бірлігі, қауымдағы мүшелік, қарым-қатынас, қауымды қаржылық қолдау, ондық беру, шомылдыру рәсімі, нан үзу рәсімі, қауымдағы тәртіп және жетілген қауымдастықтың белгілері туралы түсінік алады. Курс – қауымның өмірі мен жұмыс істеу қағидаларын, сондай-ақ олардың тәжірибелік қолданылуын түсіндіреді.

Курстың мақсаттары

1. Қауымның мәнін және оның Киелі кітаптық сипаттамаларын түсіндіру.
2. Студенттерге Құдайдың қауымға деген жоспары мен ондағы еңбегін көруге көмектесу.
3. Қауым мүшелері мен оның жетекшілерінің міндеттерін түсіндіру.
4. Жергілікті қауымдастықты қаржылық қолдау, басқару және дамыту қағидаларын қолдануға үйрету.
5. Студенттерді қауым туралы білімдерімен ары қарай бөлісе алулары үшін мағлұматтармен қамтамасыз ету.

Жетекшіге арналған нұсқаулық

Әр сабаққа арналған нұсқаулар сабақ мәтінінде көлбеумен (*көлбеумен*) белгіленген.

«►» нышаны талқыланатын сұрақтың алдында кездеседі. Жетекші студенттерге сұрақ қойып, талқылау жүргізуге уақыт бөлуі керек. Егер бір ғана студент әрқашан бірінші болып жауап беріп, ал қалғандары үнсіз отыратын болса немесе талқылауға қатыспаса, жетекші жеке бір студентке: «Серік, сіз бұл сұраққа қалай жауап бересіз?» – деп сұрақ қоя алады.

Курста Киелі кітаптан көптеген үзінділер қолданылады. Жазбадағы үзіндімен бүкіл топ танысуы қажет болған кезде, мысалы: «*студенттердің кез-келгеніне дауыстап Римдіктерге 6-тарауды оқуды тапсырыңыз*» деп көрсетілетін болады. Басқа жағдайларда мәтіндегі мәлімдемені растау үшін; Киелі кітаптағы үзінділер жақшада, мысалы: (Қорынттықтарға 1-хат, 12:15) деп көрсетіледі. Осындай жақшадағы үзінділердің барлығын оқу міндетті емес.

Әр сабақта әйгілі теологтардың дәйексөздері бар кем дегенде екі блок бар. Жетекші студенттердің бірінен сабақ материалында көрсетілген мәлімдемені оқып, түсіндіріп беруін сұрай алады.

Бір сабақтан басқаның барлығы **Жеті қорытынды ұстаныммен** аяқталады. Сабақтың мақсаты – студенттің осы ойларды түсінуі. Студенттер бұл ұстанымдарды оқып, есте сақтауы керек. Студенттер ұстанымның әрқайсысына **бір түсініктеме жазып**, келесі сабақтың басында жазған түсініктемелерді жетекшіге тапсыруы керек (барлығы жеті абзац). Әрбір ұстанымды студент мәні мен маңыздылығын тақырыппен таныс емес адамдарға түсіндіре алатындай етіп жеткізуі керек. Келесі сабақтың басында жетекші бірнеше студенттер белгілі бір пункттер бойынша орындалған тапсырмалардың нұсқаларымен бүкіл топпен бөлісуге шақыруы керек.

Сонымен қатар келесі сабақтың басында студенттер білімдерін жазбаша тексеру ретінде **есте сақтау қабілеті бойынша, Жеті қорытынды ұстанымды жазу керек**. Жетекші студенттердің жазбаша жазбаларға қарамауын немесе тестте бір-біріне көмектеспеуін қадағалауы керек. Егер студент тестті жаза алмаса, оны кейінірек қайталап көруді жоспарлауға болады.

Курстың мақсаттарының бірі – студенттерді өз бетінше оқытуға дайындау. Сондықтан жетекші студенттердің оқыту қабілеттерін дамыту үшін мүмкіндіктер жасауы керек. Мысалы, кейде топқа сабақтың кез-келген бөлімін үйретуге мүмкіндік беруі керек.

Ескерту: студент топтан тыс адамдарға курс материалдары бойынша үш сабақ өткізуді жоспарлауы керек. Бірақ бүкіл сабақты өткізу міндетті емес. Бұл тапсырма кестеде көрсетілмеген; студент оны орындауға өзі мүмкіндік табуы керек.

Курс барысында **басқа тапсырмалар** қамтылады: сұхбаттар, Киелі кітапты зерттеу, жазбаша тапсырмалар немесе тесттер. Кез келген жазбаша тапсырмалар келесі сабақтың басында жетекшіге тапсырылуы керек. Жетекші әрқашан тапсырма бойынша талқылауды жүргізіп, бірнеше оқушыны не үйренгенін не жазғанын бөлісуге шақыруы керек.

Егер студент Дүниежүзілік Бағушылар Дәрісханасының сертификатын алғысы келсе, сабақтарға қатысып, тапсырмаларды орындауы керек. Курстың соңында орындалған тапсырмаларды жазуға арналған форма беріледі.

1-сабақ

Жалғыз Құдай және бір ғана қауым

Кіріспе

► Сіз қауымға не үшін барасыз?

Адамдар «қауымға бару» жайында сөйлескенде, көбінесе қауым ғимаратында жоспарланған қызметтерге бару туралы айтады.

Көптеген адамдар қауым жиналыстарына Құдай туралы көбірек білу үшін қатысатындарын мәлімдейді. Басқа, Құдайдан алыстап кеткендер, Құдайдың жандарында екенін сезіну үшін келетіндерін айтады. Құдайды білетін адамдар ғибадат кезінде Құдайдың сол жерде болуын сезінуге үміттеніп, қызметке келеді. Қауымда барлығы Құдаймен байланысты.

Сөзсіз, Құдайдың ғибадат қызметтерінде болуын сезіну керек, бірақ қауым – ғимарат емес; ол тек кездесулер мен ғибадат ету үшін ғана арналмаған. Бағышталған сенушілер тобы, осылар – қауым болып табылады. Сондықтан біз қауымға баратын адамдар туралы айтқанда, сенушілер тобын меңзейміз. Қауымда бәрі Құдаймен байланысты деп, біз ғимарат пен қызмет қана емес, сонымен бірге осы бағышталған сенушілер тобының өмірінің мәні де Құдаймен байланысты екенін айтамыз.

«Қауым» сөзінің шығу-тегі

Б.з. бірінші ғасырында *ekklesia* деген грек термині жиі қолданылды. Қалада адамдарды кеңеске жиналуға шақыратын хабарландыру естілгенде, бұл топтық кездесу *ekklesia* деп аталған.

Ekklesia – бұл Жаңа Келісімде «қауым» сөзін білдіру үшін қолданылатын сөз. Біз оны онда 117 рет кездестіреміз. Бірақ бұл сөз әрдайым қауым туралы емес, кейбір жағдайларда басқа жиналыстар туралы айтылған кезде де қолданылады (Елшіл. істері 19:32, 39 және 41).

Ізгі хабар тұрғылықты жеріне, нәсіліне, әлеуметтік мәртебесіне немесе кәсібіне қарамастан барлық адамдарға бағытталған. Кездесу туралы хабарландыру да қаладағы барлық адамдарға қолжетімді болғандықтан, адамдардың бірде-бір санаты Ізгі хабарды есту мүмкіндігінен айырылмаған.

Қауым – бұл Ізгі хабардың үндеуіне жауап беруді таңдаған адамдар тобы. Ол Мәсіхке және оның сенушілер қауымына бағышталған арнайы топты құрған адамдардың әртүрлі санаттарынан тұрады.

Шіркеудегі Құдай Әкенің орны

Үшбірліктің тұлғалары – Әке, Ұлы және Киелі Рух – қауымдағы сенушілермен ерекше қарым-қатынаста болады.

Құдай қауымда жасаған істерімен мәңгі даңққа ие болады.

Оның даңқы қауымда Мәсіх Иса арқылы ұрпақтан ұрпаққа жетіп, мәңгілік арта берсін! Аумин. (Ефест. хат 3:21).

Қауым Құдайдың даңқы үшін өмір сүреді, сондықтан ол Құдайды қорлайтын және адамдарға Оның болмысы туралы дұрыс емес түсінік беретін немесе Құдайды емес, адамды асқақтататын нәрсені жасамауы керек.

Қауым – Құдайдың отбасы.

Сондықтан мүмкіндік барда барлық адамдарға, әсіресе сенімі бір бауырластарымызға, жақсылық істей берейік! (Ғалатт. хат 6:10).

Сонымен Құдайға мына іспетті мінажат етіп сиыныңдар: «Көктегі Әкеміз! Сенің киелі есімің қастерлене берсін» (Матай 6:9).

Қауым – Құдайдың отбасы болғандықтан, егер адам Жаратқан Иеге сенбесе және Онымен қарым-қатынаста болмаса, адам қауымның нақты мүшесі бола алмайды. Адам көптеген адамдармен таныс болғандықтан емес, Құдаймен қарым-қатынасқа түсіп, содан кейін өзін Құдай адамдарымен қарым-қатынасқа арнау арқылы қауымның құрамдас бөлігі болады.

► Құдайдың – сенің Әкең екендігі нені білдіреді?

Мәсіхтің қауымдағы орны

Иса – қауымның негізін қалаушы, Ол оған жеңіс сыйлайтынын уәде етті.

...Петір («Тас») болады. Осы іргетастың үстіне Мен Өзіме сенушілердің қауымын саламын. Оны өлімнің күштері де жеңе алмайтын болады (Матай 16:18).

Иса қауыммен бірге болатынын уәде етті.

...Мен бұл дүниенің ақыр соңына дейін әр күні өздеріңмен бірге болып, сендерге жар боламын! (Матай 28:20).

Өйткені екі-үш адам Менің атымнан жиналса, Мен де сол жерде араларында боламын (Матай 18:20).

«Матай жазған Ізгі хабарға сәйкес, Исаның «Менің қауымым» деген жеке мәлімдемесі – дұға, уағыз және тәртіпке негізделген қауымдастықты құрғысы келгенін көрсетеді. Ол шәкірттерін шақырып, барлық нәрсеге үйретті; көкке көтерілгеннен кейін оларды жетелейтін Киелі Рухтың келуін уәде етті».

Томас Оден,
«Рухтың жетелеуіндегі өмір»

Иса – қауымның Басы, ал қауым – Оның әлемдегі денесі. Исаның қауыммен жеке қарым-қатынасы біз ойлағаннан әлдеқайда тереңірек.

Құдай бұлардың бәрін Мәсіхке бағындырып, Оны барлығынан да жоғары қойып, сенушілер қауымының Басы етті. Ал қауым – Мәсіхтің рухани денесі. Мәсіх бүкіл әлемді Өзімен толтырғаны сияқты, қауымды да толтырады (Ефест. хат 1:22-23).

Біздер Оның рухани денесінің мүшелеріміз (Ефест. хат 5:30).

Қауымның мүшесі – Мәсіхтің денесінің бір мүшесі болып табылады. Сондықтан адам жеке Мәсіхке Құтқарушым деп сеніп, әрі Исаны Иесі ретінде қабылдаса, қауымның шынайы құрамдас бөлігі бола алмайды.

► Мәсіхтің денесінің мүшесі деп кімді атауға болады?

Киелі Рухтың қауымдағы орны

Елшілердің істерінде біз ертедегі қауымның Киелі Рухқа кенелуі мен Оның күшін қаншалықты әсерлі бастан өткергенін көреміз. Ол рухтандырды, уағыз айтуға күш берді (Елшіл. істері 2:11), арнайы қызметке шақырды (Елшіл. істері 13:2), әр сенушіні қызмет ету үшін қажетті жерге бағыттады (Елшіл. істері 16:6-10), сонымен қатар ілімдік мәселелерді шешті (Елшіл. істері 15:28).

Киелі Рух – қауымның дүниежүзілік қызметін орындайтын ұлы билеушісі.

Адам құрған ешбір ұйым өз ресурстарына толықтай сүйене отырып, осындай көлемдегі тапсырманы орындай алмайды. Құдай қызметкерлерді шақырады және әр географиялық аймақтардың қажеттіліктеріне сай сол жерлерге жібереді.

Адам Киелі Рухтың көмегімен қайта туылу арқылы қауымның мүшесіне айналады. Бұл табиғаттан тыс тәжірибе болғандықтан, Киелі Рух сондай табиғаттан тыс жолмен Ізгі хабармен бөлісуге күш беріп, бағыттайды. Ізгі хабармен бөлісудің нәтижелерін табиғи себептермен түсіндіру мүмкін емес.

Қауымның өмірі - бұл Рухтағы өмір.

Ертедегі қауымда Киелі Рух ғибадатты бағыттаған. Ол әр түрлі адамдар – қауымдастық мүшелері арқылы сөйлеген (Елшіл. істер 4:30-31), сонымен бірге белгілі бір уақытта жоспарланған ғибадат бағдарламасын өзгерте алған.

Қауымдастықтың өмірі – бұл Рухтағы өмір, сондықтан да ол кез-келген адам құрған ұйымнан ерекшеленеді. Қауым мүшелері бір-бірімен қарым-қатынаста болады, өйткені олардың Құдаймен қарым-қатынасы және рухани өмірлері бар. Сенімге келмеген адам тіпті егер ол қауымды ұнатса да және оның қауымда достары болса да, бұл қарым-қатынастың құрамында бола алмайды.

Қауым мүшелері бір-біріне қызмет ете алулары үшін Киелі Рух дарындар сыйлайды (Қорынтт. 1-хат 12:4-7). Иерусалимдегі ертедегі қауымның алғашқы күндерінде

бағышталу мен бірлік сондай күшті болған, оны қазіргі сенушілерге елестетудің өзі қиын. Адамдар бірге өмір сүру үшін қолда бар мүліктерін сатып, ақшаларын берген. Анания мен Зэпира өтірік айтқан кезде, олардың күнәлары Киелі Рухтың қауымда жасаған керемет жұмысын қорлағандықтан олар өлтірілген болатын (Елшіл. істері 4:32-35, 5:1-4).

«Мәсіх бар жерде католиктік [бүкіләлемдік] қауым да бар».

Игнатий, «Смирнандарға жолдау»

Қауымның бірлігі Рухпен тығыз байланыста өмір сүру арқылы көрінеді.

Қауым (ғимарат емес, сенушілер тобы) «Құдайдың киелі үйі» деп аталады, өйткені Құдай Рухы онда ерекше өмір сүреді (Қорынтт. 2-хат 6:16). Мәсіхшілік бірлік орнаған рухани киелі үйге зиян келтіретін әр адам қатты айыпталады (Қорынтт. 1-хат 3:16-17).

► Киелі Рухтың жетелеуімен өмір сүрем деп мәлімдеп, бірақ ұрыс-керіс пен бөлінуді себетін адамға не дер едіңіз?

сондықтан ол әлемге Иеміздің іс жүзінде қандай екенін көрсетеді

Қауым адамдарға Құдайды ұмытпауға, Оған назар аударуға және Иеміз жасаған өзгерістерді сезінуге көмектеседі.

Қауымды Құдай жаратқан. Жер бетіндегі кез-келген нәрседен гөрі, қауым – Құдайды жақсы көретін адамдармен Құдайдың еркі орындалатын жер, сондықтан ол әлемге Иеміздің іс жүзінде қандай екенін көрсетеді.

► Қауымды көргенде адамдар Құдай туралы нені білуі керек?

Қауымға қарап, адамдар Құдайдың сүйіспеншілікке толы және мейірімді екенін, Оның адамдарға қамқорлық жасап, оларды кешіретінін, шындықты қолдайтынын, уәделерін орындайтынын және күнәһарларды жақсы көретінін, бірақ күнәні жек көретінін көруі керек.

► Қауымның мәні – Құдай екенін есте ұстай отырып, біз қандай қателіктерді жібермеуіміз керек?

Ғибадат

Қауым Құдай үшін бар, сондықтан ғибадат Құдайға бағытталуы керек. Ғибадат жетекшілерге немесе орындаушыларға бағытталған кезде, ол адамға бағытталған болады, ал бұл – жалған тәңірлерге табынушылық. Дұрыс емес ғибадат тән құмарлықтарына бағытталып, белгілі бір адамдарды мадақтайды және Құдайдың емес, адамның қалауын қанағаттандыруға шақырады. Мұндай ғибадат жын-перілерге табыну қаупін тудырады, өйткені ғибадат етушілер Құдайдан емес сезімдер мен рухтарға бағынады.

Бір бүкіләлемдік қауым

► Студенттердің біріне дауыстап Ефест хат 4:1-6 оқуды ұсыныңыз. Бұл үзіндіде қауымның қандай негізгі қасиеті туралы айтылады?

Пауыл біртұтас қауымның сақталуы үшін сенушілерді бірлікке шақырды. Бір ғана Құдай мен бір Ізгі хабардың бар болғаны сияқты, барлық шынайы мәсіхшілер – бір дененің мүшелері. Бір ғана мәсіхшілік пен бір ғана қауым бар, өйткені Құдай – біреу.

Тек бір бүкіләлемдік қауымның бар екендігі Қорынтт. 1-хат 12:13-те айтылған, онда Пауыл тәубеге келген барлық басқа ұлт адамдары бір дененің мүшесі болатынын айтады.

Сенім белгісі – бұл мәсіхшілік сенім негіздерінің ұстанымы. «Елшілік сенім» деп аталатын ертедегі мәсіхшілік сенім белгісі: «мен католик қауымына сенемін» деген ұстанымды қамтиды. Бұл сенім белгісіндегі «католик» сөзі Рим-католик қауымына қатысты емес; ол «бүкіләлемдік» немесе «аяқталған» деген мағынаны білдіреді. Бұл сенім белгісі бүкіл жер бетіндегі мәсіхшілер бір қауымның өкілдері екенін айтады.

Студенттердің біріне дауыстап Ефест хат 2:20 оқуды ұсыныңыз.

Қауым – елшілер мен пайғамбарлар бізге көрсеткен қызмет пен шындықтағы; құтқарылу және Иса Мәсіхтегі жалғасатын өмір туралы қызметтегі біртұтас негізде құрылады. Бір ғана негіз бен бір ғана қауым бар.

Қытайда «Шығыс сәулесі» деп аталатын дін бар. Оның ізбасарлары Исаның жұмысы аяқталып, Құдай қазіргі әлемге тағы бір мәсіхті – жаңа ілімдерді жариялаушы қытайлық әйелді жіберді деп санайды.

► Шығыс сәулесінің дін өкілдеріне қандай жауап бере аламыз?

Бүкіләлемдік қауымның бірлігі – бір ұйым болу керек дегенді білдірмейді. Бүкіл әлемдегі қауымдарға арналған Құдайдың мақсатын орындауға ешбір қауымдастықтың күші жетпейді. Қызмет барысында Иса шәкірттеріне барлық мәсіхшілер бірге бір ұйымда болатынын күтпеулерін ескерткен (Марқа 9:38, 39).

Рим-католик қауымы өзін толықтай Құдайдың қауымы деп жариялайды; мормондар мен Иегова куәгерлері де өздері туралы осылай айтады.

► Өзінің ұйымын жердегі жалғыз және аяқталған Құдайдың қауымы деп жариялайтын адамға не айтар едіңіз?

Жергілікті қауымның бүкіләлемдік қауымға есептілігі

Жергілікті қауым тәуелсіз мәсіхшілік ілімдерді дамыту құқығын өзіне алмауы керек. Өз хабарларының бірінде сенушілерге тәлім бере отырып, Пауыл «Құдайдың барлық қауымдарында» осылай болуы керектігін айтты (Қорынтт. 1-хат 11:16). Елші қауымға сөзін арнап, кейбір қызметкерлерді қабылдаулары керек екенін айтты, өйткені олар

басқа қауым өкілдері болған (Қорынтт. 2-хат 8:23-24). Ол қауымның барлық басқа қауымдардан өзгеше ілімдерді ұстануына жол бермеу керектігін атап өтті.

Рухани дарындармен баталанған Қорынт қауымының мәсіхшілері – өздерін басқа біреуді тыңдауды қажет етпейтін тәуелсіз қауымдастық ретінде қарастыра бастады. Пауыл олардың Құдай сөзінің бастапқы көзі емес екенін: сөз басқалардан келгенін және олар үшін ғана арналмағанын еске сала отырып, олардың түсініктері мен іс-әрекеттерін өзгертті (Қорынтт. 1-хат 14:36). Содан кейін ол қауымдағы рухани сезімтал адамдар оның нұсқауларын Құдайдың рухтандырғанын көретінін атап өтті.

Жергілікті қауым өзін-өзі қамтамасыз етуі керек және өзін-өзі басқаруы керек. Сонымен бірге ілімдік тұрақтылықты сақтау, оқу ресурстарын алу және дүниежүзілік қызметтің келешегін түсіну үшін бүкіләлемдік қауыммен қарым-қатынаста болуы қажет.

Бүгінгі таңда әртүрлі ілімдері бар көптеген қауымдар бар және олардың барлығы Киелі кітапты ұстанатындықтарын айтады. Бүкіләлемдік қауымға есептілік – барлық қауымдар бір-біріне ұқсас болуы керек дегенді білдірмейді, бірақ олар жаңа келісім қауымының басында қалыптасқан ілімдерді ұстануы керек. Қауым – оның есептілігін қамтамасыз ететін қандай да бір қауымдастықтың құрамында болуы керек.

Ілімдік тұрақтылықты сақтау үшін жергілікті қауым үш құрамдас бөлікті ұстануы керек:

1. Киелі кітаптың абсолюттік билікке ие екеніне сену
2. Тарихи мәсіхшіліктің іргелі ілімдерін ұстану
3. Шынайы теологияны ұстанатын қауымдар қауымдастығымен қарым-қатынаста болу

Енді біз екінші тармақты қарастырамыз (қауым бірлестіктері туралы ақпарат басқа сабақтың материалында берілген).

Жергілікті қауым ертедегі сенім белгілерінде жазылған жаңа келісім қауымының негізгі мәсіхшілік ілімдеріне қайшы келетін қағидаларды қабылдамауы керек. Елшілік сенім белгісі, Никей сенім белгісі және Халкидондық сенім белгісі – мәсіхшіліктің қалыптасу кезеңінде мәсіхшіліктің ажырамас бөлігі болған ілімдерді растайды. Оларға Үшбірлік, Мәсіх пен Киелі Рухтың құдайлық болмысы туралы ілімдер кіреді. Егер қауым осы сенім белгілерінің ілімдерін қабылдаса, онда ол өзін мәсіхшілік деп атамауы тиіс, өйткені бұл жағдайда ол басқа дінге айналады.

Никей сенім белгісі

Мен Жалғыз Құдайға, Құдіреті шексіз Әкеге, көк пен жерді, барлық көрінетін мен көрінбейтіннің Жаратушысына сенемін.

Және Жалғыз Иеміз Иса Мәсіхке, Құдайдың Ұлына; Әкеден туған, Құдайдан Құдай, Нұрдан Нұр, шынайы Құдайдан шынайы Құдай, туылған, жаратылмаған;

Әкемен бірге болған; Ол арқылы бәрі жаратылған; біз, адамдар үшін және біздің құтқарылуымыз үшін көктен түсіп, Мәриямның Киелі Рухы арқылы дүниеге келіп, адам болып туылған; Понти Пилаттың кезінде біз үшін айқышқа шегеленіп, азап шеккен және жерленген; Жазбаға сәйкес үшінші күні қайта тірілген; көкке көтеріліп, Құдайдың оң жағына жайғасқан; өлілер мен тірілерді соттау үшін зор салтанатпен қайта келе жатқанға сенемін, Оның патшалығының соңы болмайды.

Киелі Рухқа, Өмір беруші Иеге, Әке мен Ұлынан келген, Әкемен және Ұлымен бірге мадақталып, даңқталатынға; пайғамбарлар арқылы сөйлейтінге; Және біртұтас Католик және Апостолдық Қауымға сенемін; Күнәлар кешірілу үшін бір шомылдыру рәсіміне; өлгендердің қайта тірілуіне және мәңгілік өмірге сенемін. Амин.

Ал егер адам Никей сенім белгісіндегі қандай-да бір ұстаныммен келіспесе ше? Қауым құрылғаннан бері осы ілімдерді ұстанды және егер адам олардың біреуін қабылдаса, онда ол 2000 жыл бойы қауым білмеген ақиқатты түсінетінін мәлімдейді. Егер қауым немесе қандай да бір адам Елшілік сенім белгісі, Никей сенім белгісі және Халкидондық сенім белгісіндегі ілімдерді ұстанбайтын болса, онда олардың ілімдеріне сенуге болмайды. Өйткені бұл сенім белгілерінің ілімдері Ізгі хабарды қолдайды; егер адам осы сенім белгілерінде жазылған ілімдерді қабылдаса, оның ілімі Ізгі хабарға қайшы келеді.

► Өзінің мәсіхші екенін мәлімдейтін, бірақ Никей сенім белгісінің қандай да бір ұстанымымен келіспейтін адамға не айтар едіңіз?

Төменде келтірілген жеті ұстаным осы сабақтың негізгі пункттері болып табылады. Бұл сабақтың мақсаты – студентті оларды түсінуге жетелеу.

Жеті қорытынды ұстаным

1. Жергілікті қауым – бұл өздерін белгілі бір жерде қауым болуға арнаған сенушілер тобы.
2. Қауым әлемге Құдайдың болмысын көрсетеді.
3. Рухтың жетелеуімен өмір сүру деген – қауымның бірлікте өмір сүруі.
4. Қауымдағы мүшелік Құдаймен қарым-қатынасқа және сенушілер тобына арнауға негізделген.
5. Мәсіхшілікті ұстанатын бір бүкіләлемдік қауым бар, өйткені қауымның мәні – тек Құдай.
6. Ешбір адам құрған ұйым – Құдайдың жердегі толыққанды қауымы бола алмайды.
7. Жергілікті қауым бүкіләлемдік қауымның негізгі тарихи ілімдерін ұстануы керек.

Тапсырмалар

1. 1-сабақ бойынша Жеті қорытынды ұстанымды есте сақтау керек. Студенттер жеті қорытынды ұстанымның әрқайсысына (барлығы жеті абзац) түсініктеме жазып, олардың мәні мен маңыздылығын тақырыппен таныс емес адамдарға түсіндіре алатындай етіп жеткізулері керек. Жазбаша жұмыс келесі сабаққа дейін жетекшіге тапсырылуы тиіс. Талқылау кезінде жетекші сұраса, студенттер топқа белгілі бір пункттер бойынша орындалған тапсырмалардың нұсқаларымен бөлісуге дайын болу керек. Келесі сабақтың басында студенттер есте сақтау қабілеті бойынша, жеті қорытынды ұстанымды жазу керек.
2. Бұл курс барысында, студент сабақты немесе сабақтың бір бөлігін топтан тыс адамдарға, әр түрлі материалдармен үш рет сабақ өткізуді жоспарлауы керек. Студент сабақ өткізуге материалдарды таңдай алады. Сабақты өткізген сайын студент бұл туралы жетекшіге есеп беруі керек.

2-сабақ

Мәсіхшілік бірлік

Кіріспе

► Студенттердің бірі келесі көркем әңгімені дауыстап, топқа оқуы керек.

Бір қаланың ортасында су тасқыны қаупін туғызуы мүмкін өзен ағып жатты. Қала тұрғындары қауіпсіздік шараларын қабылдауға шешім қабылдады. Олар қаптарды құммен толтырып, өзен бойына төсеу үшін топтарға бөлінді. Адамдар ынтамен жұмыс істеп, топтардағы қарым-қатынас күшейе түсті. Көп ұзамай әр топтың өз атауы болды. Кейбіреулер өздерін «Қаланың құтқарушылары» деп атады, тағы біреулері «Құм салушылар», ал қалғандары өздерін «Өзеннің бөгеттеушілері» деп атады. Белгілі бір топтың құрамында болу олардың әрқайсысы үшін ерекше маңызға ие болды. Топ мүшелері бірдей футболкалар киді. Олар өз топтарының басқаларға қарағанда мықты екенін айтып, қарсылас топтардың жұмысын сынға алды.

Өзенді бөгеттеушілер қаланың құтқарушыларынан қол арба сұрағанда, олар ол біраз уақыттан соң олардың өздеріне керек болуы мүмкін деп, арбаны бермей қойды. Құм салушылардың қаптары таусылғанда, олар басқа топтардың қосымша қаптары болғанына қарамастан, жаңаларын әкелгенше бір сағаттан астам уақыт күтті. Топтар бір ортақ миссия бар екенін ұмытып кетті; олар үшін топтың жеке жетістігі ортақ мақсатқа жетуден гөрі маңыздырақ болды.

► Қауым мен осы әңгімедегі топтардың іс-әрекеттерінде қандай ортақ нәрсе бар?

Киелі кітапта мәсіхшілік бірліктің құндылығы ерекше көрсетілген. Пауыл Қорынттықтағы қауымды адасушылықтан «Сонда Мәсіхтің жіктеліп бөлінгені ме?!» (Қорынтт. 1-хат 1:13) деген сұрақты қою арқылы әшкерелейді. Ол «бәріміз біртұтас рухани денеміз... Иеміз бір, бір сенімдеміз, шомылдыру рәсіміміз де бірдей» деп, ефестіктерді рухтың бірлігін сақтауға шақырды (Ефест. хат 4:4-5). Иса сенушілердің барлығы біртұтас болсын деп және Оның Әкеден келгеніне адамзаттың сенуі үшін ынтамен дұға етті (Жохан 17:21).

Басынан бастап қауым өзін біртұтас етіп көрді. Елшілік сенім белгісі келесі ұстанымды қамтиды: «Бір қасиетті, соборлық және елшілік Қауымға; киелілер арасындағы қарым-қатынасқа сенеміз». Никей сенім белгісі де келесі ұстанымды қамтиды: «Бір қасиетті, соборлық және елшілік Қауымға сенеміз» «Собор» сөзі толық және бүкіләлемдік деген мағынаны білдіреді. «Елшілік» термині қауымды елшілер құрған және қауым әлі күнге дейін солардың ілімдерін ұстанады дегенді білдіреді.

Ертедегі сенім белгілері мәсіхшіліктің ажырамас ілімдерін көрсетті. Қауым, егер адам осы сенім белгілерін қабылдаса, оны мәсіхші деп санамаған. Өйткені бұл сенім

белгілері мәсіхшіліктің мәнін анықтауға арналған. Сондықтан егер адам бүкіләлемдік қауымның құрамына кірмейтін басқа шынайы қауым бар екеніне сенімді болса, ол адасушы болып саналды.

Деноминациялар

Жердегі қауымдар ғасырлар бойы бір ұйымға біріктірілмеген; оның орнына көптеген түрлі қауым топтары болды. Бір ұйымға біріктірілген қауымдар тобы – деноминация деп аталады.

Б.з. 451 жылы ежелгі-шығыс православие ілімдік келіспеушіліктерге байланысты рим католицизмінен бөлінді. Бүгінгі таңда шығыс православиіде аймақтық қауым ұйымдары бар: Копт қауымы, Эфиопия, Эритрея, Сирия православие қауымы, Маланкарск және армениан-апостол қауымы.

Б.з. 1054 жылы православие ақыры рим католицизмінен бөлінді. Бүгінгі таңда он бес түрлі аймақтық қауым ұйымдары бар, олардың ішінде Орыс православие қауымы, Серб православие қауымы және Кипр қауымы бар.

Осы үлкен топтардан басқа қауымдар ғасырлар бойы Рим қауымынан бөлініп келді.

XVI ғасырда протестанттық реформа болды. Көптеген қауымдар римдік католицизмнен бөлінді, өйткені олар қауым енді шынайы Ізгі хабарды уағыздамайды деп сенді. Ілімдер бөлінудің басты себебі болды, дегенмен саяси келіспеушіліктер де болды.

Көптеген деноминациялар реформациядан кейін қалыптасты. Ағылшын қауымы елдегі әртүрлі қауымдардан құрылды. Олар басқа елдерде қауымдастықтар құрған кезде оларды Эпископтық қауым деп атады.

Пресвитериандық қауымдар реформаторлардың: Швейцариядағы Джон Кальвин, Шотландиядағы Джон Нокс және басқалардың әсерінен пайда болды. Бүгінгі таңда бірнеше пресвитериандық деноминациялар бар.

Лютеран қауымы Мартин Лютердің қызметі арқылы Германияда құрылды. Бүгінгі таңда лютерандық қауымдар көптеген елдерде бар.

Анабаптистер «реформация киелі кітаптық Ізгі хабарды толығымен қалпына келтірмеді және ғибадат киелі кітаптық емес рәсімдерді қолданбауы керек» деп сенді. Және шомылдыру рәсімінен нәрестелер емес, жаңадан сенімге келгендер өтеді деп санады. Олардан көптеген елдердегі баптисттік деноминациялар пайда болды.

Елуінші күн қауымдары 1906 жылы Лос-Анджелесте қайта жанданудан кейін ұйымдастырылды. Бүгінгі таңда әлемде Елуінші күн мен харизматикалық қауымдардың алуан түрлілігі бар. Олардың әртүрлі ілімдері бар.

Қазір мыңдаған деноминациялар өздерін мәсіхшілерміз деп жариялайды. Сондай-ақ, ешқандай ұйымдық құрылымдарға жатпайтын мыңдаған тәуелсіз қауымдар бар.

Жаңа деноминациялар көбінесе өздері мүшесі болып табылатын қауым – маңызды шындықты қабылдамайды немесе елемейді деп сенетін адамдар тобынан құрылады. Олардың ойынша дұрыс болып табылатын ілімдерді ұстану үшін, олар жаңа бағытты негіздейді. Осы бағытты дамытуды жалғастыра отырып, олар басқа мәсіхшілік ағымдардан көбірек ерекшелене бастайды; сонымен қатар оларда ғибадат түрлері мен мәсіхшілік өмірдің егжей-тегжейлері туралы басқа дәстүрлер пайда болады.

Кейде деноминациялар Ізгі хабарды уағыздаудан пайда болады. Егер аймақта көптеген жаңадан сенімге келушілер болса және оларға қамқорлық жасайтын қауым болмаса, онда деноминацияның жаңасы пайда болуы мүмкін. Деноминация белгілі бір елдегі миссионерлік ұйымның жұмысынан пайда болуы мүмкін.

Көптеген мәсіхшілік ағымдар өздерін жалғыз шынайы, дұрыс ағымбыз деп жарияламайды; егер ұйым өзін Құдайдың жалғыз дұрыс қауымы деп санаса, оған сенуге болмайды.

► Сіз қанша түрлі деноминациялар мен қауымдарды білесіз?

Сенбеушілер көбінесе мәсіхшілікке – бөліну мен оның әртүрлілігіне байланысты сенбейді. Көбісі әртүрлі топтар бір-біріне қайшы келеді және мәсіхшілердің арасында бірлік жоқ деп санайды.

► Қандай әрекеттер қауымдар арасында бірлік жоқ екенін көрсетуі мүмкін? Қауымдар тіпті егер бұл негізгі ілімдер болмаса да, өздерін басқа қауымдардан ерекшелендіретін нәрсені көрсетуге ерекше көңіл аударады. Кейде адамдар басқа қауымдарды дұрыс түсінбестен екіжүзділік, ымыраға келмеу немесе басқа күнәлар үшін тез кінәлап шығады. Кейбір қауымдар олардан өзгеше қауымдастықтардың негізгі мәсіхшілік ілімдерге сенетіндеріне қарамастан, оларды мәсіхшілік емес деп санайды.

Қауымдарда Ұлы аманатты орындауда бірлік жоқ сияқты: олар бизнес-компаниялар сияқты жарысады. Көптеген жетекшілер, егер олар басқа ұйымның қызметіне көмектесе, еңбек пен ресурстарын ысырап еткендей санайды.

Мүмкін, барлық мәсіхшілер бірлік қажет екеніне келісетін шығар, бірақ көптеген адамдар оның қандай түрде болу керектігін білмейді. Алдымен біз бүкіләлемдік қауымның бірлігі туралы, содан кейін жергілікті қауымдастықтың бірлігі туралы талқылайтын боламыз.

Бүкіләлемдік қауымның бірлігі – ұйымдардың бірлігі емес

Кейбір адамдар қауымдар бір ұйымға біріктірілуі керек және көптеген жеке құрылымдардың болуы қауымның біртұтас еместігін білдіреді деп санайды. Олар қауымның мәні мен оның ағымдарының арасындағы айырмашылықты көрмейді, сондықтан олар үшін бірлік – ұйымдарды біріктіруді білдіреді.

► Барлық қауымдар бір ұйымға біріктірілуі керек деп санайтын адамға не айтар едіңіз?

Ұйымдар ілімдік айырмашылықтар маңызды емес деп шешпей, біріге алмайды. Бірігу үшін негізгі ілімдермен келісу керек және олардың көпшілігі осы ілімдермен келіспейтін ұйымдармен бөлінетіндей, соншалықты маңызды емес екенін түсіну керек.

Барлық әрекеттер бірлікті – ұйымдардың бірлігімен негіздеген. Иса жердегі қызметі кезінде өзінің барлық ізбасарларының бір ұйымның мүшелері болуын талап етпеді. Мұны біз Лұқа жазған Ізгі хабарда сипатталған келесі жағдайдан көре аламыз:

«Сонда Жохан: – Ұстаз, Сіздің атыңызбен адамдардың жындарын қуып шығарып жатқан біреуді көрдік. Оған тыйым салдық. Ол бізбен бірге Сізге еріп жүрген жоқ қой, – деді. Бірақ Иса Жоханға: – Оған тыйым салмаңдар! Сендерге қарсы болмағанның сендерге жақтас болғаны, – деп жауап берді» (Лұқа 9:49-50).

Мәсіхтің сөздері адамның біздің ұйымның құрамына кірмей, «бізбен бірге болмауы» мүмкін екенін, бірақ «біз үшін» болуы мүмкін екенін көрсетеді. Бір ұйымда тұрмайтын мәсіхшілік бірлік бар екені анық.

Исаның жердегі қызметінен бірнеше ғасыр өткеннен бері, өздерін жалғыз шынайы қауым, ал қалғандарын жеке мәсіхшілік емес ұйымдар деп санайтын ұйымдар бар. Иса шәкірттерімен шынымен физикалық түрде бірге болған кездің өзінде, тек соларды ғана жалғыз шынайы қауым деп айтпады.

Кейде адамдар «көрінбейтін қауым» терминін қолданады, бұл барлық мәсіхшілердің – мүшелерінің толық тізімі бар, көрінетін ұйым жоқ екенін білдіреді. Сондай-ақ, мәсіхшілік ұйымдарда шынайы мәсіхші емес адамдар болуы мүмкін, сондықтан біз қандай да бір қауымды көрсетіп, оны бүкіләлемдік деп айта алмаймыз.

Бүкіләлемдік қауым жалғыз көрінетін ұйым болмаса да, мәсіхшілер арасындағы бірлік көрінуі керек. Иса сенушілердің біртұтас болуын сұрап, дұға етті және оның нәтижесі адамзаттың Оған сенуі болатынын да айтты (Жохан 17:21). Бұл мәсіхшілік бірліктің сенушілер үшін де, бүкіл әлем үшін де айқын болуы керек дегенді білдіреді.

► Өзің мәсіхшімін деп атайтын адаммен мәсіхшілік бірлікте болу үшін сізге не қажет деп ойлайсыз?

Мәсіхшілік бірліктің негіздері

Жергілікті қауымның бірлігі киелі кітаптық ілімге, рақым мен Рухтың өміріне негізделген. Жергілікті қауымнан тыс мәсіхшілердің ортақтығы бірдей негіздерге негізделеді, бірақ егжей-тегжейі азырақ.

Бірлік келесі жолмен білінуі мүмкін: егер адам оның құтқарылғанына куәлік етсе, оның рухани өмірі бар болса, негізгі мәсіхшілік ақиқаттарға сенсе, адам Құдаймен қарым-қатынаста және Киелі кітапқа мойынсұнып өмір сүреді деп ойлауға негіз болған кезде – мәсіхшілік қарым-қатынас болуы мүмкін және жалғасуы мүмкін.

Мәсіхшілік бірлік әр ілімнің егжей-тегжейімен келісімге тәуелді емес: барлық қауымдардың барлық өзгешеліктермен келісуі мүмкін емес; тіпті елшілердің арасында келіспеушіліктер болған (Ғалатт. хат 2:11-14).

Сенушілер топтары Киелі кітапты зерттеп, олардың түсініктерінің дұрыс екендігіне көз жеткізу үшін не нәрсеге сенетіндерін талқылайды. Олар мәсіхшілік ағымдардың кейбір басқа өкілдерінің ілімдерімен келіспейтіндерін түсінеді.

Мәсіхшілік сенімнің мәнін құрайтын кейбір негізгі ілімдер бар. Егер адам оларға сенбесе, ол Ізгі хабарды түсініп, оған сене алмайды.

Белгілі бір қауымдастық сенетін ілімдердің ұзағырақ тізімі бар, бірақ көптеген қауымдар мәсіхшілердің барлығы барлық ілімдермен келісе бермейтінін түсінеді. Ілімнің негізі Киелі кітаптан алынса да, бәрі Жазбаны бірдей түсіне бермейді.

«Егер сенің жүрегің менікі сенікімен келісетіндей, менің жүрегіммен келіссе, онда бізді құтқарушы басшыға бағынып, мені ағаннан гөрі жақынырақ досын сияқты; Мәсіхтегі бауырласын ретінде, көршін ретінде, көктегі Иерусалимнің азаматы ретінде, бір шайқаста соғысып жатқан бауырлас ретінде, нәзік сүйіспеншілікпен жақсы көр. Мені патшалық пен Исаның шыдамдылығындағы жолдас ретінде және Оның даңқының мұрагері ретінде жақсы көр».

Джон Уесли, «Бірлік Рухы»

► Негізгі ілімдерге мысалдар келтіріңіз. Қандай ілімдер негізгі ілімдерге жатпайды?

Кейбір негізгі ілімдер Құдайдың болмысына, Мәсіх пен Киелі Рухтың құдайлық сипатына, Мәсіхтің өтелуі, және сенім арқылы рақым арқылы құтқарылуға қатысты.

Негізгі ілімдерге жатпайтын кейбір ілімдер ғибадат ету түрлері мен мәсіхшілік өмірдің егжей-тегжейлеріне қатысты. Біз жасайтын барлық істерде Киелі кітапты ұстануға тырысу өте маңызды, бірақ біз шынайы мәсіхшілердің бәрі бірдей осы егжей-тегжейлерде бізбен келісе бермейтінін түсінуіміз керек.

Шынайы Қауымның Белгілері

Шынайы қауымның белгілерін ұзақ уақыт бойы рим-католик қауымы мен реформаторлар мойындады. Мәсіхшілер ғасырлар бойы шынайы қауымның белгілері – бірлік, киелілік, католиктілік және елшілік деп сенген. Бұл терминдердің әртүрлі анықтамалары болды. *Бірлік* – қауым міндетті түрде ресми тізімге енгізілмеген барлық шынайы мәсіхшілерді қамтиды; *киелілік* – қауым күнәға қарсы және одан құтқарылуға сенеді; *католиктілік* – қауым кез-келген мәдениетке сәйкес келетін түрді қабылдап, сонымен бірге негізгі шындықтарды ұстана алады; *елшілік* – қауым елшілер орнатқан алғашқы сенімді ұстанады дегенді білдірді.

Қауым бәсекелестігінің қателігі

Кейде қауымдар салыстырмалы түрде жақын орналасады және адамдар қай қауымдастыққа баруға болатынын таңдай алады, сондықтан қауым мүшелері жергілікті

тұрғындарға олардың қауымы жақсырақ екенін көрсетуге тырысады. Олар басқа қауымдармен бәсекелестікте болады, өз қауымдарын жақсы жағынан көрсетуге тырысады және қауымның сандық өсуі оның жетістігін көрсетеді деп ойлайды.

Қауымдар арасындағы бәсекелестік қауымның негізгі мәнін түсінбеуден болады. Осылайша, қауым клиенттерді тартуы керек бизнес немесе аудиторияны қажет ететін шоу ретінде қабылданады. Бұл қате түсінік.

Қауым – бұл рухани отбасы. Жақсы отбасының мүшелері бір-біріне қамқорлық жасайды. Олар отбасының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін бірге жұмыс істейді, сонымен бірге уақыт өткізеді.

Қауым – бұл негізі Құдаймен және адамдармен қарым-қатынасты құрайтын сенім отбасы. Қауым өсіп, Ізгі хабар мен қауымның өмірі арқылы отбасыға жаңа адамдар тартылуы керек. Қауым Ізгі хабардың таралуы мен қауымның өміріне назар аударуы керек, сонда ол дұрыс адамдарды – отбасының бір бөлігі болғысы келетіндерді тарта алады.

► Егер қауым аймақтағы басқа қауымдастықтармен бәсекелес болса, онда бұл бәсекелестік оған қалай әсер етуі мүмкін?

Жергілікті қауымның бірлігі

► Неліктен бірлікке жету үшін жергілікті қауымға бүкіләлемдік қауымға қарағанда көбірек ілімдер бойынша келісім қажет?

Мәсіхші өзінің барлық ілімдерімен келіспейтін басқа мәсіхшілердің куәліктерін, егер олар негізгі мәсіхшілік ілімдерді ұстанса және оларды өз өмірлерінде қолданса, қабылдай алады. Алайда, мәсіхші өзі сенетін нәрсені жеке өзі тәжірибеде қолдануы керек болғандықтан, ол барлық мәсіхшілермен бірге қызмет ете алмайды. Мысалы, егер бағушы Киелі кітап оған сенімге жаңадан келгендерді шомылдыру рәсімінен өткізу керек деп айтатынына сенсе, онда ол мұны қажет емес деп санайтын топтың бағушысы бола алмайды.

Тағы бір мысал: егер адам бөтен тілдерде сөйлеу дарыны Рухпен кеңелудің дәлелі емес деп санаса, оған бөтен тілде сөйлемейтін адамның бойында Киелі Рух болмайды деп сенетін адамдармен қызмет ету қиынға соғады. Мұндай адамдармен қарым-қатынаста мәселе туындауы мүмкін, өйткені оның куәлігін ешкім қабылдамайды; сондай-ақ бірлескен қызметте де, өйткені осы топтағы адамдар сенімге жаңадан келгендерді бөтен тілдерде сөйлеуге шақыруға тырысады.

Егер адам киелі кітаптық тұрғыдан дұрыс емес деп санайтын нәрсені жасаса, ол ар-ұжданы бойынша әрекет етпейді және Құдайдың айыптауына түседі. Өйткені ол өзінің таңдауы бойынша, Киелі кітап тыйым салады деп санайтын нәрсені жасайды.

Мәсіхші басқа ілімдерді ұстанатын сенушілерді нағыз мәсіхшілер деп санауы мүмкін, бірақ ол көптеген ілімдерде онымен келісетін мәсіхшілер тобымен қарым-қатынаста болып, сонда қызмет етуі керек. Бұл дегеніміз, жергілікті қауым бүкіләлемдік қауымның негізгі ілімдерімен қатар өздерінің ілімдерін тұжырымдап, жүйелеуі керек.

► Неліктен әр қауымның ілімдерімен келісуге тырысу қате болар еді?

Қорытынды

Мәсіхші басқа сенушілермен теңгерімді қарым-қатынаста болуы керек. Тек негізгі емес ілімдік бөлшектердегі айырмашылықтардың болуына байланысты басқалар туралы «олар шынайы мәсіхшілер емес» деп айтудың қажеті жоқ; дегенмен, мәсіхші жергілікті қауыммен жақын қарым-қатынаста және ілімдерінде ұқсастық болуы керек, бұл байланыс орнатуға және бірлесіп қызмет етуге мүмкіндік береді.

Жеті қорытынды ұстаным

1. Киелі кітапта мәсіхшілік бірліктің маңыздылығы баса айтылған.
2. Ертедегі қауым – қауымның бірлігіне сенді және бұл негізгі ілім болды.
3. Қауым барлық мәсіхшілерді бір ұйымға біріктіруге тырысып, бірлікке жете алмайды.
4. Мәсіхшілік бірлік – киелі кітаптық ілімге, рақымды бастан кешіру мен рухтың өміріне негізделген.
5. Бүкіл әлемдегі мәсіхшілер мәсіхшілік сенімнің негізгі ілімдерімен келіседі.
6. Әр түрлі қауымдардағы мәсіхшілер ілімдік егжей-тегжейлерде бірдей ойда болмайды.
7. Жергілікті қауым ілімдік ұстанымдарындағы егжей-тегжейлермен келісуі керек.

Тапсырмалар

1. 2-сабақ бойынша Жеті қорытынды ұстанымды есте сақтау керек. Студенттер жеті қорытынды ұстанымның әрқайсысына (барлығы жеті абзац) түсініктеме жазып, олардың мәні мен маңыздылығын тақырыппен таныс емес адамдарға түсіндіре алатындай етіп жеткізулері керек. Жазбаша жұмыс келесі сабаққа дейін жетекшіге тапсырылуы тиіс. Талқылау кезінде жетекші сұраса, студенттер топқа белгілі бір пункттер бойынша орындалған тапсырмалардың нұсқаларымен бөлісуге дайын болу керек. Келесі сабақтың басында студенттер есте сақтау қабілеті бойынша, жеті қорытынды ұстанымды жазу керек.
2. Бұл курс барысында, студент сабақты немесе сабақтың бір бөлігін топтан тыс адамдарға, әр түрлі материалдармен үш рет сабақ өткізуді жоспарлауы керек. Студент сабақ өткізуге материалдарды таңдай алады. Сабақты өткізген сайын студент бұл туралы жетекшіге есеп беруі керек.
3. Тапсырма: студент үш түрлі қауымның мүшелерімен сөйлесіп, оларға басқа қауымдастықтар туралы не ойлайтыны және барлық мәсіхшілер арасында қандай бірлік бар деп санайтындары туралы сұрақ қоюы керек. Үш сұхбаттың әрқайсысы бойынша шағын есеп жазыңыз.

3-сабақ

Жергілікті қауым

Жергілікті қауымның анықтамасы

► Жергілікті қауым дегеніміз не? Ол кез-келген басқа адамдар тобынан несімен ерекшеленеді?

Жергілікті қауымның бұл анықтамасын сабақта әрі қарай түсіндірілетін жеті негізгі элементке бөлуге болады.

Жергілікті қауымның бұл анықтамасын

Жергілікті қауым – бұл Ізгі хабарды тарататын, барлық тәубеге келушілерге қауымның қарым-қатынасын ұсынатын рухани отбасы және сенім қауымдастығы ретінде қызмет ететін; шомылдыру рәсімі мен нан ұзу рәсімін өткізетін; ғибадатта, қарым-қатынаста, Ізгі хабарды уағыздауда және шәкірттікте бірігетін; Киелі Рухтың дарындары арқылы Мәсіхтің денесінің жұмысын орындайтын; киелі кітаптық ілімге, рақым мен Рухтағы өмірге негізделген бірлікте Құдайдың сөзіне бағынатын сенушілер тобы.

Төменде осы анықтамаларға түсініктемелер берілген.

► Төмендегі әр сипаттаманың қауым үшін неліктен қажетті екенін талқылаңыз. Қауымда бұл сипаттамалар болмаса, қандай нәтиже болар еді?

Жергілікті қауым – бұл рухани отбасы және сенім қауымдастығы ретінде қызмет ететін сенушілер тобы...

қауым – бұл қарым-қатынасы басқа қауымдастықтарға қарағанда күштірек мәсхшілік сеніммен құрылған топ.

...Ізгі хабарды тарататын және барлық тәубеге келушілерге қауымның қарым-қатынасын ұсынатын...

қауым этникалық топтарды немесе халықтың белгілі бір топтарын өз қалауы бойынша қарым-қатынастан шығарып тастап, Ізгі хабарға адал бола алмайды. Кез-келген ұстаным бойынша жалпы біркелкілікке ұмтылудың қажеті жоқ. Сондай-ақ, қауым, егер ол Ізгі хабарға адал болса, белгілі бір күнәларды кешіруден бас тарта алмайды.

...шомылдыру рәсімі мен нан ұзу рәсімін өткізетін...

«Сенушілер тек Құдаймен жеке қарым-қатынаста бөлек емес, бірақ *бір халық ретінде бірлікте* өмір сүруге шақырылған».

Томас Оден, «*Рухтың өмірі*»

Иса қауымға осы рәсімдерді орындау туралы бұйрық берді. Шомылдыру рәсімі – тәубеге келу арқылы қауымға қосылуды білдіреді. Нан ұзу рәсімі – бізге Ізгі хабар арқылы көрсетілген рақымды бейнеледі.

...ғибадатта, қарым-қатынаста, Ізгі хабарды уағыздауда және шәкірттікте бірігетін...

бұл қауымның негізгі мақсаттары. Осы маңызды мақсаттарға жету үшін өзара ынтымақтастық қажет.

...Киелі Рухтың дарындары арқылы Мәсіхтің денесінің жұмысын орындайтын...

қауымның рухани міндеттері тек адамның қабілеттеріне негізделе алмайды.

...Құдайдың сөзіне бағынатын...

қауым Киелі кітап пен Ізгі хабарға, ілімдер мен билікке тәуелді. Егер қауым Киелі кітапқа бағынбауды таңдаса, онда ол ілімдегі беделін жоғалтады.

...киелі кітаптық ілімге, рақым мен Рухтағы өмірге негізделген бірлікте...

қауым мүшелері өздерін бір-біріне арнай алады, өйткені оларда осы үш нәрсе бар. Осы үш нәрсесіз шынайы қауымның болуы мүмкін емес.

Құдайдың қауымға салған инвестициясы

► Студенттердің біріне дауыстап Ефест. хат 3:1-10 оқуды ұсыныңыз. Пауыл өзінің қызметі туралы не айтты?

Пауыл өзінің қызметінің маңызды бөлігі қауымның мәнін түсіндіру екенін айтты және біз мұның бүгінгі күнде де маңызды екенін түсінуіміз керек. Құдай тәубеге келген басқа ұлт адамдары қауымға қосылып, Құдайдың даналығын әлемге ашады деп жоспарлады.

Қауым – ғимарат емес екенін ұмытпауымыз керек. Алғашқы мәсіхшілерде қауым ғимараттары болған жоқ; бұл Жаңа Келісімде қауым деп адамдар туралы айтылғанын білдіреді.

Ефестіктерге арналған хат қауымның Құдай жоспарында қаншалықты маңызды екенін түсіндіреді.

...Құдай бұлардың бәрін Мәсіхке бағындырып, Оны барлығынан да жоғары қойып, сенушілер қауымының Басы етті. Ал қауым – Мәсіхтің рухани денесі. Мәсіх бүкіл әлемді Өзімен толтырғаны сияқты, қауымды да толтырады (Ефест. хат 1:22-23).

«Мәсіхтің көрінетін қауымы – бұл Құдайдың таза сөзі уағыздалатын және Мәсіхтің бұйрығына сәйкес қасиетті рәсімдер дұрыс орындалатын адал адамдардың қауымдастығы...»

Методист қауымының діні туралы мақала

Бұл аятта Иса қауымның – басы және қауым – Оның денесі екендігі айтылған; сонымен қатар қауымның Құдайдың толыққандылығына ие екендігі баса айтылған.

Үлкен қаланы сумен қамтамасыз ететін өзенді елестетіп көріңіз. Миллиондаған адамдар суды пайдаланады, бірақ пайдаланылатын мөлшер өзендегі бар судан қарағанда аз. Осы өзенде қаншалықты су мөлшері бар екенін елестету қиын.¹

Бірақ Құдайдың толыққандылығы қандай? Егер Құдай Өзінің жарылқауларын, рақымы мен күшін бүкіл әлемге төгу үшін арна немесе контейнер жасаса, Құдайдың толыққандылығын қандай сыйымдылық сыйдыра алар еді? Бұл аят қауымның Құдайдың әлемге деген жарылқауларын сыйдыратын осы контейнер екенін көрсетеді.

Және Құдайдың жарылқауларын сыйдыратын қауым – ғимарат емес, мәсіхшілік қарым-қатынаста болатын адамдар тобы екенін ұмытпаңыз.

Құдайдың қауымға деген жоспары әлемнің басынан бері болған. Сонда Құдайдың қандай мақсаты болды?

Ефест. хат 3:9-11 қараңыздар.

...Құдайдың мұндағы ниеті — Өзінің жан-жақты даналығын көзге көрінбейтін дүниедегі билеушілер мен өктемдік иелеріне енді сенушілер қауымы арқылы ашып мәлім қылуы. Бұл Құдайдың Иеміз Мәсіх Иса арқылы іске асырған мәңгілік мақсатына сәйкес еді.

Жан-жақты дегеніміз - “барлық түрді” білдіру. Құдайдың әр жағдайға және өмірдің әр аспектісіне қатысты даналығы бар. Құдайдың даналығын ғалам, оның ішінде рухани әлем, Құдайдың қауымда жасаған істері арқылы көрсету керек. Адам Құдай туралы түсінікке ол қауымда көрген нәрселер арқылы ие болады. Адам қауымды көргенде, оның Иемізге табынуға деген ниеті ашылу керек. Ол қауымның қызметінде көрген Құдайдың даналығына сүйсінуі керек. Әлем мұның бәрін жексенбілік ғибадаттарда емес, қауымның күнделікті іс-әрекеттерінде және нақты өмірлік жағдайларда көреді.

► Құдайдың даналығы қандай өмірлік жағдайларда маңызды?

Құдайдың «жан-жақты» даналығы қаржылық, отбасылық мәселелерді, жұмыссыздық, баспана, нашар білім, жасөспірімдер қылмысы, тасталған балалар, денсаулық бойынша мәселелерді және адам өмірінің басқа да аспектілерін қамтиды ма? Әрине, қамтиды. Әлем Құдайдың даналығын қалай көре алады? Бұл қауым арқылы Құдайдың сенім қауымдастығының тәжірибелік өміріндегі мәселелерді шешуі арқылы көрінуі керек.

¹ Тағы бір мысал: «Карбонит» компаниясы бар, ол дербес компьютерлерде сақталатын жеке ақпараттың мұрағатын жасайды. Сіздің компьютеріңіздегі барлық деректер олармен бірдеңе болып қалған жағдайда да сақталады. Компаниядағы мыңдаған компьютерлердің ішіндегі деректерді сақтау үшін қанша сақтау орны болуы керек екенін елестетіп көріңізші!

► Студенттердің біріне дауыстап Ефест. хат 3:20-21 оқуды ұсыныңыз.

Құдай жаратқан барлық нәрсенің мақсаты – Оны мадақтау. Қауымда Құдай ерекше мадақталады, өйткені онда Ол өзінің сүйіспеншілігі мен құтқаруын көрсетеді. Бұл жерде Ол жаратқан және Оның бейнесіндегі жаратылысы өз еркімен ғибадат етіп, Оған мойынсұнады; бұл сенім отбасы Құдайдың батасын алған өмірді бейнелейтін және құтқарылған адамдар Ізгі хабар арқылы басқаларды құтқаруға қатысатын орын.

Құдай барлық жерде және қауым қазір істеп жатқан нәрсе арқылы мәңгі даңқталады. Сіздің жергілікті қауымыңыз жасап жатқан жұмыс Құдайдың даңқына мәңгілік ескерткіш орнатады.

Жергілікті қауымның жеткіліктілігі

Киелі кітапта тек бір бүкіләлемдік қауым туралы ғана емес, сонымен бірге жергілікті қауымдар туралы да айтылады. Мысалы, Елші Жохан Азияның жеті қауымдарына арнап хат жазды (Аян 1:4). Пауыл «Құдайдың барлық қауымдары» туралы айтқан (Қорынтт. 1-хат 11:16).

Жергілікті қауым біртұтас қауымның құрамына кіреді, бірақ қауым деп те атайды. Жаңа Келісімдегі көптеген хаттар белгілі бір жерлерде орналасқан қауымдарға арналған.

► Құдайдың рухани үйі деп бүкіләлемдік қауым аталған ба, әлде жергілікті қауым ба?

Пауыл Ефест. хат 2:20-21-де елшілік негізде бекітілген біртұтас қауым – Құдайдың рухани үйі екенін атап өтті. 22 аятта Ол Ефестік сенушілер Құдайдың тұратын мекені екенін, ал Қорынтт. 1-хат 3:16-да Қорынттықтардың Құдайдың киелі үйі екенін айтты. Бұдан шығатыны, бүкіләлемдік қауым – жергілікті қауым сияқты Құдайдың киелі үйі.

«Қауымның барлық ажырамас элементтері оның алғашқы төрт жақты сипаттамасында эмбриондық түрде бар [Елшіл. істері 2: 42]: елшілік ілім, қауымдастық, рәсімдер және бірлескен ғибадат».

Томас Оден, «*Рухтың өмірі*»

► Қандай қауымды – бүкіләлемдіктіні ме, әлде жергіліктіні – Мәсіхтің денесі деп атауға болады?

Пауыл біртұтас қауымды денемен салыстырды (Ефест. хат 1:23), алайда елші Қорынт қауымына: «сендер Мәсіхтің рухани денесісіңдер» деді (Қорынтт. 1-хат 12:27). Ол Қорынт қауымы рухани дененің қандай-да бір мүшесі демеді, өйткені ол қауым сол аймақтағы Мәсіхтің толыққанды денесі болған.

Құдай әр қауымдастықтың өз аймағында аяқталған қауым ретінде жұмыс істеуін және сол аймақ үшін Мәсіхтің денесі болу үшін барлық қажетті ресурстарды пайдалануын қалайды.

Пауыл қауым мүшелерін дененің мүшелерімен салыстырды: көз, аяқ, қол; қауымның жұмыс істеуі үшін олардың бір уақытта бір жерде болу керектігі анық. Пауыл Қорынт

қауымы дененің бір мүшесі ғана, ал басқа мүшелер бүкіл әлем бойынша таралған деп айтқан жоқ: Қорынт қауымы бұл аймақ үшін Мәсіхтің толыққанды және толық денесі болды.

Пауыл Қорынттықтарға «бүкіл қауым бір жерде жиналған кезде» белгілі бір әрекеттерді орындау керектігі туралы жазды. Ол бүкіләлемдік қауым туралы емес, жергілікті қауым туралы айтқаны анық. Жергілікті қауымдастық қауым сияқты жұмыс істеген кезде ерекше күшке (билікке) ие болады.

Құдай жергілікті қауымға қызмет ету үшін қажетті рухани дарындар береді; қауым мүшелері оларды қауымдастықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бірге жұмыс істей отырып, пайдаланады.

Жергілікті қауымдастық Мәсіхтің денесі, Құдайдың киелі үйі және қауым болып табылғандықтан, бұл оның белгілі бір жерде қауым болуы үшін жеткілікті.

Жергілікті қауымның жеткіліктілігі деген – Мәсіхтің денесі дәл осы жерде қызмет ету үшін барлық қажетті дарындар мен ресурстарға ие екенін білдіреді. Жергілікті қауымдастық қосымша көмек көздері болмаса да, қауым ретінде тиімді жұмыс істей алады. Жетекшілер қауымға қызметтің аяны мен мақсаттарын дамытуға көмектеседі, ал қауымдастық өзін қаржылай қамтамасыз ету және қауым мүшелеріне қамқорлық жасау үшін бірге жұмыс істейді.

Қауымның қажеттілігі

Жаңадан сенімге келгендерді қауымдық өмірге ортақтастырмай, сақтап қалу қиын. Жергілікті қауымда қалыптасу болмаған жағдайда сенушіге сапалы тәлім беру және оны бағыттау мүмкін емес; жергілікті қауымда жинайтын тәжірибесіз адамды қызметке дайындау да мүмкін емес.

Егер қауым болмаса, Ізгі хабардың нәтижесін көру мүмкін емес. Оның нәтижесі – қауым ғимараты емес, өмірін Құдаймен қарым-қатынаста көрсететін сенім отбасы. Егер қауым болмаса, әлем мәсіхші болу дегеннің не екенін көре алмайды; біз қауым жоқ жерлерде тиімді уағыз айта алмаймыз.

Жеті қорытынды ұстаным

1. Тәубеге келген адамды этникалық, әлеуметтік қатыстылығына немесе өткен күнәларына байланысты қауымнан шығаруға болмайды.
2. Қауымның мақсаттарына Рухтың қауымды пайдалана отырып, жұмыс істеуі арқылы жетуге болады.
3. Қауымның бірлігі киелі кітаптық ілімге, рақым мен Рухтағы өмірге негізделген.
4. Құдайдың қауымда істейтін істері арқылы әлемге Құдайдың даналығы көрінеді.
5. Жергілікті қауымның жеткіліктілігі – жергілікті қауымдастықтың денесінің орналасқан жерінде қызмет етуі үшін барлық қажетті дарындары мен ресурстары бар дегенді білдіреді.
6. Қауым сенімге жаңадан келгендерді сақтау, сенушілерге тәлім беру және оларды қызметке дайындау үшін қажет.
7. Қауым жоқ жерде Ізгі хабарды тиімді уағыздау мүмкін емес.

Тапсырмалар

1. 3-сабақ бойынша Жеті қорытынды ұстанымды есте сақтау керек. Студенттер жеті қорытынды ұстанымның әрқайсысына (барлығы жеті абзац) түсініктеме жазып, олардың мәні мен маңыздылығын тақырыппен таныс емес адамдарға түсіндіре алатындай етіп жеткізулері керек. Жазбаша жұмыс келесі сабаққа дейін жетекшіге тапсырылуы тиіс. Талқылау кезінде жетекші сұраса, студенттер топқа белгілі бір пункттер бойынша орындалған тапсырмалардың нұсқаларымен бөлісуге дайын болу керек. Келесі сабақтың басында студенттер есте сақтау қабілеті бойынша, жеті қорытынды ұстанымды жазу керек.
2. Бұл курс барысында, студент сабақты немесе сабақтың бір бөлігін топтан тыс адамдарға, әр түрлі материалдармен үш рет сабақ өткізуді жоспарлауы керек. Студент сабақ өткізуге материалдарды таңдай алады. Сабақты өткізген сайын студент бұл туралы жетекшіге есеп беруі керек.
3. Жазбаша тапсырма: Ефест. хат 5:25-32 қарап шығыңыз. Мәсіх пен қауымның қарым-қатынасы туралы бірнеше сөйлем жазыңыздар.

4-сабақ

Қауым бірлестіктері

Кіріспе

Жетекшіге ескерту: Материал осы сабаққа дайындалу үшін қажет. Бұл сабақта қауымдар мен олардың бірлестіктері арасындағы қатынастар қарастырылады. Егер студенттер бірлестіктердің (конфессиялардың) құрамына кіретін қауымдардың құрамында болса, танысу үшін жетекші олардан бірлестік мүшелеріне қойылатын талаптардың көшірмесін сұрауы керек.

Қауым бірлестіктерінің анықтамасы

► Сіздің қауым кіретін қауым бірлестігі қалай аталады?

Сенушілер басқа жергілікті қауымдардан келген мәсіхшілермен кездескенде, олардың басында неге олардың сенім негіздері мен тәжірибелерінде айырмашылықтар бар деген сұрақ туындайды. Олар қауымдар арасында ілімдік айырмашылықтардың бар екенін және ғибадат ету стильдері де әртүрлі екенін байқайды.

Қауымдастық мүшесі өзінің қауымынан тыс діни бірегейлікті іздеуі мүмкін. Ол өз қауымдастығын бірдей ілімдерге сенетін, сонымен бірге бір-бірімен ынтымақтастықта болып, қарым-қатынас жасайтын қауымдар одағының бір бөлігі ретінде көргісі келуі мүмкін. Ол өзінің қауымдастығының осындай сенім мен тәжірибелерді ұстанатын әлемдегі жалғыз қауым емес екенін түсінгісі келуі мүмкін.

► Бір немесе бірнеше студенттен өзара ұқсас қауымдар арасындағы қарым-қатынастың қандай пайдасы бар екені туралы ойларымен бөлісулерін сұраңыз.

Бірінші сабақта біз келесі мәлімдемені зерттедік:

«Қауымдағы ілімдік тұрақтылықты сақтау үшін үш аспект болуы керек:

1. Киелі кітаптың абсолюттік билікке ие екеніне сену.
2. Іргелі ілімдер алғашқы қауым сенімдеріне негізделген.
3. Қарым-қатынас шынайы теологиясы бар қауымдар арасында жүзеге асырылады».

Бұл сабақта ілімдік тұрақтылықтың үшінші аспектісін қарастырамыз.

Қауым бірлестігінің анықтамасы:

Қауым бірлестігі дегеніміз – ортақ сенімге ие, ортақ мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған және ортақ қарым-қатынастың қандай да бір түрін қолдайтын орталық басшылығы бар қауымдар тобы.

Бірлестіктердің әлсіз және күшті түрлері

Бірлестікті оны ұстап тұрған элементтердің күші негізінде әлсіз немесе күшті деп атауға болады.

Әлсіз бірлестіктерде орталық басшылықтың жергілікті қауымда жоғары беделі жоқ; жалпы сенім негіздерінің тізімі қарапайым және өте қысқа болуы мүмкін, ал ортақ мақсаттар қауымдастықтың белсенді қатысуын қажет етпеуі мүмкін; бірлестіктің мүшелері, қауым өкілдерінің кездесулері өте сирек өтеді. Мұндай бірлестіктерде әр қауымдастық өзінің қауым меншігінің иесі болып табылады және кез-келген уақытта бірлестіктен шығу туралы шешім қабылдай алады. Кейбір қауымдар, егер бірлестік енді олардың қажеттіліктерін қанағаттандырмайды деп ойласа, одан тез шыға салады.

Әлсіз бірлестік мүшелері әдетте жергілікті қауымның дербестігін ерекше атап өтеді. Олар бірлестіктің жергілікті қауымдастықты басқарғанын қаламайды, сондықтан оның билігін жайлап шектейді. Бірлестікті «әлсіз» деп атау оның мақсатты орындамайтынын білдірмейді. Мұндай бірлестіктің мүшелері орталық биліктің әлсіз болғанын және биліктің жергілікті қауымдарға берілуін қалайды.

► Әлсіз қауымдастықтардың жағымды және жағымсыз жақтары қандай деп ойлайсыз?

Күшті бірлестіктерде жергілікті қауымдардың басшыларын басқаратын жетекшілер нақты күшке ие; ортақ сенім негіздерінің тізімі көптеген аспектілерді қамтиды. Қауымдар ортақ мақсаттарға атсалысып, бір-бірімен жиі қарым-қатынаста болады. Қауым меншігі бірлестікке тиесілі болуы мүмкін, сондықтан қауым бірлестіктен шыға алмайды.

Күшті бірлестіктердің мүшелері мәселелерді орталық жетекшілердің көмегімен шешуге ұмтылады және бірлестікке жергілікті қауыммен бірдей деңгейде бағышталуға баса назар аударады.

Әртүрлі қауым бірлестіктері бар. Қауым бірлестігі күшті немесе әлсіз бірлестіктің барлық белгілеріне ие болуы мүмкін, бірақ белгілі бір сипаттамалардың болуына

байланысты әлсіз немесе күшті деп жіктеледі. Күшті бірлестіктер көбінесе «деноминациялар» деп аталады.

«Қауымға рәсімдер мен қасиетті рәсімдерді орнатуға, сондай-ақ сенімдегі қарама-қайшылықтарды шешуге билік берілген, бірақ оның Құдай Сөзіне қайшы келетін нәрсені рухани етуге құқығы жоқ...»

Англия қауымының діні туралы мақалалар

- ▶ «Күшті» бірлестіктердің қандай жағымды және жағымсыз жақтары бар деп ойлайсыз?
- ▶ Сіз қандай қауым бірлестіктерін білесіз? Сіз оларды қалай сипаттайсыз?

Деноминацияның жауапкершілігі

Күшті бірлестікті деноминация деп атауға болады. Бұл оның күшті деноминацияның барлық сипаттамаларына ие болатынын білдірмейді, бірақ ол әлсіз дегенге қарағанда күшті деген сипаттамаға көбірек сәйкес келеді.

Ықпалды, беделді деноминация жергілікті қауымдарға қызмет ету үшін болып табылады. Олардың көпшілігі жалғыз жасай алмайтын тапсырмаларды бірге орындауға көмектеседі.

- 1. Ол басқа қауымдардан айырмашылығымен даралық сезімін қамтамасыз етеді.** Жергілікті қауымның мүшелері сол жердегі басқа қауымдардан ерекшеленетінін біледі; ортақ ілімдерді ұстанатын қауымдар тобының құрамына кіретіндіктері оларды жігерлендіреді.
- 2. Ол ілімдерді бекітеді.** Жергілікті қауым ешкімді тыңдамай, өз ілімдерін өзгертуге немесе дамытуға еркін болмауы тиіс. Деноминациялар мәсіхшіліктің тарихи негізгі ілімдерін ұстануы керек, сонымен бірге оның егжей-тегжейлі ілімдері киелі кітапқа сәйкес болуы керек.
- 3. Ол бағушылар мен қауым мүшелеріне қойылатын талаптарды белгілейді.** Деноминация бағушылар мен қауым мүшелері мәсіхшілік өмірдің үлгісі бола алатын стандарттарды белгілеуі керек. Талаптардың негізі – Тимотеге 1-хат 3-тарау және Титке хат 1-тарау берілген сипаттамалар, бірақ олар әр заманауи мәдениетке қатысты талқылануы керек.
- 4. Ол қауымды басқару жүйесін қамтамасыз етеді.** Деноминация жауапкершілікті сақтау және жергілікті қауымды адамдарды лауазымға тағайындау жүйесімен қамтамасыз етуі тиіс.
- 5. Ол бағушыларды оқыту үшін жағдай жасайды.** Қауымдардың көпшілігінде болашақ бағушыларды дайындауға ресурстар мен материалдар жоқ; деноминация қол жетімді және тәжірибеге бағдарланған оқыту бағдарламасын құруы тиіс.
- 6. Ол қауымға бағушыларды табуға көмектеседі.** Қауымы жоқ бағушылар мен бағушылары жоқ қауымдар деноминацияның жетекшілерінен көмек ала алады. Жақсы жетекші жергілікті қауымның адал жетекшілерінің шешімдерін құрметтейді.
- 7. Ол жергілікті қауымдарға дағдарыстық жағдайларда жетекшілікті қамтамасыз етеді.** Егер жергілікті қауымда қандай да бір мәселелер бойынша

бөлініс болса немесе қауымдастықта сенімді жетекшілер болмаса, онда деноминация жетекшілері көмекке келеді.

8. Ол жаңа қауымдарды орнатудағы қауымдар мен миссияларды басқарады және қолдайды. Қауымдар тобының жалпы миссионерлік аян-мақсаты болуы керек. Олар ресурстарын біріктіріп, миссионерлік мақсаттарға жетуде адамдарға қолдау көрсетеді.

«Әлемге Ізгі хабарды
уағыздау – барлық
мәсіхшілердің міндеті, бірақ
бұл миссияны орындау үшін
қауым қажет, өйткені басқа
бірде-бір ұйым бұл мақсатқа
қол жеткізе алмайды».

Джон Миллей,
«Жүйелі теология»

9. Бұл жергілікті қауымнан гөрі кеңірек деңгейде қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Қауым мүшелері деноминациядағы басқа қауымдардың мүшелерімен уақыт өткізуге шақырылады.

10. Ол жалпы іс-шараларды ұйымдастырады және қауымдарды бірге жинайды. Деноминация қауымдардың қарым-қатынаста болуына және ортақ мақсаттар қоюына көмектесетін конвенциялар мен конференцияларды ұйымдастыруы керек.

11. Ол кеңес беру және жігерлендіру үшін деноминацияның құрамындағы қауымдарға жетекшілерді жібереді. Бірлестіктің жетекшілерінің бірі қауымдарға жылына кемінде бір рет баруы керек.

12. Ол жергілікті қауымның қызметіне қаржылық қолдауды қалай дамыту керектігі туралы кеңес береді. Бірлестік жергілікті қауымның әлеуетін дамытуға және оны қаржылық жетілуге бағыттауға көмектесуі керек.

Егер деноминация осы мақсаттарға дұрыс қызмет етсе, бұл қауымдардың өз мақсаттарына жету үшін құнды көмек бола алады. Жергілікті қауымдардың көпшілігі өздеріне жүктелген міндеттерге жалғыз қол жеткізе алмайды; деноминация жетекшілері жергілікті қауымдарға қызмет ету – олардың басты міндеті екенін есте ұстауы керек.

► Бірлестіктің оған кіретін қауымдарға көмектесу мүмкіндігін қарастырғаннан кейін, келесі сұрақты түсінуге тырысайық: егер әлсіз қауым бірлестігінің мәселелерін ескермесе, оның қандай артықшылықтары бар?

► Егер қауым әлсіз жақтарын ескермесе, мықты қауым бірлестігінің артықшылықтарын қалай пайдалана алады?

Жергілікті қауымның деноминацияға бағышталуы

Бұл тізім барлығына бірдей болмайды, бірақ онда әдетте деноминация өз қауымдарынан нені талап ететіні жалпы сипатталады.

Жергілікті қауым келесідей бағышталады:

1. Деноминацияның ілімдік ұстанымдарын қабылдау, ілімдерді үйрету және қарама-қайшы ілімдердің қауымда таралуына жол бермеу.
2. Қауым мүшелеріне дұрыс мәсіхшілік өмір сүруді үйрету және оны талап ету.
3. Конвенциялар мен басқа да шараларға қатысу және мүмкіндігінше қаржылай қолдау.
4. Қауым қызметіне қатысу, тәубеге келгендер саны, қызметкерлер мен кірістер туралы нақты жылдық есепті ұсыну.
5. Басқа қауымдастықтармен және деноминация жетекшілерімен бірлікті сақтау; түсініспеушіліктерді киелі кітаптық жолмен шешу.
6. Дәл осындай бағышталуды талап ететін басқа ұйымға кірмеу.

Егер бірлестікке кіретін қауымның студенттері болса, онда бірлестіктегі қауымдарға қойылатын талаптарды қарастыруға бірнеше минут бөліңіз.

► Сіздің бірлестіктеріңіз халықаралық миссионерлік ұйымның негізінде құрылды ма? Солай болса, қауымдар мен миссионерлік ұйым арасындағы қатынасты сипаттаңыз.

Миссия мен оның қауым бірлестігі арасындағы қарым-қатынасы

Кейде қауымдар халықаралық миссионерлік ұйыммен қарым-қатынаста болады. Миссия қауымдарды ұйымдастыра алады немесе бұрыннан бар қауымдар миссиямен ынтымақтаса алады. Миссиямен байланысты қауымдар бірлестік құрады.

Басында шетелдік миссионерлер елде тұрып, бірлестіктің жетекшісі бола алады. Уақыт өте келе бірлестіктің басшылығы жергілікті бағушыларға ауысады. Миссияның мақсаттарының бірі – шетелдік миссионерлер қауым бірлестігін тікелей басқармауы үшін – жергілікті жетекшілерді дамыту болуы керек.

Бірлестіктің жергілікті жетекшілері пайда болған кезде ұйымның үш деңгейі болады: миссия жетекшілері, бірлестік жетекшілері және жергілікті қауымның бағушылары. Бірлестік жетекшілері тікелей жергілікті қауымдардың жетекшілерімен жұмыс істейді, ал миссия басшылары негізінен бірлестік жетекшілерімен жұмыс істейді.

Кейбір миссиялар қауымдардың күшті бірлестігін құратын ықпалды орталық басшылықты қамтамасыз етеді; ал басқалары әлсіз бірлестікке билік орнатпай-ақ, оған белгілі бір көмек көрсетеді.

Егер үш деңгей арасындағы қарым-қатынаста оларды құруға нақты басшылық болмаса, көптеген болжамдар мен түсініспеушіліктер орын алады. Кейде қауымдағы адамдар бірлестік жетекшілеріне жүгінудің орнына, қажеттіліктерін шешу үшін миссияның жетекшілерімен байланысады, өйткені олар миссияның ресурстары көбірек деп

санайды. Миссия жетекшілері кейде бірлестіктің жетекшілерімен сөйлеспей, тікелей қауымдармен жұмыс істейді. Бұл бірлестік жетекшілерін шатастырады, өйткені бұл жағдайда олардың рөлі айқын болмайды.

Алдыңғы бөлімде біз деноминацияның жауапкершілік түрлерін қарастырдық. Миссия құрған қауымда бірлестік жетекшілері мен миссия басшылары бір-бірімен бірге қызмет ету арқылы өз міндеттерін орындайды. Уақыт өте келе бірлестік жетекшілері көбірек жауапкершілікті өз мойындарына алулары керек. Жетілген бірлестіктің мінсіз жағдайының көрсеткіші – бұл оның миссияның көмегінсіз сәтті жұмыс істеуі.

Жеті қорытынды ұстаным

1. Қауым бірлестігі жергілікті қауымдастықтың тұрақты болуына көмектеседі.
2. Бірлестік орталық басшылықтың қаншалықты күшті екеніне байланысты әлсіз немесе күшті болуы мүмкін.
3. «Әлсіз» бірлестіктің мүшелері жергілікті қауымдардың дербестігін ерекше атап өтеді.
4. «Күшті» бірлестіктің мүшелері жергілікті қауымға бағышталумен қатар, бірлестікке бағышталуға баса назар аударады.
5. Қауым қатты бағышталуды қажет ететін бірлестікте бола отырып, басқа бір деноминацияның құрамында бола алмайды.
6. Деноминация қауымдарға бірге қызмет ету арқылы мақсаттарына жетуге көмектесу үшін бар.
7. Халықаралық миссия біртіндеп жауапкершілікті бірлестік жетекшілеріне беруі керек.

Тапсырмалар

1. 4-сабақ бойынша Жеті қорытынды ұстанымды есте сақтау керек. Студенттер жеті қорытынды ұстанымның әрқайсысына (барлығы жеті абзац) түсініктеме жазып, олардың мәні мен маңыздылығын тақырыппен таныс емес адамдарға түсіндіре алатындай етіп жеткізулері керек. Жазбаша жұмыс келесі сабаққа дейін жетекшіге тапсырылуы тиіс. Талқылау кезінде жетекші сұраса, студенттер топқа белгілі бір пункттер бойынша орындалған тапсырмалардың нұсқаларымен бөлісуге дайын болу керек. Келесі сабақтың басында студенттер есте сақтау қабілеті бойынша, жеті қорытынды ұстанымды жазу керек.
2. Студент сабақты немесе сабақтың бір бөлігін топтан тыс адамдарға өткізуді жоспарлауы керек. Сабақты өткізген сайын студент бұл туралы жетекшіге есеп беруі керек.
3. Тест: келесі сабақтың басында студенттер есте сақтау қабілеті бойынша, кем дегенде, деноминациялық жауапкершіліктің 10 түрін және жергілікті қауымның бірлестікке бағышталуының 5 белгісін жазуы керек.

5-сабақ

Қауымдағы мүшелік

Кіріспе

► Адам қауымсыз мәсіхші бола ала ма?

Адамдардың қауымға баруының көптеген себептері бар. Қызметке бір нәрсені үйрену; Құдайдың болуын, сондай-ақ қабылдау мен достықты сезіну; өмірлік шайқастарда дұрыс әрекеттерді жасауға жігер алу; өзгеру; Құдайға басқалармен бірге ғибадат ету, Иемізге бағышталу, қауымға қызмет бойынша көмектесу, Құдайдың істеп жатқандарының куәсі болу үшін баруға болады.

«Алғашқы сенушілер қауымды жақсы көрді, өйткені олар Исаны жақсы көрді».

Лари Смит, *«Мен сенемін: мәсіхшілік сенімнің негіздері»*

Егер адам қызметке бармаса және жоғарыда айтылғандардың бәрі қауымға бару үшін жеткілікті себеп болмаса, онда бұл үлкен мәселе. Қауымға бару адамды мәсіхші етпейді; алайда, егер адам қауымға бармаса, бәлкім ол мәсіхші емес болуы мүмкін.

► Неліктен қауым мүшесі болу маңызды? Жай ғана қауымға барып, мәсіхші болу жеткіліксіз бе?

Қауымдағы мүшелік – бұл Құдайдың жоспарына бағышталу

Алдыңғы сабақтардың бірінде біз Пауылдың қызметіндегі ең басты нәрсе – қауымның рөлін түсіндіру болғанын көрдік. Елші оның маңыздылығы туралы және ол Құдайдың бүкіл әлемді құтқару жоспарын жүзеге асыру үшін қолданатын құралы екенін айтты.

Елші Пауылдың міндеті

Құдайдың әуел бастан Өзінде құпия сақтап келген жоспарының қалай іске асырғанын жұртқа ашып беру болды. Өзінің жан-жақты даналығын көзге көрінбейтін дүниедегі билеушілер мен өктемдік иелеріне енді сенушілер қауымы арқылы ашып мәлім қылуы (Ефест. хат 3:9-10).

«Құпия» – Құдайдың кемелділігі мен Оның қауымдағы даналығын көрсететін Құдайдың жоспары. Қауым – бұл Құдайдың үндеуіне жауап беріп, Оған өзін арнаған адамдар қауымдастығы. Егер адам қауымға бағышталмаса, ол Құдайдың жоспарына бағышталмаған.

► Егер адамдар қауымға мүше болғылары келмесе, бұған қандай себептер келтіреді?

Құдайдың шынайы үйі

Құдай әрбір сенушіде, сонымен бірге қауымда (бағышталған сенушілер тобында) өмір сүреді. Келесі аяттарға назар аударыңыз, онда Құдайдың қайда мекендейтіні жайлы айтылады:

...Иса Мәсіхтің арқасында «Құдайдың тұратын мекені» ретінде бірге қаланасындар. Құдай оны Өзінің Киелі Рухы арқылы мекендейді (Ефест. хат 2:21-22).

Құдай қауымда мекендейді. Қауым – бұл сенушілер тобы: Құдай Киелі Рухпен өмір сүретін үй². Құдайдың қауымда болуы біз жасай алатын нәрселерден тыс мақсаттарды көздейді. Егер адам өзін қауымға арнаудан бас тартса, ол Құдайдың жоспарының бөлігі болу мүмкіндігінен бас тартады.

Құдайдың отбасы

Адам күнәһар екенін мойындап, содан кейін Құдайдың сүйіспеншілігін, рақымын және қабылдауын сезінгенде, жаңадан рухани туылады. Ол тәубеге келіп, Мәсіхке сенгенде, Құдайдың ұлы/қызы болады. Бұл адам өміріндегі ең маңызды рөл.

Сенуші сонымен бірге Құдайдың отбасы мүшелері ретінде рухани тұлғаға ие (Ефест. хат 2:19). Барлық басқа сенушілер – оның рухани бауырлары мен әпкелері және ол өз жолында кездесетін кез-келген шынайы мәсіхшімен туыстық қарым-қатынасты сезінеді.

Қауым – Құдайдың бүкіләлемдік отбасы және Құдайдың жергілікті отбасы ретінде де қызмет ететін жергілікті қауымдастық. Егер рухани бауырында қажеттілік болса, онда жергілікті рухани отбасы оған көмектеседі. Мәсіхші рухани отбасынан көмек күте алады, сол сияқты ол оған бағышталып, басқаларға көмектесуге дайын болуы керек. Егер өз уақыттары мен ресурстарын осыған арнаған сенушілер болмаса, отбасының көмегіне сенім арту мүмкін болмас еді.

Кейбір адамдар көмек сұрайды, бірақ өздері басқаларға көмектесуге дайын емес. Олар отбасына бағышталу дегеннің не екенін түсінбейді.

Басқа адамдар өздеріне өздері қамқорлық жасайды және басқалардан да соны күтеді. Олар басқаларға деген өздерінің жауапкершілігін түсінбейді.

► Сіз адамға Құдайдың отбасына өзін бағыштау керектігін қалай түсіндірер едіңіз?

² Қорынтт. 1-хат 6:19-да сенушінің денесі Киелі Рухтың киелі үйі деп аталады; сондықтан әрбір мәсіхші Құдай тұратын үй деп ойлау қателік емес. Сол хаттың басқа жерінде жергілікті қауымның денесі Құдайдың ұжымдық киелі үйі деп аталады (3:16-17).

Жекешіліктің қателігі

Құдайдың ақиқатына сену және Иемізге мойынсұну – бұл әр адам өзі қабылдауы керек шешімдер. Құдайдың адаммен қарым-қатынасы адам тәубеге келіп, Мәсіхке сенім артқанда басталады. Сенушінің Исамен қарым-қатынасы ешкімге тәуелді емес. Әрбір мәсіхшінің бойында оны Құдай Сөзін түсінуге бағыттайтын Киелі Рух бар.

Алайда көптеген сенушілер тым тәуелсіз болып кетті. Олардың жеке түсініктері түпкілікті билікке айналды. Олар Жазбаны тек өз түсініктеріне сай талқылау дұрыс деп сенеді және олар жеке дарындарын Мәсіхтің денесінде қалай қолдануға болатынын емес, жеке өмірлерінде өздерінің дарындарын асқақтатын мақсат іздейді. Олар маңызды шешімдерді қауымның даналығына емес, өз пікірлеріне, жеке сезімдері мен тілектеріне негіздеп қабылдайды.

Көптеген адамдар қауымның мақсатын түсіндіре алмайды. Олар оның құндылығын тек адамдардың белгілі бір қажеттіліктерін қамтамасыз етуден көреді және өздерін отбасының бір мүшесі ретінде оған арнамайды. Олар ешқандай рухани билікке бағынбайды және қандай да бір мәселе туындаған жағдайда дереу қауымдастықтан кетіп, жаңасын іздейді. Мұндай мәселе барлық жерде бар, бірақ кейбір мәдениеттерде тәуелсіздікке бейімділік көбірек көрінеді, өйткені онда жеке бостандыққа табыну дәріптеледі.

Көптеген қауымдар «адамдар рухани тәуелсіз» деп шешкен. Уағыздарда олар адамның ең жақсы нәтижеге жетуі үшін тәуелсіз шешім қабылдауына нұсқау береді. Кейбір қауымдастықтарда қауым бағдарламаларын жүзеге асыратын жетекшілер тобы бар, ал қалғандары тек көрермендер тобын құрайды; басқа қауымдар бағушының меншігі болып табылады және ол адамдарды ұстап тұруға және қаржылық қолдауды жинауға тырысады.

Жаңа Келісім бойынша қауымның суреті – бұл қауымның міндеттерін өз қауымының мүшелері арасында бөлетін жергілікті қауымдастық. Егер бірге қызмет ететін адамдардың қауымдастығы болмаса, қауымның өз міндеттерін орындауы мүмкін емес. Жаңа Келісімнің көптеген хаттары жеке адамдарға емес, қауымдарға жазылған, сондықтан оларды сондай түрде талқылап, қабылдау керек.

Жаңа Келісімде жазылған жергілікті қауымның кейбір мақсаттары

► Әр аспектіні қарастырған кезде, қауымнан тыс тек бір адамға қарағанда бұл жұмысты не үшін және қалай қауым жақсы атқаратынын қарастырыңыз.

1. Ізгі хабарды уағыздау (Матай 28:18-20).
2. Бірге ғибадат ету (Қорынтт. 1-хат 3:16).
3. Ілімді ұстану (Тимотеге 1-хат 3:15, Яһуда 3).
4. Бағушыны қаржылық қолдау (Тимотеге 1-хат 5:17-18).

5. Миссионерлерді қолдау (Елшіл. істері 13:2-4, Римд. хат 15:24).
6. Қауымның мұқтаж мүшелеріне көмектесу (Тімотеге 1-хат 5:3).
7. Күнәға батқан қауым мүшелерін тәрбиелеу (Қорынтт. 1-хат 5:9-13).
8. Шомылдыру рәсімі мен Нан үзу рәсімін өткізу (Матай 28:19, Қорынтт. 1-хат 11:23-26).
9. Сенушілерді оқыту және оларды жетілуге бағыттау (Ефест. хат 4:12-13).

Жоғарыда аталған тармақтардың көпшілігін жалғыз жүзеге асыру мүмкін емес. Олардың орындалуы сенушілер тобы мен жетекшілік құрылымның ынтымақтастығына байланысты.

Құдай әр мәсіхшіні өзін жергілікті қауымға арнауға және оның әлемдегі миссиясын орындауға көмектесуге шақырады. Егер қауымдастық мүшесі қызметпен айналыспаса, онда ол Мәсіхтің денесінің мүшесі ретінде өз міндетін орындамайды.

Құдайдың жергілікті қауым денесі үшін жоспары бар. Иеміз қажеттінің бәрін береді және бізден бағышталуды күтеді.

«Әрбір мәсіхшінің міндеті – Мәсікке деген сенімін ашық мойындау ғана емес, сонымен бірге Мәсіхтің денесімен, өз аймағындағы сенушілермен қарым-қатынаста болу және қауым мүшесінің жауапкершілігін қабылдау».

Вилей және Калбертсон,
«Мәсіхшілік теологияға кіріспе»

Қауымды денемен салыстыру

► Студенттердің біріне дауыстап Қорынтт. 1-хат 12:12-27 оқуды ұсыныңыз.

Пауыл қауым мүшелері физикалық дене мүшелері сияқты бірлесіп жұмыс істеуі керек деді. Дененің бір мүшесі басқаларынан тәуелсіз бола алмайды, сондықтан басқаларсыз көп нәрсеге қол жеткізе алмайды.

Мәсіхші өзінің қабілеттері қауымның денесінде ғана шынайы құндылыққа ие болатындығын түсінуі керек. Көз немесе құлақ денеде болмаса пайдасыз болатыны сияқты, егер адам қауымның бағышталған мүшесі болмаса, оның Құдайдың маңызды мақсатын орындауы екіталай.

Қауым мүшелігіне қабылдау процесі

► Студенттердің біріне дауыстап Елшіл. істері 2:46-47 оқуды ұсыныңыз.

Иеміз адамдарды күн сайын қауымға қосты. Ертедегі қауым кезінде қауымға қосылу қиын процесс болған жоқ. Тәубеге келу куәлігі мен сенім – мүшелікке қосылуға негіз болды. Қауымға ресми түрде мүше болу немесе қауымдастық мүшелері үшін ережелер

тізімімен танысу процестері болмаса да, кімнің қауымның мүшесі екенін және кімнің қауымның мүшесі емес екенін оңай көруге болатын.

Көбінесе қауым ресми мүшеліксіз басталады. Басында ол қызметкерлер тобынан тұрады; содан кейін Ізгі хабарды қабылдаған жергілікті адамдар қызметке қосылып, қызмет ете бастайды. Топ жиі-жиі өмірлік сұрақтарды, рухани аспектілерді, болашаққа деген аян-мақсатты және қауым өмірінің практикалық сәттерін талқылау үшін кездеседі. Қауымдастық мүшелерінің тізімі болмайды, бірақ қауымға кімнің бағышталғанын бәрі біледі.

Қауымдастық өскен сайын мүшелік мәселелері туындайды. Көптеген адамдар қауымға келіп, іс-шараларға қатысады. Бірақ олардың қайсысы шынымен қауым мүшесі екенін қалай білуге болады? Қауым өз жерінде куәлік етуі керек. Егер айналасында тұратын адамдар кімнің қауым мүшесі екенін білмесе, ол қалай куәлік ете алады? Біз қауымға Мәсіхтің денесінің мүшесіндегі адамдарға көмектесуді үйретеміз. Бірақ кімнің қауым мүшесі екенін білмесе, қалай көмек көрсетуге болады? Егер адам ескертулерге құлақ аспай, ашық түрде күнә жасауды жалғастырып өмір сүрсе, оны шынайы өмірге бағышталғандар сенушілер тобынан қалай ажыратуға болады?

Көптеген қазіргі заманғы қауымдарда қауымдастық мүшелеріне қойылатын талаптардың егжей-тегжейлі тізімі, сондай-ақ бекітілген ілімдер мен күнделікті өмір ережелері бар; сынақ мерзімі де болуы мүмкін. Мұндай қауым мүшелігіне тәубеге келген адамдардың қосылуы оңай емес.

Жаңадан сенімге келген адамды қауымның қарым-қатынасына дереу қабылдау керек. Ол бір-біріне бағышталған сенушілер тобының мүшесі болуы керек. Құтқарылуға қол жеткізе отырып, сенімге келген адам сенбеуші достарынан айырылады, сондықтан оған мәсіхшілік қарым-қатынас өте қажет.

Сондай-ақ, жаңадан сенімге келген адам сенушілермен қарым-қатынаста алатын шәкірттілікке мұқтаж; онымен уақыт өткізетін адамдардың құндылықтары оны мәсіхші ретінде қалыптастырады.

Егер жаңадан сенімге келген адам әлі түсіне алмайтын талаптарға байланысты қауымға кіре алмаса ше? Егер оны қауым мүшесі ретінде қабылдаса, ол өзін қауым оны қабылдағысы келмейтіндей сезінеді. Оған бірден қандай да бір мүшелікке кіру қажет. Ертедегі қауым жаңадан сенімге келгендердің мүшелікте болу мәселелерін тез шешіп отырған.

Егер жаңадан сенімге келген мәсіхшілер тез арада қауым мүшесі болса, онда қауымда рухани жетілмеген адамдар болады. Жаңадан сенімге келгендер қауымның барлық ілімдерінің маңыздылығын түсінбейді; бұған қоса, олар әлі жетілген мәсіхшілік өмір салтын дамытпаған, сондықтан оларға қауымның шешімдеріне қатысуға рұқсат беруге болмайды. Қауым мүшелерінің арасында жетілмеген мәсіхшілер болғандықтан, қауым

мүшелері қауым қай бағытта жүруі керек деген сияқты маңызды шешімдерге қатыспауы керек.

Қауым мүшелерінің арасында басқарушы денені құрайтын адамдар болуы керек; ол қауым үйрететін ілімдерді өмірінде қолданатын жетілген мәсіхшілерден тұруы керек. Бұл қауым үшін шешім қабылдайтын топ. Бұл топқа мүшелікке кіру үшін, жалпы мүшелікке қарағанда жоғары талаптар қойылуы керек. Бұл топтағы адамдар оқытушы және қауым жетекшісі бола алады. Басқарушы дене қауымның өз ілімі мен мақсатына адал болып қалуын қадағалайды.

Жалпы мүшелік өздерін қауымға арнаған шынайы сенімге келгендерді қабылдауды қарастырады. Жалпы мүшелікке қойылатын талаптар – бұл мәсіхшіліктің негіздерін білу және белгілі бір қауымға бағышталу. Егер шынайы түрде тәубеге келген болса, жаңадан сенімге келген адамды қауым мүшелігіне тез қабылдау керек. Содан кейін сенімге келгендер оларға өте қажет қауымның қарым-қатынасы мен өміріне қатыса бастайды. Кейбір қауымдар жалпы мүшелікті «қарым-қатынас» деп атайды.

- ▶ жаңадан сенімге келген адамға қауым өміріне неден бірден қатысуы қажет?
- ▶ Осы бөлімде сипатталған мүшелік жүйесінде, қарым-қатынас деген нені білдіреді және кім қауымның мүшесі бола алады?
- ▶ Осы бөлімде сипатталған мүшелік жүйесінде, Басқарушы дене деген не және кім оның мүшесі бола алады?

Қарым-қатынас және басқару денесі деген – мүшелік жүйесі. Төменде қауымдастыққа мүшеліктің басқа екі жүйесінің сипаттамасы келтірілген.

Рухани жетілген мәсіхшілерге арналған мүшелік

Мүшелік ұғымы – қауым мүшелері – қауым мәселелері бойынша дауыс беруді сеніп тапсыруға болатын, дұрыс ілімді ұстанатын, салыстырмалы түрде жетілген мәсіхшілер тобы болуын білдіреді. Бұл топ адамдарды басқарушы лауазымдарға, соның ішінде бағушыны сайлайды. Олар әр мәселе бойынша дауыс беру арқылы шешім қабылдайды немесе шешім қабылдайтын өкілдер тобын сайлайды.

Мүшелік басқаруды бақылауды білдіретіндіктен, жаңадан сенімге келгендер қауымға бірден қабылданбайды. Қауым неғұрлым консервативті және сақ болса, талаптардың тізімі соғұрлым ұзақ болады және өтініштен мүшелікке дейінгі кезең ұзақ болады. Қауымның мүшелікке қоятын талаптары – бұл жетілген мәсіхшілік, оған жаңадан сенімге келген адам «жетпейді». Жаңадан сенімге келген сенуші бірнеше жылдар бойы қауымның өміріне қатысып, қауым мүшесі болмауы мүмкін. Кейбір жаңадан сенімге келгендер қауымдастық мүшесі бола алмайтындықтарынан кетеді.

Қауымдастықтағы мүшелік

Кейбір қауымдастықтарда әдетте жексенбілік қызметке келетіндер қауым мүшелері болып саналады. Билік құрылымдарының басқа нысандары болуы мүмкін, бірақ қызметке келгендердің бәрі қауымдастық мүшелері болып табылады. Қауым өзінің мүшелігіндегі адамдардың тізімінің жоқтығын мәлімдеуі мүмкін, дегенмен, тіпті қауым мүшелерінің тізімі жоқ деп айтатын қауымдастықта, қауымдастық мүшелерін анықтаудың жазылмаған жүйесі болады.

Қауым мүшелігі бар қауымда, бақылау – бағушының немесе беделді отбасылардың жетекшілернің қолында болуы мүмкін.

Егер жас қауымның түпкілікті билік ретінде қауым мүшелігі болса, бірнеше жылдан кейін оның қандай болатынын болжау мүмкін емес.

Егер қауым ұзақ мерзім бойы тұрақты қызмет еткен болса, онда оны отбасылық топ немесе күшті бағушы басқарған болуы мүмкін. Оларға істің орындалу жолының ережелерін түсіндіру қиын болар еді, бірақ олар басшыларға сенеді. Жазылған нұсқаулар болмауы мүмкін немесе олар еленбеуі мүмкін. Бағушыны немесе басқа жетекшілерді ауыстыратын уақыт келгенде, қауымда үлкен өзгерістер болуы мүмкін.

► Жоғарыда сипатталған мүшеліктің екі түрінде қандай әлсіз және күшті жақтарды көресіз?

Қарастырылатын мысалдар

Студенттер төменде берілген екі мысалды оқу керек. Оларды өздері білетін қауымдардағы мүшелікпен салыстыруы керек.

Бірінші АҚШ, Индиана штаты, Индианаполистегі қауым қолданатын қарым-қатынас және басқарушы дене мүшелігінің мысалы келтірілген. Содан кейін Филиппиндік Инжілдік Методист қауымында қолданылатын қауым келісімінің мысалы бар.

Қауым Қарым-Қатынасының Мүшелігінің Мысалы

Виктори Чапел қауымындағы қарым-қатынас

Виктори Чапел қауымының ауданындағы адамдар көптеген іс-шараларға, соның ішінде ғибадат ету, үйдегі кездесулер және Киелі кітапты талқылауға шақырылады. Барлығы ғибадатқа қатыса алады, қажеттіліктермен бөлісіп, дұға етіп, түскі асқа, пікірталастарға және бейресми әңгімелесулерге қатыса алады. Алайда Жаңа Келісім бізге жергілікті қауымды құрайтын адамдар тобын белгілеу керек деп үйретеді: қауымның мүшелері қандай адамдар екендігі көпшілікке белгілі болуы керек. Мұндай нақты белгіленген топ болмаса, қауымның әлемге нақты куәлік етуі, сондай-ақ мәсіхшілік бірлікке негізделген шынайы мәсіхшілік қарым-қатынаста болу мүмкін емес; киелі кітаптық тәртіпті қолдану және қауымның қызметі үшін бірлесіп жауапкершілік алу мүмкін емес. Сондықтан

Виктори Чапелдегі қызмет үшін жауапкершілік қауымдастық ішіндегі «қарым-қатынас» деп аталатын топқа беріледі.

Қарым-қатынас тобының мүшелеріне қойылатын талаптар

Біз рухани өсудің басқа да көптеген белгілері бар екенін түсінеміз, бірақ келесі тізім бірлік пен шынайы қарым-қатынас үшін қажетті негіздерді береді.

1. Рухани өмір

Тәубеге келгендіктің, рухани жанып тұру мен бағышталудың дәлелдерін көрсету; мойынсұнушылықта өмір сүру және Құдаймен қарым-қатынаста болу.

2. Киелі кітаптық мораль

Жыныстық қатынас, есірткі, темекі және алкогольді ішімдіктерден аулақ болу.

3. Қауымға бағышталу

Жексенбіде ауыру, бас тартуға болмайтын басқа қызмет немесе жұмыс жағдайларын қоспағанда, қауымның барлық қызметтеріне қатысу.

Қауымға ондық беру.

4. Ілімдік бірлік

Виктор Чапел қауымының сенім ұстанымын қабылдау және түсіну қажет. Бағушы әр кандидатпен жеке сөйлеседі.

5. Тәжірибелік этика

Барлық қарым-қатынастарда шыншыл және бағышталуға адал болу. Осы қарым-қатынастағы адамдарға сүйіспеншілік пен адалдық қағидаттарына сәйкес келетін мінез-құлықты таңдау.

Ережелер

Біз қауымның кейбір жаңа мүшелері бізді тастап кететінін білеміз, бірақ біздің таңдауымыз сынақ мерзімінің болмауы болды, өйткені жаңадан сенімге келгендер қауымның өміріне тез арада қатысуды қажет етеді.

Бағушы кандидатпен сөйлескеннен кейін, басқарушы дене қарым-қатынас жасау үшін ұсынылған адамды растайды.

Қарым-қатынасқа алынған жаңадан сенімге келген сенуші егер ол әлі шомылдыру рәсімінен өтпесе, шомылдыру рәсімінен өтуге жоспарланады.

Егер қарым-қатынастағы сенуші талаптарды бұзса, басқарушы дене оны қарым-қатынастан шығарады немесе оған есептілікпен сынақ мерзімінен өтуге мүмкіндік береді, содан кейін мәселе қайта қаралады.

ҚАУЫМ КЕЛІСІМІНІҢ МҮШЕЛІГІНІҢ МЫСАЛЫ

Филиппиндік Інжілдік Методист қауымы

Иса Мәсіхті Құтқарушы, әрі Ием ретінде қабылдап, Оның өліміне, қанының төгілуіне және қайта тірілуіне, менің құтқарылуым үшін қажет әрекет ретінде сеніп, мен адам денесі сияқты көптеген мүшелері бар Мәсіхтің бүкіләлемдік денесіне қосыламын. Бірақ дененің көптеген мүшелері бар сияқты, Мәсіхтің денесі де солай. Шынайы дұғамен және Киелі Рухтың жетелеуімен мен Филиппиндік Інжілдік Методист қауымының отбасына, оның қарым-қатынасына, сенімі мен рухани тәртібіне қосылуға шешім қабылдаймын, өйткені Құдай мені жетілдіреді. Мен мұны Құдайға және қауымдастықтың басқа мүшелеріне бағышталу үшін жасаймын және келесілерді орындауға міндеттімін:

Біріншіден, қауымның бірлігін қорғау

- Қауымдастықтың басқа мүшелеріне сүйіспеншілікпен қарау (Петірдің 1-хаты. 1:22);
- Өсек айтып жамандаудан бас тарту (Ефест. хат 4:29);
- Жетекшілерге мойынсұну (Еврейл. хат 13:17);
- Құдайдың рақымынан бас тартқандарға жанашырлық таныту (Ғалатт. хат 6:1-2).

Екіншіден, менің қауымымның міндеттерін бөлісу

- Оның өсуі үшін дұға ету (Салониқал. 1-хат 1:1-2);
- Қауымның мүшелігіне кірмейтін адамдарды шақыру (Лұқа 14:23);
- Келушілерді жылы қарсы алу (Римд. хат 15:7);
- Адамдарға Иса Мәсіх туралы уағыздау (Елшіл. істері, 8:33-35).

Үшіншіден, менің қауымымда қызмет ету

- Рухани дарындарды ашу (Петірдің 1-хаты. 4:10);
- Бағушылармен қымат етіп, олардан үйрену (Ефест. хат 4:11-12);
- Қызметшінің жүрегін дамыта отырып, киелілерге, аш адамдарға, ауруларға, жесірлер мен жетімдерге, қамаудағыларға қызмет етіп, оларға маған көрсетілген рақымды ұсыну (Матай 25:31-46; Філіпіл. хат 2:3-7).

Төртіншіден, менің қауымымның жақсы куәлігі болу

- Жиналыстарға үзбей қатысу (Еврейл. хат 10:25);
- Құдай Сөзін уағыз арқылы кішіпейілділікпен қабылдап, нұрда тұру (Жоханның 1-хаты 1:9-10);
- Қасиетті өмір сүру (Еврейл. хат 12:14; Філіпіл. хат 1:27);
- Қателіктерді мойындау (Жақыптың хаты 5:16);

- Нан ұзу рәсіміне қатысу (Қорынтт. 1-хат 11:23-26);
- Үнемі қаржылық құрбандық беру (Леуіліктер 27:30; Қорынтт. 1-хат 16:2; Қорынтт. 2-хат 9:7).

Қол қойылды _____ күні _____

Қауым мүшесінің қолы _____

Жергілікті қауымның бағушысымен: _____ мақұлданды

Жеті қорытынды ұстаным

1. Құдай сенушілер тобында ерекше өмір сүреді.
2. Қауым – бұл Құдайдың отбасы, онда сенушілер өздерін отбасылыққа ұқсас қарым-қатынасқа арнайды.
3. Қауымдағы мүшелік – бұл Құдайдың қауымға деген жоспарын орындауға бағышталу тәсілі.
4. Қауымдастық мүшелері қауым міндеттерін өзара бөлісулері керек.
5. Қауымдастықтың әр мүшесінің жеке қабілеттері қауым өмірінде қолданылған кезде мүмкіндігінше құнды болады.
6. Жаңадан сенімге келгендерді қауым өміріне бірден тарту керек.
7. Рухани жетілгендік қауым мүшелігіне кіру үшін талап болмауы керек.

Тапсырмалар

1. 5-сабақ бойынша Жеті қорытынды ұстанымды есте сақтау керек. Студенттер жеті қорытынды ұстанымның әрқайсысына (барлығы жеті абзац) түсініктеме жазып, олардың мәні мен маңыздылығын тақырыппен таныс емес адамдарға түсіндіре алатындай етіп жеткізулері керек. Жазбаша жұмыс келесі сабаққа дейін жетекшіге тапсырылуы тиіс. Талқылау кезінде жетекші сұраса, студенттер топқа белгілі бір пункттер бойынша орындалған тапсырмалардың нұсқаларымен бөлісуге дайын болу керек. Келесі сабақтың басында студенттер есте сақтау қабілеті бойынша, жеті қорытынды ұстанымды жазу керек.
2. Студент сабақты немесе сабақтың бір бөлігін топтан тыс адамдарға өткізуді жоспарлауы керек. Сабақты өткізген сайын студент бұл туралы жетекшіге есеп беруі керек.
3. Жазбаша тапсырма: сіздің қауымыңызда шамамен қанша адам қауымға бағышталғандығын пайызбен есептеңіз. Адам қалай сіздің қауымыңыздың мүшесі бола алатындығын сипаттаңыз.

6-сабақ

Қауымдастықтың бірлескен өмірі

Алғашқы өнім мейрамынан кейінгі қауым

► Студенттердің бірі Елшіл. істері 2:42-47 дауыстап, топқа оқуы керек. Алғашқы өнім мейрамынан кейінгі қауым қарым-қатынасынан қандай нәрселерді байқадыңыз?

Елшілердің істерінде Алғашқы өнім мейрамынан кейін көп ұзамай қауымның өмірі қалай өзгергеніне сипаттама берілген. «Барлық сенушілер бірге болды және оларда бар нәрсенің бәрі ортақ болды». Көптеген адамдар қауымның бірлескен өмірін қолдау үшін өздерінің дүние-мүліктерін сатты. Олар ғибадатханада ғибадат ету және үйде сөйлесу үшін жиі кездесетін.

«Жазбаларда да, сенім негіздерінде де мәсіхшілік қарым-қатынас – рақым құралы ретінде ұсынылған.»

- Уайли және Калбертсон,

Мәсіхшілік теологияға кіріспе

Киелі Рухтың жұмысы оларда ең жоғары деңгейге жеткен кезде, қауымның қарым-қатынастағы өмірі күшейе түсті. Ертедегі сенушілер үшін қауымның бір бөлігі болу жексенбілік қызметтерге барудан гөрі үлкенірек нәрсені білдірді: олар күнделікті өмірлерін басқа мәсіхшілермен бірге өткізді.

Отбасындағы өмір

Жаңа Келісімде, қауым – отбасы ³; сенушілер – Құдайдың рухани балалары⁴ деп аталған, және олар бір-бірін сенімдегі бауырластар деп атайды⁵.

Адамзаттың көптеген өкілдері түсінетін отбасын елестетіп көрейік. Туыстар қауымдастығы тайпаның құрамына кіретін руды құрады. Кеңейтілген отбасы қорғаныс, әділеттілік, жер, жұмыс, неке, білім, қартайғандағы қамқорлық, жетімдер мен жесірлерге қолдауды қамтамасыз етті. Мұның бәрі отбасылық байланыстардан тыс жерде қол жетімді емес әлемді елестетіп көріңіз.

«Қауым – бұл Құдайдың отбасы, қан мен туылу арқылы біз оның мүшесі боламыз. Ол – мұра мен сүйіспеншіліктің қауымдастығы, бұл қауымдастыққа біз Исаның қанымен құтқарылып, жаңадан қайта туылу арқылы кіреміз».

Лари Смит, «Мен сенемін: мәсіхшілік сенімнің негіздері»

³ Ғалатт. хат 6:10; Ефест. хат 3:15.

⁴ Ғалатт. хат 3:26; Жоханның 1-хаты 3:2.

⁵ Жақыптың хаты 2:15; Қорынтт. 1-хат 5:11.

Мұндай мәдениетте барлығы бір дінді ұстанды. Балалар отбасылық дәстүрлерде тәрбиеленді, ал дін олардың жеке таңдауы емес еді.

Мәсіхшілікті қабылдаған көптеген адамдарды отбасылары қабылдамады. Олар отбасылары берген барлық нәрселерін жоғалтты. Қауым олардың жаңа отбасы болды, сондықтан олар бір-бірін бауырластар деп атады. Қауымдастықтағы адамдар бір-біріне көмектесіп, бір-біріне тәуелді болды.

Егер қауым мүшелері бір-бірін жексенбіде ғана көрсе, олар тек жексенбілік кездесуді қауым деп ойлайтын еді. Жаңа Келісім қауымы жексенбі сайын жиналды, бірақ күнделікті өмірде де белсенді болды.

► Қауым мүшелері күн сайын бір-бірімен өз өмірлерін бөлісетін қауымның айырмашылығы неде?

Бағушылар апта бойы қауымға қызмет ету, жексенбіде ғибадат ету сияқты маңызды екенін білуі керек. Рухани дарындардың тек жексенбілік қауым қызметінде қолданылатындары ғана емес, барлық түрлері қажет. Әр адамға қызмет бар. Қауымдастықтағы адамдар рухани отбасының мүшесі болу нені білдіретінін көреді.

Сенім отбасы ретінде қауым өзінің адамдық ресурстарын жұмсайды және Құдаймен қарым-қатынаста болатын және өмірдің барлық аспектілерінде әлемге Құдайдың даналығын көрсететін қауым мүшелерінің барлық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Құдайдың ресурстарын табады, сонымен қатар құтқарылмаған адамдарды тәубеге келуге және отбасыға қосылуға шақырады.

Ортақ өмірдің аспектілері

Егер қауымдастық мүшелері ортақ өмір сүрсе, онда олардың бірге болу уақыты келесі аспектілерді қамтиды.

- 1. Қызмет бірге жоспарланып, бірге жүзеге асырылады.** Көптеген қауымдарда қауым жұмысын жоспарлауға және орындауға тек шағын топ жауап береді. Қауымдастықтың әрбір мүшесінің, тіпті жаңадан сенімге келген адамның да, қауымның жұмысына қатысуға мүмкіндігі болуы керек.
- 2. Қажеттіліктер бірге қанағаттандырылады.** Егер адамда қандай да бір мәселе болса, ол қауымдағы достарынан көмек сұрауы керек. Бұл адамның жауапсыз болуына жол беруге болады дегенді білдірмейді, бірақ егер ол өз мәселесін шешуге күш салатын болса, қауым отбасысы көмектесуге дайын болуы керек.
- 3. Жұмыс бірге орындалады.** Сенушілер қауымдастықтағы біреуге көмектесу үшін бірігіп жұмыс жасаса, олардың арасында берік қарым-қатынас дамиды. Сондай-ақ, олар отбасыларын қамтамасыз ету үшін бірге жұмыс жасай алады.

4. Бос уақыт бірге өтеді. Қауымдастық мүшелері бірігіп, бос уақыттарын бірге өткізуі тиіс. Олар араласудан, бірге тамақтанудан және қызықты шараларға қатысудан қуаныш табулары керек.

5. Өмірдегі ерекше сәттер бірге тойланады. Барлық мәдениеттерде маңызды өмірлік оқиғаларды бірдей атап өтпейді. Адамдар атап өтетін бұл ерекше маңызды сәттер: мерейтойлар, мектепке бару, мектепті бітіру, шомылдыру рәсімінен өту, туған күн, үйлену тойы, балалардың туылуы, жерлеу және т.б. Басқа дін өкілдері әдетте бұл маңызды сәттерді атап өту үшін арнайы рәсімдерді өткізеді. Қауым да ерекше оқиғаларды бірге атап өтуі керек.

Көне Келісімдегі Ондық беру

Көне Келісімде ондық тек ғибадатхана мен қызметшілерді қолдау үшін ғана емес, сонымен қатар жесірлерге, жетімдер мен жат жұрттық адамдарға көмектесу үшін де қолданылды⁶. Ол арнайы мерекелер үшін де қолданылды⁷. Ондықтың қолданылуы бізге өмірдің бұл аспектілерінің қауым үшін де маңызы бар екенін көрсетеді.

Қарым-қатынас және экономика

► Студенттердің біріне дауыстап Жақыптың хаты 2:15-16 оқуды ұсыныңыз. Бұл аяттар мәсіхшілік қарым-қатынас жайында не айтады?

Кейде адамдар қаржылық қажеттіліктердің орнын толтыру сенушілер қауымдастығына қатысы жоқ сияқты өмір сүреді. Бірақ Жазбада сенім отбасысының бір бөлігі ретінде, біз адамдардың қажеттіліктеріне жауап беруіміз керек екені айтылады.

Қарым-қатынас дегеніміз – өз өмірің біреумен бөлісу, рухани тәжірибелермен бөлісу. Жаңа Келісімде қолданылатын *Koinonia* деген грек сөзі – көбінесе «қарым-қатынас» деп аударылады және бұл сөз «бір нәрсемен бөлісу» мағынасында да қолданылады. Кейде ол қаржы ресурстарын бөлу туралы айтылғанда қолданылады (Қорынтт. 2-хат 9:13, 8:4; Римд. хат 15:26). Бірінші ғасырда Иерусалимдегі мәсіхшілік қауымдастықта қажеттілігі бар бірде-бір адам болмады (Елшіл. істері 4:34-35), өйткені адамдар қолында бар нәрселердің барлығымен бөлісті.

Жаңа Келісім қауымының бірінші буынында, қауымның қаржылық басқаруында кемсітушілік болған кезде, қызметке кедергі келтірілді. Мәселе шешілген соң, жаңадан сенімге келгендердің саны көбейе бастады (Елшіл. істері 6:1, 7).

Мәсіхшілік жазушысы Аристид шамамен б.з. 125 жылы былай деп жазды:

Олар кішіпейілділік пен мейірімділік танытады, араларында ешкім өтірік айтпайды; олар бір-бірін жақсы көреді. Олар жесірлерді менсінбей қоймайды,

⁶ Заңды қайталау, 26:12.

⁷ Заңды қайталау, 12:17-18.

жетімдерді ренжітпейді. Қолында бар адам жоқшылықтағы адамға барын береді. Егер олар жат жұрттық адамды көрсе, оған бауырлары ретінде қуанып, оны өздерінің үйлеріне кіргізеді. Өйткені олар өздерін тәндік емес, рухани бауырластар деп атайды. Олардың біреуі бұл дүниеден өтсе, осы жайында білетіндердің барлығы мүмкіндігінше оның жаназасына көмек береді. Егер олар біреудің Мәсіхтің есімі үшін түрмеге қамалғанын немесе қудалауға ұшырағанын естісе, әркім оның қажеттіліктерін қанағаттандырады, мүмкін болса, оны босатады. Егер араларында кедейлер мен мұқтаждар болса және олардың бөлісуге шамалары жетпесе, олар екі-үш күн ораза ұстап, мұқтаждарды қажетті тамақпен қамтамасыз етеді.

Қауымды қудалаған Рим императоры Юлиан Отступник (б.з. 361-363 ж) мәсіхшілер туралы былай деген: «Құдайсыз ғалилеялықтар өздерінің кедейлерін ғана емес, біздікін де тамақтандырады»⁸.

Егер қауым тәубеге келуді уағыздап, бірақ сенімге келгендерді өз өмірінде рухани азық ала алатын сенім отбасысына шақырмаса, өз міндеттерінің жартысын ғана орындайды. Мысалы, егер қауым әйелге әдепсіз жолмен ақша таба алмайтынын айтса, онда қауымдастық оған сенім отбасысында қалай қолдау таба алатынын көрсетуі керек.

«Әсіресе сенім үйінің мүшелеріне жақсылық жасау арқылы, оларды жұмысқа алып, артықшылықтар беріп, бір-бірінен сатып алып, кәсіпке көмектесу арқылы; және одан да көп істер жасай отырып... [мәсіхші болғыңыз келетінін көрсетіңіз] ...өйткені әлем өзінікін ғана жақсы көреді».

Джон Уесли, «Қоғам ережелері және әдіскерлер деп аталатын адамдар»

Әлемнің кейбір бөліктерінде біз мәсіхшілік қауымдастықтың осындай түрін көрсететін қауымдарды көреміз. Мұндай қарым-қатынастың нәтижесінде бір-біріне деген қамқорлық көрініп қана қоймайды, сонымен қатар қызметте ілгерілеу байқалады.

Боливиядағы кедейлер қауымдары мұқтаждар арасында құрылды. Олар дәстүрге, үкіметтің көмегіне, бай қайырымдылық жасайтын жандардың немесе кәсіби қызметкерлердің салымдарына сенім арта алмады. Бұл – мүшелері қауымның өмір сүруі, өсуі, сенімін уағыздауы және сонымен бірге аман қалуы үшін күш біріктіруі керек қауымдастықтар болды. Олардың бүкіл өмірі мәсіхшілік әрекеттерге толы болды. Қауымдар дамып, құрылып қойған кезде, олардың қарапайым мүшелерінің толықтай беріліп, қызметке, қауымдастықтағы мәсіхшілік өмірге толықтай қатысуларына қол жеткізу әлдеқайда қиын. Кедей қауымдардың

⁸ Мәсіхшілерді «құдайсыз» немесе «атеист» деп атаған, себебі олар бір ғана көрінбейтін Құдайға сенген және әр түрлі көрінетін пұттарға табынбаған.

арасында мұндай қатысу қауым үшін қалыпты өмір салты болды. Олар үшін өмір мен қызметтің кез келген басқа түрі мүмкін емес еді⁹.

Біз қауым өз мүшелеріне жауапкершілікті алу үшін көп ақшаға ие болуы керек деп болжауымыз мүмкін. Бірақ кедейлер қауымындағы қауымдастық бұған негізделмеген.

Кез келген қоғамда адамдар әлеуметтік экономика арқылы қаржылық байланыста болады. Біз жұмыс үшін ақы аламыз, содан кейін қажет нәрсені сатып аламыз; ал отбасында басқа экономика бар. Әрбірінің салымы ақшамен өлшенбейді. Отбасының барлық мүшелері қатаң есеп берусіз, қолдарынан келгенше көмектеседі деп күтіледі. Көмек отбасылық қарым-қатынас аясында көрсетіледі. Отбасының әрбір мүшесі бірдей нәрсені жасайды немесе жұмыстың күрделілігі барлық адамдармен тең дәрежеде болады деп күтуге болмайды. Бірақ әркім өзінің мүмкіндігі жеткенше еңбектенуі керек. Егер біреу бұдан бас тартса, ол әшкереленіп, оған қажет көмекті ала алмауы мүмкін.

Қауымдастық экономикасы қоғамның экономикасынан гөрі отбасы экономикасына ұқсас болуы керек. Мұның іске асуы үшін қауымдағы қарым-қатынас қарапайым достық қарым-қатынасынан гөрі тереңірек болуы керек. Бұл дегеніміз, жеке ресурстарына жауапкершілікпен қарамаған немесе басқаларға көмектесуден бас тартқан адамға көптеген сұрақтар болады дегенді білдіреді.

Қауымдастық қауым мүшелері арасындағы қарым-қатынасты дамытудың жолдарын табады. Біз ешқашан көмек бермейтін, тек көмек сұрайтын адамдарға қауымның не екенін түсіндіріп үйренуіміз керек. Сондай-ақ басқалармен қарым-қатынас орнатуды білмейтіндерге, оны қалай орнату керектігін үйретуіміз керек. Тек өз қалауларына еріп, бағушының ескертулеріне құлақ аспайтындарды әшкерелеуіміз керек.

► Қауым мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесе алатындарына мысалдар келтіріңіз (үйде, балаларға күтім жасауда, жұмыста, дағдарыстық жағдайларда).

Практикалық нұсқаулық

► Студенттердің біріне дауыстап Тимотеге 1-хат 5:3-16 оқуды ұсыныңыз.

Бұл үзінді қоғамның мұқтаж мүшелерін қалай қолдау керектігі туралы практикалық нұсқаулар береді. 16-аятта мұндай мүмкіндікке ие адамдар отбасы мүшелеріне қамқорлық жасауы керектігі айтылады, осылайша қауым көмектесетін ешкімі жоқ адамдарға қамқорлық жасай алады. Елші қауым мүшелеріне қаржылық жағынан қамқорлық жасау қауымның міндеті екенін айтқысы келді.

Әлбетте, егер қауымдастықтың әрбір мүшесі қаржылық жағынан қауымнан тәуелді болмаса, онда көмек ешкімге көрсетілмес еді. Бұл үзінді қауымға шынымен мұқтаж адамдарға көмектесу керек деп нұсқау береді.

⁹ Самуил Эскобар, «Қалалық қызметтің миссиясы», Харви М. Конн және басқалары, – 105 б.

Мұнда ұсынылған Жазба үзіндісінде нақты жесірлер туралы айтылады, бірақ бұл ұстанымдар оларға ғана қолданылмайды. Біз қауымның басқалар үшін де жауапты екенін білеміз. Жақыптың хаты 2:15-16 бауырластардың қажеттіліктеріне жауап беруіміз керектігі; Жақыптың хаты 1:27-де жесірлер мен жетімдер туралы айтылады.

Қауымның қауымдастық мүшелеріне қаржылай көмегінің үш қағидаты:

- 1. Ең алдымен отбасы туыстары үшін жауапкершілікті өз мойнына алуы керек.** Отбасы мүшелері мұқтаж туыстарына көмек көрсетуге жауапты (5:4, 16). Егер адам өз отбасына көмектеспесе, ол сенуші емес (5:8). Егер бағушы қауымда қиын жағдайға тап болған адамды көрсе, оның көмектесетін туыстары бар-жоғын білуі керек.
- 2. Қауымның адал мүшесі көмекке лайық.** Егер жесір әйел басқа адамдарға көмектесіп, адал мәсіхші сияқты өмір сүрсе, көмекке лайық (5:10). Дәл сол қағидат өзін-өзі қамтамасыз ете алмайтын жесір әйелдерден басқа, мұқтаж адамдарға да қолданылады.
- 3. Қауым мүшесі өзі үшін де және басқалар үшін де қолдан келгеннің бәрін жасауы керек.** Мәсіхші басқаларға жарылқау болу үшін бар күшін салуы керек (5:10). Егер оның жұмысы болмаса, ол адамдарға көмектесудің басқа жолдарын таба алады. Қауым еңбек еткісі келмейтін адамға қамқорлық жасамауы керек (Салониқал. 2-хат 3:10).

► Студенттердің біріне дауыстап Салониқал. 2-хат 3:6-12 оқуды ұсыныңыз.

Бұл үзіндіде алғашқы қауымның өмірі туралы айтылады. Бұл жерде Пауыл қаржылық жағынан қауымға тәуелді және жұмыс істегісі келмейтін адамдардың мәселесін шешеді. Олар уақыттарын халық аралап, өсек таратумен өткізді.

Сол уақыттағы қауым туралы не білдік? Олар бір-біріне қамқор болды. Қауым әр мүшесі үшін жауапкершілікті сезінді және қауымдастықта ешкімнің аш болмауын қадағалады. Олар отбасы сияқты болды.

Дәл осы себептен кейбіреулер жалқауланып, басқалардың есебінен өмір сүрді. Пауыл адамдардан қолдарынан келгенін жасауды талап ету керектігін жазды. Егер адам бар жұмысты істегісі келмесе, онда оған басқалардың тапқанынан тамақтанып, өмір сүруіне жол бермеу керек.

Қауым отбасы сияқты кез келген қажеттілікті қанағаттандыра алатын болса, бұл - өте жақсы. Осылайша өмір сүру үшін қауым белгілі бір қағидаттарды ұстануы қажет. Қауымдастықта қаржылық жағынан оған тәуелді адамдарға талаптар болуы керек. Бұл талаптарсыз, көп ұзамай жалқау адамдар қауымға салмақ салып, шынымен көмекке мұқтаждардың қажеттіліктерін қауым қанағаттандыра алмайды.

Бағушылар мен қауым қызметшілері қауымды отбасы ретінде жұмыс істеуге бағыттауы тиіс. Қажеттіліктерге сүйіспеншілікпен жауап беру керек, бірақ жақсы көру дегеніміз -

бұл шындықты айту. Егер адам өз міндеттерін орындамаса, біреу бұл туралы онымен сөйлесуі керек. Егер адам басқаларға көмектеспесе және өзін-өзі қамтамасыз ету үшін қолынан келгенін жасамаса, қауым оны қаржылай қолдауды тоқтатуы керек.

Біз біреу көмек сұрағанда оған сұрақ қоятын болсақ, дұрыс шешім қабылдай аламыз. Ол басқаларға көмектесуге дайын ба? Мүмкіндік болса жұмыс істейді ме? Ол ақшаны даналықпен басқарады ма? Ол өз отбасы үшін жауапкершілікті өз мойнына алады ма?

Көптеген адамдар қауымға көмек сұрау үшін келеді. Адам бірінші рет келгенде, тіпті ол әлі қандай да бір жауапкершілікті алмастан бұрын, қауымның сол адамға қамқорлық көрсететін жолы болуы керек. Содан кейін қарым-қатынасты дамытудың жолы болуы керек. Адам қауымның мүшелігіне кіруі үшін не істеу керектігін білуі керек.

Жеті қорытынды ұстаным

1. Киелі Рухтың қауымдағы жұмысы адамдарды тығыз қарым-қатынас орнатуға және өз өмірін басқалармен бөлісуге ынталандырады.
2. Қауым – бұл күнделікті бір-бірімен тығыз байланыста өмір сүретін және барлық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін бірге еңбек ететін отбасы.
3. Қауым тәубеге келген күнәһарды өз өмірін қамтамасыз етуді үйренетін, сенім отбасысына шақырады.
4. Егер қауым күнделікті жұмыс жасаса, ондағы әрбір сенушіге қызмет ететін орын бар.
5. Қауымның бірге уақыт өткізуіне қызмет, қажеттіліктерді қанағаттандыру, жұмыс, демалыс және мерекелер кіреді.
6. Мәсіхшілік қарым-қатынас бір-бірін қаржылық қолдауды да қамтиды.
7. Қауым өзін-өзі асырау және басқаларға көмектесу үшін қолынан келгеннің бәрін жасамайтын адамдарға көмектесуге міндетті емес.

Тапсырмалар

1. 6-сабақ бойынша Жеті қорытынды ұстанымды есте сақтау керек. Студенттер жеті қорытынды ұстанымның әрқайсысына (барлығы жеті абзац) түсініктеме жазып, олардың мәні мен маңыздылығын тақырыппен таныс емес адамдарға түсіндіре алатындай етіп жеткізулері керек. Жазбаша жұмыс келесі сабаққа дейін жетекшіге тапсырылуы тиіс. Талқылау кезінде жетекші сұраса, студенттер топқа белгілі бір пункттер бойынша орындалған тапсырмалардың нұсқаларымен бөлісуге дайын болу керек. Келесі сабақтың басында студенттер есте сақтау қабілеті бойынша, жеті қорытынды ұстанымды жазу керек.

2. Студент сабақты немесе сабақтың бір бөлігін топтан тыс адамдарға өткізуді жоспарлауы керек. Сабақты өткізген сайын студент бұл туралы жетекшіге есеп беруі керек.
3. Жазбаша тапсырма. Сіздің қауымыңыздағы адамдар ғибадат қызметінен тыс, бір-бірімен қалай қарым-қатынас жасайды, өмірлерімен қалай бөліседі?

7-сабақ

Әлемдегі қауым

Қоғамдағы қауым

► Қауым қоғамдық өмірге қалай қатысуы керек?

Еремия басқа ұлт адамдарының қоғамымен қарым-қатынаста болсын деп, тұтқында болған еврейлерге хат жазды. Яһудилер еріксіз тұтқында болды; дін – бөтен ұлттарлық болды; үкімет озбырлық жасап, олардың ұлтын жойды; олар бостандыққа шығатын күнді асыға күтті. Мүмкін олар қоғам өміріне араласпау керек деп санаған шығар.

Құдай пайғамбарлар арқылы Өз халқына айтқан хабарды тыңдаңыз:

...Жаратқан Иеге қала үшін дұға етіп сиыныңдар! Өйткені қала бейбіт өркендесе, сендер де амандық пен тыныштықта өмір сүріп өркендейсіңдер (Еремия 29:7).

Ағылшын Киелі кітабында әдетте бейбітшілік деп аударылатын *Shalom* сөзі қолданылады. Және ол тек бейбітшілікке ғана емес, сонымен бірге баталарға – Иеміздің баталарына қатысты қолданылады. Бөтен ұлттық елдегі Құдайға ғибадат етушілер, егер олар осы баталарды бөтен ұлттық қоғамына жеткізуге тырысса, Құдаймен баталанады!

Әлемдік мәселенің түп тамыры – күнә. Қоғам, әрбір жеке адам және барлық құрылымдар Құдай Сөзін құрметтемейді. Қауым әлемге оның мәселелері туралы айтатын даналыққа ие, өйткені ол Иеміздің Сөзін түсіндіріп, Құдайдың даналығын көрсете алады. Ол әлемге күнәлар туралы айтып қана қоймай, сондай-ақ қоғам қандай болу керектігін түсіндіріп, көрсетуі керек.

«Мәсіхшілік қауым – бұл Киелі Рух құнның өтелуін көрсететін және дарындар беретін қауымдастық; бұл – Құдайдың Мәсіхте татуластыру жұмысын жүзеге асыратын құралы. Қауым Құдайдың жерге келуін асыға күту үшін әлемнен шақырылады, содан кейін Құдайдың Патшалығын жариялау үшін әлемге қайта оралады, ол Құдайдың келуіне және Оның оралуын күтуге бағытталған.»

Томас Оден, «Рухтағы өмір»

Қауым мен айналадағы адамдар

► Табысты қауымның белгілері қандай?

Түсінігі осы әлемдік адам қауымның табыстылығы оған баратын адамдардың санына, сондай-ақ бюджеттің көлемі мен ғимараттың құнына байланысты деп есептейді. Мәсіхшілер ретінде, біз бұл Құдайдың көзінде мүлдем олай емес екенін білеміз, бірақ біз әлі де мұндай нәрселерге тым қатты әсерленеміз. Біз әдетте бағушыны егер оның осындай қауымы болса, табысты деп есептейміз.

Табыстылықтың неғұрлым нақты көрсеткіші - қауымның қызметі нәтижесінде шынымен тәубеге келген адамдардың саны. Сенушілердің рухани өсуі де өте маңызды, бірақ оны өлшеу қиын. Қауымның табыстылығының өте маңызды көрсеткіші - бұл оның аймақта жасайтын өзгерістері.

► Бұл мәлімдеме туралы не ойлайсыз?:

Жергілікті қауымның табыстылығы тікелей оның айналасындағы барлық бөлігіндегі жақсы өзгерістер тереңдігіне байланысты болуы керек. Барлық басқа табыстылықтың факторлары екінші кезекте¹⁰.

Ізгі хабар адамдарға жаңадан сенімге келгендер арқылы ерекше әсер етеді. Әрбір тәубеге келген адам мәсіхшілік қағидаттар бойынша өмір сүре бастайды және осылайша көптеген адамдарға әсер етеді. Иса өзінің избасарларының бұл әлем үшін – нұр мен тұз екенін айтты.

Мәсіхшілік қағидаттар тек бостандық пен әділдіктің негізі ғана емес, сонымен қатар қоғамды реформалаудың негізі болып табылады. Егер қауым адамдарға әсер етсе және олар мәсіхшілік қағидаттарды ұстана бастаса, олар бостандық пен әділеттілікті бекітіп, қоғамға әсер етеді.

Бұл қауым айналасындағыларға қатысты. Егер аймақтағы адамдар құтқарылса, онда сол аймақта өзгерістер болуы керек.

► Егер көптеген адамдар мәсіхшілік қағидаттарды ұстанса, сіздің аймақта қандай өзгерістер болар еді?

Жергілікті қауымдастыққа қауым қызметінің әсер етуі нені білдіреді? Қылмыс, балаларға қатыгездік, әдепсіз мінез-құлық, мейірімсіздік, нәсілдік кемсітушілік, заңсыз кәсіп, қанаушы кәсіп пен вандализм азаяр еді. Жалға алушылар адал болар еді. Үй иелері қауіпсіз баспанамен қамтамасыз етер еді. Көптеген адамдар үй сатып алар еді. Кәсіпкерлер өз қызметкерлерін ерікті түрде дамытып, ал қызметкерлер өз кезегінде беріліп жұмыс істейтін еді.

Қауымның рухани әсері – ең маңызды нәрсе болып табылады және егер бұл әсер шынымен болса, ол қоғамдағы көрінетін өзгерістерде көрінеді.

Жарлыларға қызмет ету

► Иса берген ұлы өсиеттердің екіншісі қандай?

► Студенттердің біріне дауыстап Лұқа 10:25-29 оқуды ұсыныңыз.

¹⁰ Джон Перкис, Даниэль Хиллдің «Дамып келе жатқан мәдениеттегі қауым» атты мақаласында келтірілген дәйексөзі, Қауымдастық жүрегі, 2003 ж.

Лұқа жазған Ізгі хабарда Таурат заңын үйретуші ғұлама Мәсіхтен мәңгілік өмірге қалай жетуге болатынын сұраған оқиға бар. Иса оған: «Заңда не жазылған?» – деп қарсы сұрақ қояды. Жауап бере отырып, ғұлама ең басты екі өсиетті біріктірді: «Құдай Иенді шын жүректен, бүкіл жан дүниеңмен, бар күш-қуатыңмен, барлық ақыл-ойыңмен сүй!» Және «Өзіңді қалай сүйсең, маңайыңдағы адамды да солай сүй! (Лұқа 10:27). Иса оған дұрыс жауап бергенін айтты және: «Осылай істейтін бол, сонда (мәңгі) өмір сүресің», – деді. Осы сүйіспеншілік қағидатымен өмір сүретін адам мәңгілік өмірге ие болады.

«Сонда менің маңайымдағы адам кім?» – деп ғұлама тағы сұрақ қойды. Ол барлық адамдарды жақсы көруі тиіс деп ойламады. Тек қана талапты орындап жатқанын сезіну үшін жақсы көруі тиіс адамдардың кіші санатын тапқысы келді. Иса бұл сұраққа әңгімелеп жауап берді.

- ▶ Иса маңайындағы адамды сүюдің үлгісі ретінде қандай әңгіме айтты?
- ▶ Студенттердің біріне дауыстап Лұқа 10:30-37 оқуды ұсыныңыз.

Иса самариялық туралы әңгімені айтып, «Өзіңді қалай сүйсең, маңайындағы адамды да солай сүй». Сүйіспеншілік біздің қажеттілікке жауап беруімізге қозғау салады.

Иса өзінің қызметін Лұқа 4:18-19-да түсіндірді:

Маған Жаратқан Ие Өзінің Рухын қондырды. Ол мені жарлыларға ізгі хабар жеткізуге тағайындады, сондай-ақ тұтқындарға босатылып, соқырларға көре алатындарын жар салуға жіберді. Жаратқан Ие мені езілгендерді қанаудан азат етуге және Өзінің кешірім беретін мейірімділік жылын жариялауға да жұмсады.

Бұл мәлімдеме «Мәсіх не үшін келді?» деген сұраққа толық жауап береді, себебі Ол не үшін майланғанын Өзі айтты; бұл Көне Келісімде алдын ала айтылған Оның мақсат-қызметі еді.

Исаның жасаған істері – әлемдегі «Мәсіхтің денесі» болып табылатын қауымның қызметіне нұсқау береді. Оның айтқан бірінші сөзі – жарлыларға Ізгі хабар айту болды. Егер қауым жарлыларға немқұрайды қараса немесе оларды шеттетсе, бұл олардың қызметті дұрыс орындамайтынын көрсетеді. Иса – Құдай Патшалығының жарлыларға арналғанын (Лұқа 6:20); Елші Жақып – Құдай кедейлерді сенімдері арқылы бай болуға таңдағанын (Жақыптың хаты 2:5) айтты. Жаратқан Ие Өзінің күшін осы әлемнің жарлылары мен күшсіздерін қолдана отырып көрсетеді (Қорынтт. 1-хат 1:27-29). Қауымның оларға Ізгі хабар айтуларына көптеген себептер бар және олардың бірі – Ізгі хабар кедейлер арасында тез таралады.

Исаның жердегі қызметін сипаттауы оның жердегі жағдайды өзгерту үшін келгенін көрсетеді.

- ▶ Студенттердің біріне дауыстап Миха 6:6-8 оқуды ұсыныңыз. Пайғамбар қандай сұрақтар қояды?

Миха пайғамбар Құдайдың Өзіне сиынушылардан шынымен нені қалайтынына қызығушылық танытты. Ол құрбандыққа мыңдаған қошқар ұсынса жеткілікті болады ма, әлде тұңғышын құрбандыққа шалу керек пе деп ойлады. Содан кейін ол Құдайға лайықты болу үшін құрбандық шалудың қажеті жоқ екенін түсіндірді. Жаратқан Ие Өзінің талаптарын ашты. Біз әділ әрекет етуге және адамдарға басқалардың әділ қарым-қатынас жасауына көмектесуге жауаптымыз.

Мейірімділік билікті игі іс үшін пайдалануға ғана емес, сонымен қатар қажеттіліктерді толтыруға да қатысты. Иса самариялық адам Құдайдың айтқан сүйіспеншілігінің үлгісі екенін айтты, өйткені «ол мейірімділік көрсетті». Кейде қауымдар тек рухани қажеттіліктерге назар аудару керек деп ойлайды. Олар өздерін кедейлік мәселесін шешуге жауапты емес деп санайды. Киелі кітапта жарлылар туралы шамамен 400 рет айтылған, бұдан біз кедейлік мәселесін шешу Құдай үшін маңызды екенін көреміз. Қайырымды самариялық сияқты, қауымдар да көмекке мұқтаж адамдарға сүйіспеншілік танытуы керек.

► Студенттердің біріне дауыстап Езекиел 16:49-50 оқуды ұсыныңыз. Бұл аяттарда қандай күнәлар айтылады?

Содом қаласы жыныстық азғындықтарға байланысты күнәсімен есте қалды; бірақ Иеміз біздің назарымызды тек осыған ғана аудармайды. Содом тұрғындары байлықты ләззат алу үшін пайдаланды және кедейлерге («қол ұшын бермеді») оларға өмірлерін өзгертетін көмек көрсетпеді.

Келу аймағы ұғымы

Қауым белгілі бір аймаққа жауап бергенде, бұл аймақ қауымның келу аймағы деп аталады. Тарихи тұрғыдан алғанда, үлкен қауым ұйымдары өздерінің әр қауымдастығы белгілі бір географиялық аймақта қызмет етеді деп күткен. Бұл әдет әлемнің көптеген бөліктеріндегі Рим-католик қауымында, Германиядағы Лютеран қауымында және Ұлыбританиядағы Англикан қауымында жиі кездеседі. Протестанттық қауымдардың көпшілігінде бұл мағынада келу аймағы жоқ.

Егер әр қауым өзін орналасқан ауданы үшін жалғыз қауым ретінде қарастырса, бұл қалай болатынын елестетіп көрейік. Келу аймағында барлық адамдар бағушыны танып, оның дұға ететінін, кеңес беретінін және адамдар қауымға келсе де, келмесе де жігерлендіруге тырысатынын білетін еді. Егер ол аймақтағы адамдарға баратын болса, онда оның басты мақсаты – адамдарды қауым қызметіне келуге көндіру емес, осы адамдарға қауымдастық ретінде қызмет ету болар еді.

Қауым ауданның қажеттіліктеріне жауап беретін қызметпен айналысатын еді. Бұл отбасылық кеңес беру, жастарға тәлімгерлік, дұрыс мінез-құлықпен жұмыс істеуге үйрету және басқа да маңызды аспектілер болар еді. Мұның бәрі қауымның міндеттеріне байланысты. Бұл інжілдік жауабы өте маңызды және қауым өмірдің осы практикалық салаларында Құдайдың даналығымен бөлісуі керек – адамдар өмірінің

салалары. Қоғамда не дұрыс емес екенін көрсету оңай, бірақ қауым оның қандай болу керектігін іс жүзінде көрсетуі керек.

► Құдай Сөзінің көмегімен сіздің аймақтағы қандай қажеттіліктерді өзгертуге болады?

Көне Келісім пайғамбарлары жер мен адамдарды Құдайға тиісті деп қарастырып, барлығын Иеміздің келісімін сақтауға шақырды. Олар Құдайдың жоспарын ұстанған кезде қоғамға келетін баталар мен мойынсұнбаушылықтың салдарынан болатын қарғыс туралы уағыздады.

Бағушы өз аймағын Құдайға тиесілі келу аймағы ретінде қабылдауы керек. Құдай – сол жердің иесі мен билеушісі, егер халқы Оның жоспары бойынша өмір сүрсе, Ол оларды баталайды. Бағушы адамдарды үнемі Құдайдың басшылығына сүйене отырып өмір сүруге шақыруы керек, Құдайдың баталарын алу деген не екенін түсіндіріп, оларды Құдаймен қарым-қатынаста болуға ынталандыруы керек.

Келу аймағы ұғымы – ауданның барлық тұрғындары қауымдастықтың мүшелері дегенді білдірмейді. Қауым өз өмірін Құдайға арнаған адамдардан тұрады және мұндай адамдар қоршаған қоғамға әсер етеді.

Келу аймағы ұғымы – аудан қауымдастықты басқарады және оның құндылықтарын белгілейді дегенді білдірмейді. Қауымға деген Құдайдың аманаты бар: ол Құдайдың Сөзін ұстанады және қоғам алдында Құдай Патшалығының мүдделерін көрсетеді.

Қауым осы әлемге нұр мен тұз болуы керек болғандықтан, ол өз аймағын өзгертуге шақырылған.

«Исаның денесі ретінде қауым – бұл Оның еркін орындауға және Оның Патшалығының мүдделерін көрсетуге арналған қауымдастық».

Лари Смит, «Мен сенемін: мәсіхшілік сенімнің негіздері»

Ізгі хабардың басымдылығы

Көптеген қызметтер қоршаған ортаның материалдық қажеттіліктеріне жауап беретін бағдарламаларды қолдайды. Олар мүмкіндігінше барлық ресурстарымен көмек көрсетеді және бұл оларға тұрғындармен достасып, оларға Ізгі хабар уағыздауға көмектеседі деп санайды. Бұл жағдайда мақсат – Ізгі хабармен бөлісу мүмкіндігін құру болып табылады; осылайша сенушілер айналасындағылардың қажеттіліктеріне бейжай қарамайтындығын көрсеткісі келеді.

Олар жоспарды ұстанады: бағдарлама – қарым-қатынас – Ізгі хабар. Көбінесе көмек бағдарламалары ойлағандай болып шықпайды. Көмек мүмкін өзара беретін және қабылдайтынан басқа ешқандай қатынас жасай алмайды.

Кейде адамдар тек көмек алғылары келеді, ал Ізгі хабарға қызығушылық танытпайды. Жобаға қатысатын қызметкерлер тым көп жұмыс істеп, Ізгі хабармен бөлісу үшін уақыт

таппауы мүмкін; ал қабылдаушылар көмекті ала алғандарынша көп алады, содан кейін басқа біреуден көмек іздейді.

Формуланы дәл керісінше өзгерту керек: қауым алғашқы кездесуден бастап Ізгі хабарға баса назар аударуы керек.

► Ізгі хабар деген не?

Қауым әлемге Ізгі хабарды уағыздаған кезде, оған қоғамдағы жаңа өмірдің сипаттамасын қосу керек. Құтқарылу – бұл адамды жаңа өмірде өз-өзімен жалғыз қалдыратын жеке шешім емес. Күнәһарлар әдетте мәсіхшілік өмірмен таныстыратын сенім қауымдастығына тартылмайынша, Ізгі хабарды қабылдамайды.

Иса мен елшілердің қызметінен біз Ізгі хабарды Құдай Патшалығының «қуанышты хабары» ретінде көреміз. Бұл күнәһардың кешірім ала алатындығы және Құдаймен қарым-қатынасын қайта қалпына келтіре алатындығы туралы хабар. Адам күнәнің құлдығынан босатылып, жаңа жаратылысқа айналады; ол рухани бауырлары оны жігерлендіретін және мұқтаждықтарына көмектесетін сенім отбасына қосылады.

Қауым өзінің негізгі қызметі – Ізгі хабарды тарату екенін есте сақтап, сол бойынша үнемі жұмыс істеуі керек. Қауымның қызметінің мәні – адамдарды құтқару екенін бәрі білуі керек, сонда ол керек адамдарды – Ізгі хабарға қызығушылық танытатын адамдарды тартады. Бұл өз кезегінде Ізгі хабар арқылы жасалған қатынастар болып табылады.

Содан кейін қауым қауымдастықпен қарым-қатынастары бар адамдарға көмектесуі керек. Бұл адамдардың бәрі құтқарылмаған болуы мүмкін, бірақ олар Ізгі хабар арқылы тартылып, қауыммен қарым-қатынаста жүргендер.

Сондықтан өзгертілген формула келесідей: Ізгі хабар – қарым-қатынастар – көмек (бағдарлама емес). Қауым тек көмек бағдарламаларымен ғана шектелмеуі керек; қауым – бұл онымен қарым-қатынастары барларға көмектесетін адамдар тобы. Егер қауымдастық бағдарламалар ұйымдастырса, онда адамдар оларға қарым-қатынасты дамытпайды, тек бағдарламалар үшін ғана келеді.

Жеті қорытынды ұстаным

1. Нәтижелі қауым өз аймағында өзгерістер жасайды.
2. Біз маңайымыздағы адамдардың мұқтаждықтарына жауап бере отырып, оларға деген сүйіспеншілігімізді көрсетуге тиіспіз.
3. Қауымның миссиясының бір бөлігі – кедейлерге қызмет ету.
4. Қауым өзінің географиялық аймағындағы адамдарға қызмет етуі керек.
5. Қауым қоғамның қандай болуы керек екенін түсіндіруі және көрсетуі тиіс.
6. Ізгі хабарды тарату қызметі – қауымның басты басымдығы болуы керек.
7. Қауым адамдармен қарым-қатынас дамытып, содан кейін көмектесуі керек.

Тапсырмалар

1. 7-сабақ бойынша Жеті қорытынды ұстанымды есте сақтау керек. Студенттер жеті қорытынды ұстанымның әрқайсысына (барлығы жеті абзац) түсініктеме жазып, олардың мәні мен маңыздылығын тақырыппен таныс емес адамдарға түсіндіре алатындай етіп жеткізулері керек. Жазбаша жұмыс келесі сабаққа дейін жетекшіге тапсырылуы тиіс. Талқылау кезінде жетекші сұраса, студенттер топқа белгілі бір пункттер бойынша орындалған тапсырмалардың нұсқаларымен бөлісуге дайын болу керек. Келесі сабақтың басында студенттер есте сақтау қабілеті бойынша, жеті қорытынды ұстанымды жазу керек.
2. Студент сабақты немесе сабақтың бір бөлігін топтан тыс адамдарға өткізуді жоспарлауы керек. Сабақты өткізген сайын студент бұл туралы жетекшіге есеп беруі керек.
3. Тапсырма (сұхбат): Қауымға бармайтын бірнеше адамдармен сөйлесіңіз. Олардан қауымдастықтың олардың аймағына қалай әсер ететінін сипаттауды сұраңыз. Естігендеріңізден қорытынды жасаңыздар.

8-сабақ

Жергілікті қауымды қаржылық қолдау

Исаның нұсқаулары

► Студенттердің біріне дауыстап Лұқа 10:1-9 оқуды ұсыныңыз. Иса шәкірттерін қызметке жіберген кезде оларға қандай ерекше нұсқау берді?

Шәкірттері Ізгі хабарды Иса жіберген көптеген ауылдарда бірінші болып уағыздады. Мәсіхтің шәкірттерін қамтамасыз ете алатын барлық ресурстары мен күші болды. Ол оларға қажеттінің бәрін сатып алуға және басқа адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға жеткілікті ақша беретін; өздері үшін және уағыздайтын адамдары үшін нан мен балықты көбейте алатын; олар барған кез-келген елді мекенді тамақпен қамтамасыз ете алатын күш бере алды.

Бірақ Иса оларды ақшасыз жіберіп, адамдардың көмегіне тәуелді болатынын айтты. Шәкірттер Исаның нұсқауларына құлақ асып, нәтижесінде ешқандай мұқтажтық көрмеді¹¹.

► Неліктен Мәсіх дәл осындай әдісті таңдады?

Шәкірттердің қызметі қажетті адамдарды тартты. Олар Ізгі хабарды бірінші болып уағыздағандықтан, Ізгі хабарға қызығушылық танытқан адамдар келе бастады. Шәкірттердің қажеттіліктері болғандықтан, оларға көмектескісі келетін адамдар пайда болды. Нәтижесінде олар қауымның бастамасына ең жақсы адамдарды жинады.

Егер шәкірттер ауылдарға қажеттінің бәрімен барып, оларға керек нәрселерді бере бастағанда не болар еді? Олар дұрыс емес адамдарды тартатын еді. Олар тек бір нәрсе алғысы келетін адамдарды жинайтын еді. Осыдан кейін, қызмет – тарату жалғасқан жағдайда ғана дами алар еді, сонымен қатар беретін ештеңе болмаса, өсе алмайтын еді. Оларға ешкім тегін көмектесе алмайтын еді және қауымның бастамасы үшін адамдар тобы да болмас еді.

Иса оларға ұсынған әдіс қауымның бастамасы бола алатын топты жинады. Олар Ізгі хабарды таратуға және көмектесуге дайын адамдар болды. Қауымның бастамасының дұрыс болғаны маңызды.

¹¹ Лұқа 22:35.

Жергілікті қауымдастықтың жергілікті қауымды қаржылай қамтамасыз етуі керек себептер

► Жергілікті қауымдастық неге қауымды қамтамасыз етуі керек? Төмендегі тізімді қарастырмас бұрын, өзіңіз бірнеше нұсқа келтіріңіз.

- 1. Иса белгілі бір жердегі қызмет дұрыс басталуы керек екенін көрсетті.** Ол шәкірттерінің қызметі Ізгі хабарға қызығушылық танытатын және көмектесуге дайын адамдар тобын тартуы үшін, оларды ақшасыз жіберді.
- 2. Құдай Жаңа Келісім қауымына нұсқау берді.** Олар Иерусалимдегі алғашқы қауымға қолдау жіберулері (Қорынтт. 1-хат 16:1-3; Қорынтт. 2-хат 8:1-7, 9:1-6), жесірлер мен басқа да мұқтаж адамдарға қамқорлық көрсетулері (Тимотеге 1-хат 5:16; Жақыптың хаты 1:27, 2:15-16), сондай-ақ, қызметке толық қатысатын адамдарды қолдаулары (Ғалатт. хат 6:6) тиіс болды.
- 3. Құдай әрбір қауым өз орнында Мәсіхтің денесі болу үшін, оны жабдықтайды** (Қорынтт.1-хат 12:27). Бұл жетілген қауым шешім қабылдап, өзінің қызметі үшін аян-мақсат қоя алады дегенді білдіреді. Егер қауым қаржылық жағынан тәуелді болып, сыртқы жетекшілердің нұсқауларын күтетін болса, жетілген қауым ретінде қызмет ете алмайды. Қауымның жетілуіне жергілікті қауымдастықтың қолдауы қажет.
- 4. Құдай ондық беретін адамдарды қаржылай баталайды.** Ондықты бермейтін адамдардың қаржысы қарғысқа ұшырайды (Малахи 3:8-10).
- 5. сыртқы қаржыландыруға тәуелділік жергілікті қауымды осал етеді.** Ұлттық және Халықаралық экономика тұрақсыз. Егер шетелдік демеушілер ақша беруді тоқтатса, оларға тәуелді қауым зардап шегеді.
- 6. бағушыларды олар қызмет ететін адамдар қолдауы керек (Ғалатт. хат 6:6).** Жергілікті қауымдастық бағушының адал немесе адал емес екенін: ол қызметке өзін қаншалықты арнайтынын және қанша уақыт пен күш жұмсайтынын біледі. Бағушы қауымнан тыс адамдардан ұзақ мерзімді қолдау алмауы керек.

► Егер қауым шетелдік қаржыландыруға тәуелді болса, қандай мәселелер туындауы мүмкін?

Қызметтің қаржылық ережелері жергілікті қауымның орталығына негізделген

Халықаралық миссия немесе деноминация қауымдарға көмек көрсетудің белгілі бір қағидаларын ұстануы керек. Ұйымдар қауымдарды тәуелдендірмей, күшті ету үшін оларға абайлап көмек көрсетулері керек. Төменде деноминацияларда болуы мүмкін ережелердің мысалдары келтірілген.

- 1. Ондық туралы мәсіхшілік қаржыландырудың негізі ретінде айту.** Егер қауымдастық ондық бермесе, Құдай қауымның қаржысына батасын бермейді.

Егер қауым мүшелері қолдарынан келгеннің бәрін қазір жасамаса, онда олар қызметті қаржыландыру туралы қате түсінікке ие. Сырттан келетін көмек жағдайды одан сайын нашарлатуы мүмкін.

2. Тек қаржы берудің орнына, тұрақты табыс әкелетін жобалар ұйымдастыру. Ұйым қауымның шетелдік қаржыландыруға тәуелді болмай, қаржылық жағынан мықты болуға көмектесетін жобаларға ақша жұмсауы керек. Егер қауым бірлестігі қауымға айлық жалақы беретін болса, онда ол өзін-өзі қамтамасыз ету үшін қауымға қалай көмектесуге болатындығы туралы ойлануы керек.

3. Жергілікті қауым ешқашан қаржыландыра алмайтын қызметтерді бастамау. Ұйымдар барлық уақытта сыртқы қаржыландыруға тәуелді болатын жобаларды бастамауы керек. Мақсат – жергілікті қауымға тиесілі болатын және онымен қаржыландыратын қызметті немесе кәсіпорындарды ұйымдастыру. Мысалы, мектеп жергілікті қауымның қызметі болуы мүмкін.

Жергілікті қауымдастық қаржыландыра алмайтын кез-келген қызмет қысқа мерзімді, тәуелділік тудырмайтындай, тез арада мақсатқа жететін болуы керек (мысалы, конференциялар мен семинарлар).

4. Жергілікті қауымның жетекшілігін елемей қоймай, керісінше күшейту. Сырттан келген немесе жоғары дәрежелі жетекшілер жергілікті қызметкерлерге қарамай, көмек көрсеткен кезде, бұл қызметкерлер тиімсіз деген сияқты әсер қалдырады. Қауымдағы адамдарға тікелей қаржы берудің орнына, ұйым қауым жетекшілеріне қауымдастықтың қажеттіліктерін қанағаттандыруды үйретуі керек.

► Қызметке көрсетілетін дұрыс емес көмектің қандай мысалдарын білесіз? Дұрыс көмектің қандай мысалдарын кездестірдіңіз?

Көмек индустриясын құрудан қалай аулақ болуға болады

Қауым «көмек индустриясын» құру арқылы өзінің басымдықтарынан алшақтамауы керек. Көмектесуге дайын адамдар мен ұйымдар бар, бірақ олардың мұқтаж адамдармен тікелей байланыстары болмайды, сондықтан «көмек ұйымдары» құрылады. Бұл демеушілерден ресурстар жинайтын және оларды тарататын құрылымдар. Кейде мұндай ұйымдардың әкімшілігі жиналған қаржыдан жалақы алады. Бұл жағдайда әділетсіздік жағдайлары да кездеседі. Содан кейін демеушілер де, қолдау көрсететілетін адамдар да алданады. Көмек белгіленген мақсатқа сай көрсетілсе де, мәселелердің бірі – мұндай ұйымдар адамдардың нақты қажеттіліктерін түсінудің орнына, демеушілердің көңілін табуға тырысады.

Қайырымдылық ұйымдары әдетте жергілікті қауымдарды айналып өтеді. Бұл қауымның көмек алатын адамдармен қарым-қатынасын елемейтін етіп береді. Алайда

қайырымдылық қауым арқылы – адамдардың жағдайын білетін жетекшілер арқылы және қауымның маңыздылығын дәріптейтін жолмен көрсетілсе, жақсы нәтиже береді.

Егер ұйым кедейлердің негізгі (тамақ сияқты) қажеттіліктерін өмірлік жағдайларының өзгеруіне ықпал етпестен қанағаттандыратын болса, бұл мұқтаждарда тәуелділік тудырады. Жеткілікті ресурстарға ие бола отырып, олар тәуелді адамдардың үлкен қауымдастығын құруы мүмкін. Егер олар мұны ұзақ уақыт жалғастырса, олар тұтынушылардың жаңа ұрпақтарын өсіреді.

Қызмет көмек индустриясының бір бөлігіне айналмауы және өзінің негізгі басымдықтары туралы ұмытпауы керек. Егер жоғарыда айтылғандай жасайтын болса, онда бұл қауымға да, мұқтаж адамдарға да зиянын тигізеді.

► Көмек индустриясының қандай мысалдарын көрдіңіз және олардың нәтижелері қандай болды?

Құдайдың бағушыны қаржыландыру жоспары

► Студенттердің біріне дауыстап Заңды қайталау 18:1-5 оқуды ұсыныңыз. Бұл үзіндіде қызметті қаржылық қолдау туралы не айтылады?

Барлық уақыттарын қауымға арнаған қызметкерлерді қаржылық қолдау – Көне Келісімде ғибадат формасын құрған кезден бастап Құдайдың жоспары болды. Ғибадатта жұмысы үшін қызметкерлерге қолдау көрсетілді. Леуіліктер өз мұралық үлестерін алмады, өйткені олар оны өңдеуге қатыспаулары керек болды.

«Ешқандай қауымға қосылмайтын қаңғыбас адамдарды жоғарылатпайық, себебі олардың ойлары еш жерде жүзеге аспайды; оларға үнемі бір нәрсе жетіспейді».

Филипп Меланхтон

Алайда, Израил халқы ғибадатқа деген адалдықтан тайынған кезде, діни қызметкерлерді қаржыландыру да қысқарды. Израилдің сенімсіздігінің белгісі – қызметкерлердің киелі үйден кетіп, өмір сүру үшін жұмыс іздеуге мәжбүр болғандығы болды (Нехемия 13:10).

► Студенттердің біріне дауыстап Қорынтт. 1-хат 9:1-14 оқуды ұсыныңыз. Бұл үзіндіде қызметті қаржылық қолдау туралы не айтылады?

Пауыл Ізгі хабарды уағыздаушылар қызметтері үшін қаржылық қолдау алу керектігі – Құдайдың жоспары екенін айтты, Көне Келісім жүйесінде сияқты (Қорынтт. 1-хат 9:13-14).

Пауыл бірнеше мысалдарды қолданды. Астық бастырушы өзі өсіретін астығымен күн көреді. Малшы малының сүтін ішеді. Жауынгер өз жалақысын өзі төлемейді.

Елші «бағушы барлық назарын қызметке аударуы керек» дейді. Ол үшін ең жақсы әдіс – басқа жұмыс орындарынан кету (6-аят). Елші «қызмет бағушының әйелі мен балаларын да қамтамасыз етуі керек» дейді (5-аят).

► Студенттердің біріне дауыстап Тимотеге 1-хат 5:17-18 оқуды ұсыныңыз. Бұл Жазба үзіндісінде қызметті қаржылық қолдау туралы не айтылған?

Елші жетекшілердің ерекше құрметке лайық екенін баса айтады. 18-аяттан біз қаржылық қолдаудың құрмет екенін білеміз.

► Студенттердің біріне дауыстап Ғалатт. хат 6:6 оқуды ұсыныңыз.

Қызметтен пайда көретін адам оны қаржыландыруға көмектесуі керек.

Қауымның қалыптасуының стандартты процесі

Бірінші ғасырдан бастап бүгінгі күнге дейін қауымдардың көпшілігі үйлерде жиналатын шағын топтардан басталды. Алғашқы 200 жыл ішінде қауым ғимараттары болған жоқ, бірақ соған қарамастан мәсіхшілік тез таралды. Кейбір қалаларда мыңдаған адамдар қауымдық қарым-қатынас құрамында болды, бірақ олар кішкентай үй топтарында кездесті.

Пауыл саяхаттап, Ізгі хабар таратып жүрген кезде, оның басты міндеті – әр жерде қауымдар отырғызу болды. Оның әдісі бағушыларды тағайындауды қамтыды (Елшіл. істері 14:23; Титке хат 1:5). Қауым жетекшісі сол жерде өмір сүріп, оның бір бөлігі болған адам болды.

Бағушы әдетте өз қызметін қаржылық қолдаусыз бастайды. Ол миссионерге көмектеседі немесе миссионерлер болмаған кезде Ізгі хабарды өзі уағыздай бастайды, өйткені оның көмектесуге деген құлшынысы болады. Ол рухани дарындары мен қызмет ету қабілеттерін қызметте қолданады және мұны ақы үшін емес, рухани ниетпен жасайды.

Сенушілер тобы құрылған сайын, бағушының міндеттері артып, оларды орындау көп уақытты ала бастайды. Топ өз уақытын қызметке арнауы үшін бағушыны қаржылай қолдау керек екенін көруі керек. Қолдау алдымен толықтай болмауы мүмкін, бірақ біртіндеп артуы тиіс.

► Бағушы болғысы келетін, бірақ қаржылық қолдауды күтетін адамға не айтар едіңіз?

Ерекшеліктер

Пауыл бағушыларды қаржыландыру – Құдайдың жоспары екенін түсіндірді, бірақ ол кейде өз қызметінде ерекше жағдайлар жасады. Кейбір жерлерде ол өзін қамтамасыз ету үшін жұмыс істеді (Салониқал. 1-хат 2:9; Салониқал. 2-хат 3:8).

Қауым жаңадан құрылған кезде, өзінің бағушысын толықтай қамтамасыз ете алмауы мүмкін. Миссионер Ізгі хабарды уағыздау үшін жаңа жерге барғанда, толықтай қамтамасыз етілмеуі мүмкін. Сондықтан уағыздаушы Құдайдың уағыздауға деген шақыруына мойынсұнып, ергісі келетін адам болуы керек. Ол мұны тіпті оған ақы төленбесе де жасайды, өйткені бұл қызмет шын жүреппен істеледі.

Егер бағушы өзін-өзі қамтамасыз ету үшін жұмыс істегісі келмесе және қаржылық қолдаусыз уағыздағысы келмесе, онда оның бойында Құдайдың тиісті сүйіспеншілігі жоқ. Кейбір адамдар ақша алу үшін, Құдай үшін жасамайтын нәрсені жасайды. Біз Құдай үшін бәрін жасауға дайын болуымыз керек. Егер бағушы өзін жұмыс істеуге және өзін-өзі қамтамасыз етуге тым маңызды деп санаса, ол Пауылдың мысалын еске түсіруі керек. Одан асқан миссионер болған емес және елші өзінің қызметін орындау үшін қажет нәрсенің бәрін жасауға дайын болды.

Пауыл Құдай оны шақырғандықтан Ізгі хабарды уағыздағанын айтты. Ол Ізгі хабарды Иемізге ұнамды болу үшін таратты. Уағыздаушының ерекше міндеті бар және егер ол мойынсұнбаса, оны Құдай айыптайды (Қорынттық. 1-хат 9:16-17).

► Бағушының өз қызметін орындау үшін қандай уәжі болуы керек?

Елші Петір бағушы отарға оларды тамақтандыруға және қорғауға деген ықыласпен қарау керек, ал ақша оның басты мақсаты болмауы керек деді (Петірдің 1-хаты 5:1-2).

Димас елші Пауылдың көмекшісі болды, бірақ ол осы дүниені жақсы көріп, Пауылды тастап кетті (Тимотеге 2-хат 4:10). Димастың қандай артықшылығы бар болғанын елестетіп көріңіз – ол Пауылмен бірге қауымның бірінші буынында қызмет етті! Бірақ ол бай болғысы келгендіктен бәрін тастап кетті. Кейбір бағушылар әлемді Құдайдан гөрі қаттырақ жақсы көреді. Олардың белгілі бір бөлігі қауымнан кетеді, ал басқалары әлемде бағаланатын нәрселерді алу үшін қызметті пайдаланады.

Жалған тәлім берушілердің сипаттамасы – олар барлығын тек ақша үшін жасайды (Титке хат 1:11; Петірдің 2-хаты 2:3).

► Студенттердің біріне дауыстап Қорынтт. 2-хат 12:17-18 оқуды ұсыныңыз. Осы үзіндіден Пауыл мен Тит туралы не білеміз?

► Студенттердің біріне дауыстап Філіпіл. хат 2:19-22 оқуды ұсыныңыз. Осы үзіндіден Тимоте туралы не білеміз?

Пауыл бізге Құдайға деген сүйіспеншіліктің негізінде қызмет етудің үлгісін көрсетті; Тимоте мен Тит оның үлгісімен жүрді (Філіпіл. хат 2:19-22; Қорынтт. 2-хат 12:17-18).

Қаржылық есептілік

Жергілікті қауымда қаржылық есеп беруді құру маңызды. Елші Пауыл біз үшін осы салада үлгі болды. Ол бір қауымдастықтан екіншісіне беру үшін ақша жинағанда, ештеңе жасырын түрде жасалмағанын растайтын куәгерлер болды (Қорынтт. 2-хат 8:20-21).

Көптеген адамдар ақшаны басқаратын адамдарға сенбейді, олар қаржыны ұрлауы мүмкін деп күдіктенеді. Олар сонымен қатар көптеген бағушылар тек ақша үшін қызмет етеді деп сенеді. Жергілікті қауым үшін олардың бағушысына сенуге болатындығын дәлелдейтін қаржылық есеп беру жүйесін құру өте маңызды.

► Қауым қандай жолмен қайырымдылықтың адал пайдаланылатынын көрсете алады?

Дұрыс қаржылық есептілік үшін қайырымдылықты бір адам емес, бірнеше адам жинап, санауы керек. Бағушыдан басқа біреу жиналған ақшаның қалай жұмсалғаны туралы есеп жүргізуі керек.

Кейбір қауымдастық жетекшілері барлық жиналған ондықтар оларға тиесілі деп айтады. Киелі кітап мұны растамайды: ондық көптеген мақсаттарда қолданылды (Заңды қайталау 26:12).

Бағушы ондық пен қайырымдылықты қауымның қызметіне қамқорлық жасай алатындай етіп үлестіруге көмектесуі керек. Егер қаржыны адал пайдаланатынын көрсе, қауымдастық көбірек беруге дайын болады.

Жеті қорытынды ұстаным

1. Жаңа жердегі қызмет дұрыс адамдарды тартуы үшін Ізгі хабарды басымдыққа айналдыруы керек.
2. Жетілген қауым сырттан қаржыландыруға немесе сырттан жетекшілікке тәуелді болмайды.
3. Ұйымдар қауымдарға жергілікті қаржыландыруды әлсіретпейтіндей етіп көмектесуі керек.
4. Көмек көрсететін құрылымдар адамдарды сырттан қаржыландыру есебінен тәуелді етіп, қауым қызметіне жиі кері әсерін тигізеді.
5. Қауым бағушы өзін қызметке толығымен арнай алуы үшін, оны қамтамасыз етуі керек.
6. Қауымда қауымдастықтың адалдығын дәлелдейтін есеп беру жүйесі болуы керек.
7. Құдайға деген сүйіспеншілік пен адамдарға қызмет етуге деген ұмтылыс бағушының негізгі қозғаушы күші болуы керек.

Тапсырмалар

1. 8-сабақ бойынша Жеті қорытынды ұстанымды есте сақтау керек. Студенттер жеті қорытынды ұстанымның әрқайсысына (барлығы жеті абзац) түсініктеме жазып, олардың мәні мен маңыздылығын тақырыппен таныс емес адамдарға түсіндіре алатындай етіп жеткізулері керек. Жазбаша жұмыс келесі сабаққа дейін жетекшіге тапсырылуы тиіс. Талқылау кезінде жетекші сұраса, студенттер топқа белгілі бір пункттер бойынша орындалған тапсырмалардың нұсқаларымен бөлісуге дайын болу керек. Келесі сабақтың басында студенттер есте сақтау қабілеті бойынша, жеті қорытынды ұстанымды жазу керек.

2. Студент сабақты немесе сабақтың бір бөлігін топтан тыс адамдарға өткізуді жоспарлауы керек. Сабақты өткізген сайын студент бұл туралы жетекшіге есеп беруі керек.
3. Тест: студенттер жергілікті қауымдастықтың неге өзін-өзі қаржыландыруы керек алты себебінің кемінде бесеуін, сондай-ақ қызметтің төрт қаржылық ережесін есте сақтау қабілеті бойынша жазуға дайын болулары керек.

9-сабақ

Ондық

Кіріспе

Ондық тақырыбы кейбір қауымдарда қарама-қайшы пікірлер тудырады. Кейбіреулер ондықтың идеясы рақым арқылы құтқарылу іліміне сәйкес келмейді деп санайды және бұл құтқарылғандықтың ақысы іспетті дейді. Басқалары қауымды қаржыландыру үшін жауапкершілікті өз мойнына алғылары келмейді. Олар қанша қажет деп санаса соншалықты ақша және қашан қажет деп санаса, сол уақытта береді. Бұл сабақта біз ондықтың інжілдік негіздері мен тәжірибелік мақсаттарын қарастырамыз.

► Адамдар ондық бермеудің қандай себептерін айтады?

Бәрінің Иесі

Мәсіхші бүкіл ғалам Құдіретті Құдайдың билігінде екенін түсінеді. Біз – бізді Жаратушы, Құдайға тиесіліміз. Ол бізді жаратты, қабілеттер берді және біз қолданатын барлық ресурстарды жасады. Барлығын Ол арқылы жаратылған, Оның күші мен даңқы үшін бар (Қолост. хат 1:16-17).

Біз сондай-ақ, құнымыздың өтелуі арқылы Құдайға тиесіліміз. Ол біздің құтқарылуымыз үшін Өзін құрбандыққа берді, күнәларымыз үшін тартылуға лайықты соттан құтқарды. Біз оған өмірімізбен қарыздармыз, өйткені Иса біз үшін өліп, қайта тірілді (Қорынтт. 2-хат 5:14-15).

Біз сондай-ақ, азат етілуіміз арқылы Құдайға тиесіліміз. Біз, күнәһарлар, шайтан мен күнәнің билігінде болдық. Құтқарылу бізді зұлымдықтың құлдығынан босатады (Елшілердің істері 26:18).

Біз Құдайға тиесілі болғандықтан, бізде бардың бәрі де Оған тиесілі.

► Құдай үшін меншігіңіздегі заттарды қалай қолданатындығыңызға мысал келтіріңіз.

Құдайдың ерекше бұйрықтары

Кейде Құдай нақты нұсқаулар беру арқылы біздің мүліктің барлығына иелік ететінін көрсетеді. Құдайдың материалдық саладағы нұсқауларына мойынсұнған кезде, біз Оған барлық жағынан мойынсұнуға дайын екенімізді көрсетеміз.

Мысалы, Құдай Адам мен Хауаны Едем бағына орналастырған кезде, оларға белгілі бір ағаштың жемістерін жеуге тыйым салды. Бір нақты бұйрыққа мойынсұну – барлық жағынан мойынсұнушылықтарын көрсетті.

Құдайдың нақты талаптары біздің мойынсұнып өмір сүруімізге мүмкіндік береді. Егер адам өмірінің бір саласында Құдайдың нұсқауларына бағынбаса, бұл бағынбау адамның Құдайдың жалпы бұйрықтарына бағынбайтындығын көрсетеді.

Бір әйел бағушыға келіп, Құдайдың неге оны баталамайтынын түсінбейтініне шағымданды. Бағушы одан «Құдайға мойынсұнасың ба?» деп сұрады. Ол: «Ия, мен дұрыс нәрсе істеуге тырысамын. Нені басқаша жасауым керек екенін білмеймін» дейді. Бағушы оған қауымға келмей кеткендігін еске салды. Ол: «Құдай сізден талап ететін кейбір нәрселер туралы білмеуіңіз мүмкін, бірақ сіз жексенбіде Құдай сізден не күтетінін нақты білесіз. Егер сіз сол күні Оған ұнамды нәрсе жасамасаңыз, онда сіз басқа күндеріде де Оған мойынсұнбайсыз», – деді.

Киелі кітапта адам өмірінің әртүрлі аспектілеріне қатысты арнайы бұйрықтардың бірнеше мысалдары бар. Құдай адамдарды мойынсұнғаны үшін баталап, бағынбағаны үшін жазалады. Бата мен жаза белгілі бір талапқа сай өмір бөлігіне ғана әсер еткен жоқ: адамның таңдауы оның бүкіл өміріне әсер етті.

Ерекше бұйрықтардың мысалдары

(1) Едем бағындағы тыйым салынған ағаш.

Құдай Адам ата мен Хауа анаға белгілі бір ағаштың жемісін жеуге болмайды деді. Олар Құдайға мойынсұнбастан бұрын, Оның батасын алып, Онымен бірге тұрды. Олар бұйрықты бұзған кезде Едемнен қуылып, Құдаймен қарым-қатынасты бұзып, бүкіл адамзатқа қарғыс әкелді (Жаратыл. баст. 3:17-19).

(2) Жетінші күн.

Сенбі күніне Құдай шектеу қойды. Бұл күні адамның Құдайға бағынбауы, оның басқа күндері де Оған бағынбайтындығын көрсетеді. Құдайдың өсиетіне бағынбау адамдардың өмірінің барлық басқа аспектілеріне әсер ететін қарғыс әкелді (Ишая 58:13).

(3) Иерихон.

Израил уәде етілген жерге кіргеннен кейін, қиратылған алғашқы қала Иерихон болды. Құдай Иерихоннан алынған барлық нәрсені Оған бағыштауды талап етті. Басқа қалаларда алынған нәрселер үшін мұндай бұйрық болған жоқ. Бағынбаудың нәтижесі – шайқастағы жеңіліс, 36 адамның, сондай-ақ бұйрықты бұзған отбасылардың өлімі болды (Ешуа 7:5).

(4) Саул және амалектіктер.

Құдай Израил патшасы Саулға амалектіктерді жоюды – барлық адамдар мен жануарларды өлтіруді бұйырды. Саул олардың кейбірін тірі қалдырды. Ол нақты бұйрыққа мойынсұнбаса да, Иемізге мойынсұнғанын айтты. Құдай Саулдан патша ретінде бас тартты (1 патшалықтар 15:3, 9, 20-23).

(5) Жер үшін сенбі.

Әр жетінші жыл сайын жер тынығуы керек еді. Адамдар Құдайға мойынсұнбады және бұл нұсқауды орындамады. Астық бастырушы Құдайға мойынсұнбай жетінші жылы жер үшін сенбіні сақтамаса, оның басқа жылдары да Құдайға мойынсұнбағаны анық. Адамдар Иемізге мойынсұнбаған кезде, Құдай оларды толығымен жерден айырды. Жер үшін сенбі жетпіс жыл тұтқында болғанда орындалды (Шежірел. 2-ж. 36:21).

(6) Алғашқы жемістер.

Израилдіктер өнімдерінің алғашқы жемістерін Құдайға берулері керек болды. Егер олар мойынсұнса, Құдай егінге батасын берді (Нақыл сөздер 3:9-10). Бата тек берілген бөлікке ғана емес, сонымен қатар өрістерден жиналған барлық нәрсеге де қатысты болды. Егер талаптарды орындамаса, олардың жерлері баталанбады. Егер адам Құдай талап ететін нақты бір нәрсені орындамаса, ол Құдайдың басқа нұсқауларына да бағынбайды.

(7) Ондық.

Құдай ондық беруді бұйырады. Егер адам мұны орындамаса, онда ол оның ақшасы Құдайға бағынышты емес екенін көрсетеді. Ол қалған ақшасының 90%-ын да Құдайдың даңқы үшін пайдаланбайды. Құдай ондық беретіндердің өніміне батасын береді (Малахи 3:10). Егер адам қызметті қолдау үшін құрбандық бермесе, оның барлық мүлкі қарғысқа ұшырайды (Хаққай 1:6).

Дүкен иесі сапарға аттанды. Кетер алдында ол өз қызметкеріне: «дүкенге қарап, еденді сыпыруды ұмытпа», – деді. Ол қайтып келгенде, еденнің сыпырылмағанын көрді. Қызметкер оған: «Мен дүкенге қарап жүрдім», – деді. Иесі: «сен мен берген нақты нұсқауларды орындамағандықтан, қалған жұмысты істегенде маған емес, өзіңе ұнайтынды жасағаныңды білемін», – деп жауап берді.

► Адам Құдайға мойынсұнатынын қалай көрсете алады?

Ондықтың бастапқы мақсаттары

► Ондық не үшін қолданылды?

Ондық Көне Келісімдегі діни қызметкерлерді қамтамасыз етті (Руларды санау 18:20-21). Леуіліктер мен діни қызметкерлер жер үлесін алмады (Занды қайталау 18: 1-4); олар киелі үйдегі қызметтері үшін қаржылық қолдау алулары керек болды. Құдайдың жоспары Леуіліктердің бизнеске араласпай, қызметке көңіл бөлуі болды.

Ондық киелі үйдегі ғибадат үшін және оған жауаптыларды қолдау үшін қолданылды. Ондық жарлылар шақырылатын қауымның бірлесіп ғибадат етуді мерекелеу үшін де қолданылды (Занды қайталау 12:17-18, 14:22-29). Ондықтар кедейлерге, жетім-жесірлерге және жат жұрттықтарға көмектесу үшін бөлінген (Занды қайталау 26:12).

► Бүгінде ондықтың қолданылуы қалай ерекшеленеді?

Адамдар ондықты адал ұсынған кезде ғана Құдайдан бата сұрай алды (Заңды қайталау 26:12-15). Ондықты өзіңе алу – Құдайдан ұрлау дегенді білдіреді. «Қоймаға» ондық әкелу ағыл-тегіл жарылқау береді (Малахи 3:8-10).

► Ондық беру үшін тым кедеймін дейтін адамға не айтар едіңіз?

Бүгінгі күні ондықтың өзектілігі

Кейбіреулер ондық жүйесі тек Көне Келісімге қатысты болды дейді.

► Ондық әкелу жүйесі Көне Келісім үшін ғана емес, қазіргі күнде де талап деп есептей аламыз ба?

(1) Ыбырайым

Ыбырайым Құдайдың Мұса арқылы білдірген Заңы Исраилге берілгенге дейін, Мәліксадыққа қолында барының оннан бір бөлігін әкелді. Бұл ондықтың Мұсаның өмір сүрген уақытысынан бұрын да жалпы қағида болғанын көрсетеді. Ондықты әкелу Көне Келісім заңынан басталмады: бұл қағида басынан бастап болды (Жаратыл. баст. 14:20; Еврейл. хат 7:4).

(2) Жақып

Жақып Құдайға барлығының оннан бір бөлігін беруге уәде берді (Жаратылыс 28:20-22), бірақ бұл кезде Құдайдың Мұса арқылы берілген заңы әлі болмаған; Жақып бұл Құдайға құрбандық шалу қағидаты екенін білді.

(3) Иса

Иса ондықты қолдады және оны тек Көнеге Келісімге тиісті деп айтқан жоқ (Матай 23:23).

(4) Пауыл

Пауыл қауым мүшелері өздерінің жағдайларына қарай «жексенбі күні» құрбандық берулері керек деді (Қорынтт. 1-хат 16:2), сондықтан олар қолдағы қаражаттарына сәйкес берулері керек еді. Он пайызға қатысты Көне Келісім нұсқаулары, Құдайдың оны ақылға қонымды үлес деп санайтынын көрсетеді. Бүгінде Құдайдың пікірі өзгерді деп ойлауға негіз жоқ.

(5) Бүгін

Қызметке өздерін толығымен арнағандарға қатысты Құдайдың жоспары өзгермеген. Бұл адамдар өздерінің қызметінен күн көрулері керек. «Иеміз Ізгі хабарды

«Кейде біреудің таңданып: «Бұл адам ондық берді!» деп айтқанын естиміз. Қандай масқара. Мен: «Яһудилердің арасында таңғажайып немесе көрнекті деп саналмайтын нәрсе – мәсіхшілер үшін таңқаларлық нәрсеге айналды ма?» – деп сұраймын. Егер сол кезде ондық бермеу қауіпті болса, қазіргі күні де бұл қауіпті».

Жохан Златоуст, б.з. 400 жылы жазылған Ефестіктерге арналған уағыздарда

уағыздаушылардың осы қызметтерімен күндерін көруіне әмір еткен». Құдай қызметкерлердің өмір сүру үшін ақша табуын және қызметке уақыт бөлуге мүмкіндігі болмауын жоспарламады. Қорынтт. 1-хат 9:11-14-те рухани пайда әкелетін адамды, ол қызмет ететін адамдар қаржылай қамтамасыз етуі керек делінген. Қорынтт. 2-хат 12:13-те қауымдар әдетте Пауылды, ол оларға қызмет еткен кезде қаржыландырды делінген.

Қауымның ережелері

Ондықты қауымың бағышталған мүшелерінен күткен дұрыс. Қауым құтқарылмағандардың ондық беруі туралы үйретпеуі керек.

Қауымға бірінші рет келген адам, ешқашан қауым одан ақша талап етеді деп сезінбеуі керек.

Қауым қауымдастықтың мүшелері болып табылмайтын және қонаққа келген адамдардан ондық алуға тырыспауы керек.

Қауым адамдардың ондық беруді құтқарылу кепілі ретінде қабылдамайтынына көз жеткізуі керек. Ешкім ондық құтқарылуға деген төлем ретінде көмектеседі деп ойламауы керек.

Қауым «төлем» талап етпестен қауымдастық пен қоғамға қызмет етуі керек.

Қауымның барлық мүшелері қауымның ақшасы қалай пайдаланылып жатқанын білуі керек. Ақшаны басқарудың ашық үдерісін қатаң сақтау керек, сонда ешкім қауымның адалдығына күмәнданбайды.

«Ондықты мамандығынның қандай екеніне қарамастан беру керек».

Августин

Ондық тек бағушыға ғана тиесілі емес, сонымен қатар қауымның қызметін қаржыландыру көзі болуы керек. Бірақ бағушыны қамтамасыз ету бірінші кезекте болуы керек.

Жеті қорытынды ұстаным

1. Біз және бізде бардың барлығы – Құдайға тиесілі.
2. Ондық беру – Құдайға және қауымға бағышталғандықтың белгісі.
3. Ондық бермейтін адам қаржы саласында Құдайға толықтай мойынсұнбайды.
4. Ондық – құтқарылу үшін төлем емес.
5. Ондық – Құдайдың қауым қызметін қамтамасыз ету жоспары.
6. Құдай ондық пен қаржылық құрбандық берушілерді баталайды.
7. Ондық – Құдай біздің өмірімізді толығымен қаржылай қамтамасыздандырады деп сенім артатынымызды көрсетеді.

Тапсырмалар

1. 9-сабақ бойынша Жеті қорытынды ұстанымды есте сақтау керек. Студенттер жеті қорытынды ұстанымның әрқайсысына (барлығы жеті абзац) түсініктеме жазып, олардың мәні мен маңыздылығын тақырыппен таныс емес адамдарға түсіндіре алатындай етіп жеткізулері керек. Жазбаша жұмыс келесі сабаққа дейін жетекшіге тапсырылуы тиіс. Талқылау кезінде жетекші сұраса, студенттер топқа белгілі бір пункттер бойынша орындалған тапсырмалардың нұсқаларымен бөлісуге дайын болу керек. Келесі сабақтың басында студенттер есте сақтау қабілеті бойынша, жеті қорытынды ұстанымды жазу керек.
2. Студент сабақты немесе сабақтың бір бөлігін топтан тыс адамдарға өткізуді жоспарлауы керек. Сабақты өткізген сайын студент бұл туралы жетекшіге есеп беруі керек.
3. Тапсырма (сұхбат): қауымыңыздың бірнеше мүшесінен ондық береді ме, әлде жоқ па және неліктен екенін сұраңыз. Қорытынды жазыңыз.

10-сабақ

Шомылдыру рәсімі

Шомылдыру рәсімінің шығу-тегі

► Студенттердің біріне дауыстап Матай 3:1-12 оқуды ұсыныңыз.

Жаңа Келісімде біз алғаш рет шомылдыру рәсімі туралы оны орындаушы Жақия пайғамбардың қызметінен көреміз. Алайда, оны шығарған Жақия пайғамбар емес. Парызшылдар иудаизмге бет бұрған басқа ұлттық адамдарды шомылдыру рәсімінен өткізіп, яһудилерді өткізбеді, өйткені олар барлық яһудилер Құдай халқына тиесілі деп ойлады. Жақия пайғамбар шомылдыру рәсіміне басқа мағына берді, сондықтан ол шомылдыру рәсімінен яһудилерді де өткізді.

► Жақия пайғамбар шомылдыру рәсімінен кімді өткізбеді? Неліктен? Бұл бізге осы рәсімге қойылатын талаптар туралы не айтады?

Кейбір парызшылдар шомылдыру рәсімінен өту үшін Жақия пайғамбарға келіп жатты, бірақ ол оларға рұқсат бермеді, себебі олар теріс жолдарынан қайтпаған еді.

Парызшылдар яһуди халқынан шыққандықтан, өздерінде мойындауы тиіс ешбір күнә жоқ деп ойлады. Жақия пайғамбар оларға нағыз Құдайдың халқы – Құдайды сүйетіндер мен Оған қызмет ететіндер екенін түсіндіргісі келді. Тек яһуди болып туылғанына байланысты ғана «Құдайдың халқымын» дейтін адамдар – жеміс бермейтін ағаштың бұтақтарына ұқсайды. Құдай оларды қабылдамайды.

► Студенттердің біріне дауыстап Жохан 3:22-23 және 4:1-2 оқуды ұсыныңыз.

Иса да Өзінің қызметінде шомылдыру рәсімінен өтудің маңыздылығын атап өтті. Ол шомылдыру рәсімінен өткізген жоқ, бірақ бұл істі шәкірттеріне сеніп тапсырды. Олар Жақия пайғамбардан да көп адамдарды шомылдыру рәсімінен өткізді.

► Студенттердің біріне дауыстап Матай 28:18-20 оқуды ұсыныңыз.

Жердегі қызметінің соңында, Иса шәкірттеріне бүкіл әлемге барып, барлық халықтарға тәлім беруді бұйырды. Иеміз оларға сенімге келгендерді шомылдыру рәсімінен өткізуді де өсиет етті.

Біз Матай 28:18-20-дегі бұйрық тек Исаның бірінші шәкірттеріне ғана арналмағанын білеміз: бұл қызмет көптеген ғасырлардан кейін аяқталады. Мәсіх олармен «дүниенің ақыр соңына дейін» боламын деп уәде берді, және бұл оның барлық уақыттағы қауымға қатысты екенін көрсетеді.

Біз Жаңа Келісім жазбаларынан бірінші ғасырдағы қауымның бұл өсиетті сөзсіз орындағанын көреміз (Елшіл. істері 2:38, 8:38).

► Студенттердің біріне дауыстап Қорынтт. 1-хат 1:12-17 оқуды ұсыныңыз. Неге Пауыл Қорынттағы көптеген адамдарды шомылдыру рәсімінен өткізбегеніне қуанды?

Шомылдыру рәсімінен өту – қауымға қосылуды білдірді. Қорынттықтарда әр түрлі жетекшілерге еруге негізделген бөліну пайда болды. Пауыл Қорынттағы сенушілерге шомылдыру рәсімінен өту – олардың белгілі бір жетекшілердің емес, Мәсіхтің ізбасарлары болғанын білдіретінін еске салды. Ол олардың бірнешеуін ғана шомылдыру рәсімінен өткізгеніне қуанышты болды. Себебі ол ешкімнің ол туралы «өзінің жеке шәкірттерін жасағысы келеді» деп ойлағанын қаламады. Елші өзінің ең маңызды қызметі – Ізгі хабарды уағыздау екенін баса айтты.

► Бұл үзіндіден алғашқы қауымда өткізілген шомылдыру рәсімі туралы не біле аламыз?

Бұл үзіндіден біз алғашқы қауымның Исаның өсиетін орындай отырып, сенушілерді барлық жерлерде шомылдыру рәсімінен өткізгенін білеміз. Шомылдыру рәсімі тек исаилдіктер үшін ғана және тек уақытша әдет болған жоқ. Ол Ізгі хабар таратылған барлық жерлерде орындалды.

Қауым шомылдыру рәсімін ең басынан бастап күнәһардың теріс жолдан қайтып, сенушілердің қауымдастығына қосылғаны туралы жария куәлік ретінде қолданды.

Көптеген адамдар шомылдыру рәсімінен бірден мәсіхші болған кезде өтпейді. Теріс жолдан бас тартқан күнәһар Мәсіхке сенген сәтте құтқарылады. Құтқарылғаннан кейін адам Исаға Иесі ретінде мойынсұнып, жаңа өмірді бастағанын көрсету үшін шомылдыру рәсімінен өтуі керек. Бірақ кейбір ерекшеліктер бар, өйткені кейбіреулер шомылдыру рәсімінен өту кезінде сеніп, сол сәтте тәубеге келеді. Алайда, әдетте, шомылдыру рәсімі – болып қойған нәрсенің куәлігі болып табылады.

«Мәсіхшілік шомылдыру рәсімі
- Иса Мәсіхтің құтқару
артықшылықтарын қабылдауға
баса назар аударатын
салтанатты рәсім; бұл сондай-
ақ киелілік пен әділдікке толық
мойынсұну уәдесі».

Вилей және Калбертсон,
«Мәсіхшілік теологияға кіріспе»

► «Шомылдыру рәсімінен өткен сәтте құтқарылдым» деп мәлімдейтін адамға не айтар едіңіз?

Жібермеуге тиіс қателіктер: шомылдыру рәсімі – тәубеге келудің бір бөлігі деп ойлау

Кейбір адамдар Жазбаларды талқылай отырып, шомылдыру рәсімін құтқарудың бір бөлігі, яғни адам шомылдыру рәсімінен өтпейінше құтқарылмайды деп айтады. Елшіл. істері 22:16-да Анания Саулға: «Орныңнан тұрып, Иеміздің атын айтып сиынып, шомылдыру рәсімінен өтіп күнәларыңнан арыл!», – деді. Алайда, әрбір мәсіхші біздің күнәларымыз Мәсіхтің қанымен тазаратынын біледі (Жоханның 1-хаты 1:7). Сумен шомылдыру рәсімінен өту – тек рухани өмірде болып жатқан нәрсені бейнелейді.

Анания Саулға рухани түрде сенімді қабылдауын физикалық түрде куәлік ету керек екенін айтты. Шомылдыру рәсімі оның күнәларының жуылғандығының куәлігі болды.

Еврейл. хат 10:22-де сенушілер Құдай алдына барғанда «(Мәсіхтің төгілген қаны) жүректерімізге «бүркіліп», ар-ұжданымыз күнә атаулыдан арылған әрі денеміз таза сумен жуылған болсын» дейді. Су – шомылдыру рәсімін білдіруі мүмкін. Бұл толығымен дәл емес. Бірақ соған қарамастан, аятта шомылдыру рәсімінің құтқаратыны туралы айтылмайды. Біз мұны істеуіміз керек дейді, өйткені бұл Құдайдың өсиеті.

Жохан 3:5-те Иса Никөдемге «судан және Киелі Рухтан туылу керек» дейді. Бұл мәлімдеме Никөдем түсіне алмаған «адамның қайта туылуы керек» деген сөзден кейін айтылады. Никөдем физикалық туылу туралы ойлады. Мәсіх адамның Құдайдың Патшалығына кіруі үшін физикалық түрде ғана емес, рухани жағынан да туылуы керектігін түсіндірді. «Судан туылу» - бұл физикалық туылу.

Шомылдыру рәсімі – Мәсіхке мойынсұнудың белгісі ретінде

Шомылдыру рәсімі адамды құтқарылуға дайындамайды. Кейбіреулер егер шомылдыру рәсімі бізге құтқарылуды бермесе, онда бұл рәсімді орындау қажет емес деп үйретеді. Олар адамдар рақым арқылы құтқарылудан гөрі, шомылдыру рәсімінен өту арқылы құтқарылуға сенетін болады деп алаңдайды. Бірақ біз Мәсіхтің кез келген өсиетіне мойынсұнуымыз керек және өсиеттерге бағыну біздің құтқарылуымызды қамтамасыз етеді деп ойламауымыз керек.

Шомылдыру рәсімі – рақымның құралы ретінде

Шомылдыру рәсімін – рақым алу құралы деп атауға болады. Бұл әрекет – бізді құтқарады немесе автоматты түрде рақым береді дегенді білдірмейді. Егер адам сенімсіз шомылдыру рәсімінен өтсе, онда оның мәні болмайды. Шомылдыру рәсімі – рақымға ие болу құралы, өйткені бұл – Құдай бізге орындауға бұйыратын әрекет. Ал егер біз оны мойынсұнушылықпен және сеніммен орындасақ, онда Құдайдың Рухы біздің жүрегімізде жұмыс жасап, бізді мәсіхшілік өмірде нығайтады.

► Не үшін біз шомылдыру рәсімінен өтуіміз керек?

Теологиялық бейнелеу

► Студенттердің біріне дауыстап Римд. хат 6:3-11 оқуды ұсыныңыз. Осы жазбаға сәйкес шомылдыру рәсімінен өту нені білдіреді?

Киелі кітапта «шомылдыру рәсімі – Мәсіхтің өлуін, жерленуін және қайта тірілуін бейнелейді» дейді. Сенуші шомылдыру рәсімінен өткенде, өзінің Мәсіх арқылы тазарып, жаңа өмір бастағаны туралы куәлік етеді. Елші «Иса Мәсіхпен тығыз байланысқан бәріміз Онымен бірге рухани өлдік. Шомылдыру рәсімінен өткеніміз соны білдіреді» дейді.

Біз құтқарылуды қабылдағанда, Мәсіхтің өлімінен алынған барлық артықшылықтарға ие боламыз, бірақ белгілі бір мағынада біз де осы өлімді бөлісеміз. Иса өзінің емес, бүкіл әлемнің күнәлары үшін өлді. Құтқарылғанда, біз де күнә үшін өлеміз, өйткені тәубеге келіп, одан бас тартамыз.

Римдіктерге арналған хаттың алтыншы тарауының тақырыбы – күнәні жеңу. Бұл тек кешірімге ғана қатысты емес. Сенушінің күнәнің құлдығынан азат етілуі керек екені анық (12-14-аяттар) және күнә жасай бермеуі қажет (1-аят).

Біз құтқарылған кезде, Исамен бірге қайта тірілеміз. Оның өлімнен қайта тірілгені сияқты, біз де күнә үшін өліп, жаңа өмір бастаймыз; біз жеңіс пен күнәдан азат өмірді бастаймыз.

«Бізге қажет рақым суда емес, шомылдыру рәсімі бейнелейтін Киелі Рухтың жұмысында; нан мен шарапта емес, бұл рәсім бейнелейтін күнәнің құнының өтелуінде».

Джон Милей,
«Жүйелі теология»

Шомылдыру рәсімінен өту әдістері бойынша келіспеушіліктер

Шомылдыру рәсімінен өту әдістері туралы келесідей сұрақтар туындайды: сенуші шомылдыру рәсімінен қалай өтуі керек: суға бату, су төгу немесе су себу арқылы?

Сенушілерді шомылдыру рәсімінен өткізетін мәсіхшілердің көпшілігі шомылдыру рәсімін суға батыру арқылы өткізеді.

Неліктен көптеген мәсіхшілердің суға бату - шомылдыру рәсімінен өтудің жалғыз дұрыс әдісі деп санайтынын бірнеше себептері бар.

1. «Шомылдыру рәсімінен өту» сөзі грек сөзінен шыққан, ол шомылдыру немесе батыру дегенді білдіреді.
2. Шомылдыру рәсімі суға бату арқылы Мәсіхтің өлуін, жерленуін және қайта тірілуін жақсы бейнелейді (Римдіктерге 6:3-5).
3. Киелі кітапта адамдар шомылдыру рәсімінен өту үшін суға кірген жағдайлар туралы ғана айтылады (Марқа 1:10, Елшіл. істері 8:38).
4. Алғашқы қауым денсаулығының нашарлығына немесе судың болмауына байланысты жағдайлардан басқа барлық кезде шомылдыру рәсімін суға батыру арқылы өткізді. «Дидахе» деп аталатын б.з. 70-ші жылдарының шамасында жазылған, елшілер арқылы Иеміздің барлық елдерге берген тәлімінде, егер су жеткіліксіз болса, шомылдыру рәсімін суды бүркіп себу арқылы өткізуге болады делінген.

Сондықтан көптеген мәсіхшілер суға батыру арқылы өткізу – шомылдырдыру рәсімінің інжілдік және тарихи түрі деп санайды.

Кейбіреулер шомылдыру рәсімінің тағы бір түрін інжілдік деп санайды. Көне Келісімде тазаруды бейнелейтін қанды бүркіп себу рәсімдері сипатталған. Жаңа Келісімде де қан бүрку туралы айтылады. Бұл әрекет күнәнің өтелуін білдіретіндіктен, мүмкін, суды бүркіп себу арқылы шомылдыру рәсімінен өткізу де сондай мағынаны білдіруі мүмкін. (Суды бүркіп себу туралы Киелі кітаптағы аяттар: Мысырдан шығу 24:8; Еврейл. хат 9:19-20, 10:22, 12:22-24; Руларды санау 8:6-7; Ишая 52:15; Езекиел 36:25; Петірдің 1-хаты 1:2).

Киелі кітапта шомылдыру рәсімінің қалай өткізілуі қажет екендігі туралы нақты айтылмағандықтан, біз бұл рәсімді бізден өзгеше орындайтын мәсіхшілерге төзімділікпен қарауымыз тиіс.

Нәрестелердің шомылдыру рәсімінен өтуі туралы даулар

Қауым – Құдаймен келісім бойынша өмір сүретін сенім қауымдастығы. Күнәһар адам теріс жолдан қайтқанда, ол қауымға қосылады. Ал шомылдыру рәсімінен өту – оның теріс жолдан қайтқаны туралы көпшілікке куәлік етуі болады.

Бірақ қауымға тиесілі мәсіхші отбасында туылған нәресте ше? Бала сенім қауымдастығының бір бөлігі, бірақ ол тәубеге келу үшін әлі тым кішкентай, сондықтан Құдай оны таңдау жасауға қабілетті болғанға дейін қабылдайды.

Кейбір қауымдар баланы шомылдыру рәсімінен өткізу керек, бұл оның сенім қауымдастығының бір бөлігі екенін көрсетеді деп есептейді. Егер шомылдыру рәсімінен өткен бала саналы жаста қауымның ілімдерін қабылдайтын болса, онда «растау» деп аталатын рәсім орындалады. Егер бала қауымда туылса және оған үйретілген нәрсені қабылдаса, оған тәубеге келудің қажеті жоқ деген пікір бар (Рим-католик қауымы, Лютерандық қауым, Англикан қауымы). Балаларды шомылдыру рәсімінен өткізетін басқа қауымдар тәубеге келу маңызды деп санайды. Мысалы, Джон Уэсли бастаған алғашқы әдіскерлер, адам нәресте кезінде шомылдыру рәсімінен өтсе де, тәубеге келуі қажет деп есептеді.

Көне Келісімдегі сүндеттеу де сондай мақсатпен жасалды деп санайтын адамдардың санаты бар. Олар бұл Құдаймен келісімнің белгісі болды және келісімнің мәнін түсіну үшін баланың ересек болуын күту керек болмады деп сенеді.

Алғашқы қауым сәбилерді шомылдыру рәсімінен өткізген болуы тиіс. Ипполит б.з. 212 жылы елшілік дәстүр туралы жазды. Ол балалардың шомылдыру рәсімінен өтуі керектігін, егер олар сөйлеуге тым кішкентай болса, ата-аналары олар үшін жауап бере алатындығы туралы айтты. Б.з. 248 жылы Ориген елшілердің сәбилерді шомылдыру рәсімінен өткізгенін жазды. Августиннің жазбаларында (б.з. 400ж.) біз қауым нәрестелерді шомылдыру рәсімінен елшілердің кезінен бері өткізіп келе жатқанын және нәрестені шомылдыру рәсімінен өткізуге қарсы болған адамдар туралы ешкімнен естімегені жайлы ақпаратты табамыз.

Елшілердің істерінде елшілер кейде бүкіл отбасын шомылдыру рәсімінен өткізді (11:14; 16:15, 33); олар балаларды да шомылдыру рәсімінен өткізді деп болжауға болады.

Нәрестелерді шомылдыру рәсімінен өткізуге деген қарсылықтар

1. Жаңа Келісімде сенушілер сенімдері туралы куәлік бергеннен кейін шомылдыру рәсімінен өтті. Бұл күнәларына өкініп, Ізгі хабарды қабылдаған адамдар болды. Біз нәрестелерді шомылдыру рәсімінен өткізу туралы бұйрық еш жерде жазылмаған.
2. Нәрестелерді шомылдыру рәсімінен өткізу – шомылдыру рәсімінің бастапқы мақсатын орындай алмайды. Сенуші күнә үшін өліп, Құдай үшін өмір сүреді деген куәлік келтірілмейді.
3. Нәрестелерді шомылдыру рәсімінен өткізудің тарихи нәтижесі – көп жағдайда өздерін мәсіхшілерміз деп санайтын, теріс жолдан қайтпаған адамдардың қауымдастығының құрылуына әкелді.

Кейбір қауымдар шомылдыру рәсімінен өткізудің орнына сәбилерді «бағыштайды». Бұл рәсімде ата-аналар баланы Құдайға бағыштап, оны мәсіхшілік дәстүр бойынша тәрбиелеуге уәде береді. Мұндай қауымдарда балалар тәубеге келудің мағынасы мен сенім негіздерін түсінетін жасқа жеткенше шомылдыру рәсімінен өтпейді.

Нәресте кезінде шомылдыру рәсімінен өткен адамдарға «шынайы шомылдыру рәсімінен өтпедің» деп айтудың қажеті жоқ. Оның орнына, адам тәубеге келіп, Ізгі хабарға сенбесе, құтқарыла алмайтынын атап өткен жөн. Егер адам күнәда өмір сүрсе, оның шомылдыру рәсімінен өтуі – оны мәсіхші деп санауға негіз болмайды.

Уақыт мәселесі

► Жаңадан сенімге келген адамды шомылдыру рәсімінен өткізу үшін қауым қанша уақыт күтуі керек?

Жаңа Келісімде жаңадан сенімге келгендер бірден шомылдыру рәсімінен өтті, ал шомылдыру рәсімі сенушіден жетілуді немесе білімді талап ететін рәсім емес еді.

Кейбір қауымдар шомылдыру рәсімінен өтуге дейін жаңадан сенімге келгендер рухани білім мен тәжірибе алуы тиіс деп талап етеді. Олар шомылдыру рәсімінен өткеннен кейін сенімнен бас тартатын адамдар саны аз болуы үшін, сенушілердің мәсіхшілік өмірдің жақсы үлгісі екеніне көз жеткізгісі келеді. Сондай-ақ олардың Құдаймен қарым-қатынасын көргісі келеді.

Шомылдыру рәсімі адамның жетілуінің немесе білімінің емес, теріс жолдан қайтуының куәлігі, сондықтан оны кейінге қалдыруға болмайды. Күту – бұл адамның тәубеге келгендігіне сенбеу дегенді білдіреді. Ал мұндай күмән оның сенімін әлсіретуі мүмкін.

Шомылдыру рәсімі рақымға ие болу құралы да болып табылады. Өйткені адам Құдайға мойынсұнып, оны көпшілікке жария еткенде, Иеміз оған оны нығайтатын рақымын төгеді. Егер біз жаңадан сенімге келген адамды шомылдыру рәсімінен өтуді күте тұруға мәжбүрлесек, оған өте қажетті көмекті көрсетуден бас тартамыз.

Егер сізге адам Ізгі хабарды түсінбейтін және оның өмірінде өзгерістер байқалмайтын болып көрінсе, оны шомылдыру рәсімінен өткізудің қажеті жоқ. Егер жоғарыда айтылғандар адамның өмірінде көрінетін болса, онда оны жақын арада шомылдыру рәсімінен өткізу керек. Бұл оның сенімін нығайтуға көмектеседі.

Шомылдыру рәсімінен өтуді кейінге қалдыру

Кейде өздерін мәсіхшіміз деп атайтын адамдар шомылдыру рәсімінен өтуді кейінге қалдырғысы келеді. Олар Ізгі хабарға сеніп, тәубеге келгендерін айтады. Бірақ олар әлі шомылдыру рәсімінен өтуді қаламайды. Бұл рәсім көп жылдарға, кейде тіпті өлгенге дейінгі күнге дейін кейінге қалдырылады.

Әдетте, егер адам шомылдыру рәсімінен өткісі келмесе, ол одан күтілетін қандай да бір бағышталу туралы ойлап, сондықтан бас тартады. Ол өзін қауымға бағыштағысы келмеуі мүмкін. Немесе оның әлі тастамаған күнәсі бар болуы мүмкін. Бәлкім, ол өзінің мәсіхші екені туралы көпшілік алдында куәлік бергісі келмеуі мүмкін.

Егер адам шомылдыру рәсімінен өтпестен бұрын мәсіхші болса, егер ол шынымен тәубеге келген болса, бұл өсиет оны сенуші етпейді. Ал егер ол күнәдан толықтай бас тартып, бұл туралы куәлік беруге дайын болмаса, ол әлі мәсіхші емес.

► Өзін мәсіхшімін деп, бірақ шомылдыру рәсімінен өткісі келмейтін адамға не айтар едіңіз?

Атау мәселесі

► Бағушы жаңадан сенімге келген адамды шомылдыру рәсімінен өткізгенде не айту керек?

Ұлы аманатта Иса шәкірттеріне «Құдай Әкенің, рухани Ұлының және Киелі Рухының атымен» шомылдыру рәсімінен өткізуді бұйырды (Матай 28:19).

Үшбірліктің «атынан» шомылдыру рәсімінен өту Құдай Әкенің, рухани Ұлының және Киелі Рухтың билігіне шомылуды білдіреді. Иса Өзінің атынан келмегенін айтқан кезде «атынан» терминін дәл сол мағынада қолданды (Жохан 5:43).

Кейбір қауымдар шомылдыру рәсімін өткізу барысында бағушы: «Мен сендерді Құдай Әкенің, рухани Ұлының және Киелі Рухының атымен шомылдыру рәсімінен өткіземін» деп айтуы керек деп есептейді. Басқалар Үшбірліктің үш Тұлғасының атымен шомылдыру рәсімінен өткізу үшін: «Мен сені Исаның атынан шомылдыру рәсімінен өткіземін» – деп айту жеткілікті деп есептейді.

Жаңа Келісімде сипатталған қауым қызметінен біз шомылдыру рәсімінен өтудің бірнеше мысалын көреміз. Оларда қолданылған сөздер Ұлы аманаттағы Исаның сөздерінен өзгеше. Алғашқы өнім мейрамында Петір жаңадан сенімге келген сенушілерге: «Иса Мәсіхтің атымен шомылдыру рәсімінен өтіңдер», – деді (Елшіл. істері 2:38). Пауыл Ефестегі сенушілерді Исаның атынан шомылдыру рәсімінен өткізді (Елшіл. істері 19:5). Петір Корнелдің үйіндегі сенушілерге «Иса Мәсіхтің атымен шомылдыру рәсімінен өтулері керек» деді (Елшіл. істері 10:48). Пауыл қорынттық сенушілердің Исаның атымен шомылдыру рәсімінен өтетінін айтты (Қорынттық. 1-хат 1:12-13).

Елшілердің істерінде сипатталған шомылдыру рәсімі Исаның атымен өткізілді, ол Жақия пайғамбардың шомылдыру рәсімінен де (Елшілердің істері кітабында жеті рет айтылған), басқа діндерде жасалған шомылдыру рәсімінен де ерекшеленді.

Қауым Ұлы аманатты орындай отырып, шомылдыру рәсімінен өткізу кезінде Исаның атын қолданған сияқты. Бірінші ғасырдағы қауымда рәсім өткізген бағушы: «Мен сені Исаның атымен шомылдыру рәсімінен өткіземін», – деп айтқан болуы керек. Қауымның алғашқы жылдарында адамдардың шынымен Мәсіхке сенулеріне үлкен мән берілді; егер адам Исаға сенсе, ол сенуші болып саналды.

Алайда, тарихи мәліметтер бойынша қауым шомылдыру рәсімін өткізу кезінде Үшбірлікті де дәріптеген. Сенушілердің бірінші буынында «Исаға сенемін» деп айтқан адамдар болды, бірақ олар Құдай туралы дұрыс ілімдерге сенбеді. «Дидахе» айтты, жаңадан сенімге келгендерді шомылдыру рәсімінен өткізу кезінде үш рет суға батыру керектігін айтады, бұл адамның Үшбірліктің әр Тұлғасына деген сенімін растады. Б.з. 248 жылы басқа жазушылар шомылдыру рәсімінен өткізу кезінде Құдай Әке, рухани Ұлы және Киелі Рухты атау әдеттегі тәжірибе болғанын атап өтті (Ипполит, Ориген, Тертуллиан және басқалары).

Қазіргі күнгі тағы бір мәселе – көптеген діни топтар Үшбірлікті қабылдамайды. Олар Исаға сенеміз дейді, бірақ Оны Құдай Әке мен Киелі Рух сияқты жеке Тұлға ретінде қабылдамайды. Олар Исаның атымен шомылдыру рәсімін өткізеді, өйткені олардың ойлары бойынша «Иса» деген ат – Әке, Ұлы және Киелі Рухтың ортақ аты болып табылады, және олардың бәрін бір Тұлға деп санайды. Біріккен Елуінші күн қауымы-осындай қауымдардың бірі.

Бүгінде Үшбірлікке сенетін қауымдардың көпшілігі «Мен Құдай Әкенің, рухани Ұлының және Киелі Рухының атымен шомылдыру рәсімінен өткіземін» деген сөздермен шомылдыру рәсімінен өткізеді. Осылайша олар Исаға және Үшбірлікке сенетіндерін растайды.

Шомылдыру рәсімінен өткізу әдістері

Жиналыс. Шомылдыру рәсімінен өтетін жаңадан сенімге келген адамдар қауым оларды көре алуы үшін бірге алға шығулары керек. Бұған дейін бірнеше минут Құдайды мадақтап, ән айтса болады.

Киелі Жазба. Матай жазған Ізгі хабар 28:18-20 аяттарды оқыса болады.

Декларация. Бағушы бәріне: «Бұл адамдар осында теріс жолдан қайтқандары мен Мәсіхке деген сенімдері туралы куәлік ету үшін жиналды. Шомылдыру рәсімі Исаның өлімі мен қайта тірілуін бейнелейтіндіктен, бұл сенушілер шомылдыру рәсімінен өтіп, күнә үшін өлгендерін және Құдай үшін өмір сүріп жатқандарына куәлік етеді. Олар Иемізге мойынсұнумен жаңа өмір бастады» деп айта алады.

Дұға. Содан кейін бағушы жаңадан сенімге келгендер үшін дұға етуі керек. Дұғада келесі сөздер болуы керек: «Ием, біз Сенің рақымың үшін және бұл адамдарды құтқарып, рухани өмірге жеткізгенің үшін алғыс айтамыз. Біз Саған оларды күнәнің құлдығынан босатқанын үшін алғыс айтамыз. Біз олардың Киелі Рухтың күшіне кенеліп, күн сайын жеңіске жетуін тілейміз. Оларды басқалар үшін куәлік, қауым үшін жарылқау ете гөр».

Шомылдыру рәсімінен өткізу. Шомылдыру рәсімінен өтетіндер суға бір-бірлеп кірулері керек. Суға батырар алдында бағушы: «Мен сені Құдай Әкенің, рухани Ұлының және Киелі Рухының атымен шомылдыру рәсімінен өткіземін», – деп айтуы керек.

Мадақтау ән. Шомылдыру рәсімі өткізілгеннен кейін қауым мадақтау ән айта алады. Сондай-ақ, тағы да қысқаша дұға етсе болады.

Жеті қорытынды ұстаным

1. Исаның шәкірттері шомылдыру рәсімін Оның қызметі кезінде өткізді.
2. Алғашқы қауым Ізгі хабар таратылған барлық жерлерде адамдарды шомылдыру рәсімінен өткізді.
3. Шомылдыру рәсімі – Исаның өлуін, жерленуін және қайта тірілуін білдіреді.
4. Шомылдыру рәсімі – құтқарылғандық пен Мәсіхтегі жаңа өмірдің басталғандығының куәлігі.
5. Жаңадан сенімге келген адам тәубеге келгеннен кейін көп ұзамай шомылдыру рәсімінен өтуі керек.
6. Біреуді шомылдыру рәсімінен өткендіктен ғана мәсіхші деп ойламау керек.
7. Қауым шомылдыру рәсімін өткізгенде Үшбірлік ілімін растауы керек.

Тапсырмалар

1. 10-сабақ бойынша Жеті қорытынды ұстанымды есте сақтау керек. Студенттер жеті қорытынды ұстанымның әрқайсысына (барлығы жеті абзац) түсініктеме жазып, олардың мәні мен маңыздылығын тақырыппен таныс емес адамдарға түсіндіре алатындай етіп жеткізулері керек. Жазбаша жұмыс келесі сабаққа дейін жетекшіге тапсырылуы тиіс. Талқылау кезінде жетекші сұраса, студенттер топқа белгілі бір пункттер бойынша орындалған тапсырмалардың нұсқаларымен бөлісуге дайын болу керек. Келесі сабақтың басында студенттер есте сақтау қабілеті бойынша, жеті қорытынды ұстанымды жазу керек.
2. Студент сабақты немесе сабақтың бір бөлігін топтан тыс адамдарға өткізуді жоспарлауы керек. Сабақты өткізген сайын студент бұл туралы жетекшіге есеп беруі керек.
3. Тапсырма (сұхбат): студент шомылдыру рәсімінен өткен үш сенушімен, олар үшін шомылдыру рәсімінен өту нені білдіргені туралы сөйлесіп, содан кейін қысқаша қорытынды жазуы керек.

11-сабақ

Нан ұзу рәсімі

Кіріспе

Жетекші немесе кез-келген студент Исраилдің Египеттен азат етілу тарихын қысқаша баяндап беруі керек. Қалғандарына қатысуға және мәліметтерді қосуға мүмкіндік беріңіз. Мысырдан шығу 11-12-тарауларда алғашқы Құтқарылу мейрамы туралы айтдылы.

Нан ұзу рәсімінің шығу-тегі

Құтқарылу мейрамы яһудилердің мерекесі болды, оның барысында Исраил халқының Мысырдан шыққан түні еске алынды. Мейрамның мәні Египеттен азат етілу ғана емес: бұл Құдайдың мейірімділігіне арналған мереке болды. Өйткені Иеміз мысырлықтарды өлтірді, бірақ исраилдіктердің үйлеріне тиіспеді (Мысырдан шығу 12:27). Сондықтан бұл оқиға Құдайдың өз халқына деген мейірімділігінің бейнесі болды.

Египеттен босатылғаннан кейін, Құдай халқы Құтқарылу мейрамын жыл сайын тойлайтын болды. Иеміз бұл күнге арнайы тағамдар мен қанды қолданатын рәсімдерін енгізді.

Бұл оқиға құтқарылудың түпүлгісі болды. Бұл сол күні азат етілген адамдардың күнәлары кешірілді және Құдаймен қарым-қатынастары қалпына келтірілді дегенді білдірмейді. Бірақ олар құлдықтан босатылды, Құдайдың мейіріміне бөленді, өйткені қанның төгілуі Құдайдың талаптарының бір бөлігі болды. Бұл оқиға Мәсіх кейіннен ұсынған құтқарылудың бейнесі болды. Исраилдіктердің көпшілігі Құтқарылу мейрамын оның мәнін толық түсінбей тойлады.

Иса шәкірттерімен өткізген соңғы күні Құтқарылу мейрамының мәнін түсіндірді. Мәсіх қауым үшін қасиетті рәсімді: «Мені естеріңе түсіру үшін осылай істеңдер!» – деп енгізді (Лұқа 22:15-20). Қауымдар оны әртүрлі: «Иеміздің кешкі асы», «Қатысу», «Нан ұзу», «Евхаристия» немесе «Месса» деген атаулармен атайды.

Пауылдың сөздері бізге қауым бұл рәсімді Мәсіх қайта келгенше дейін үнемі орындауы керек екенін көрсетеді (Қорынтт. 1-хат 11:24-26). Қауымда мейрам мен қарым-қатынастың басқа да ерекше уақыттары болды, оларды нан ұзу рәсімімен шатастыруға болмайды. Мысалы, Киелі кітапта: "...өз үйлерінде бас қосып, нан ұзу рәсімін орындап",- деп ерте кездегі сенушілер туралы айтқанда, "нан ұзу" деген термин "тамақтану" дегенді білдіретінін есте сақтауымыз қажет (Елшіл. істері 2:46). Олар күн сайын қарым-қатынаста болды, әр үйде бірге тамақ жеді; сондай-ақ, қауымда «достық дастарханы» да болды, ол нан ұзу рәсімімен бірдей емес (Яһуданың хаты 12).

Нан үзу рәсімінің мағынасы

► Студенттердің біріне дауыстап Жохан 6:47-58 оқуды ұсыныңыз.

Иса көктен түскен «нан» екенін және оларға Оның «денесінен жеп», «қанынан ішу» керектігін айтқан кезде, көпшілікті таң қалдырды.

► Мәсіхтің бұл мәлімдемелері нені білдірді?

Жохан 6:51-де Иса адамзаттың шынайы өмірге ие болуы үшін Өзін құрбан ететінін айтты. Ол өтеуді қамтамасыз ету үшін Өзін құрбан ету туралы айтты. Жаратқан Ие құтқарылу үшін жасаған құрбандығын аспен және сусынмен салыстырып айтты. Адамға физикалық түрде өмір сүруі үшін тамақ пен сусын қажет екеніндей, мәңгілік өмірге ие болуы үшін Мәсіхтің құрбандығы қажет.

► Студенттердің біріне дауыстап Лұқа 22:15-20 оқуды ұсыныңыз.

Шәкірттерімен бірге соңғы Құтқарылу мейрамының кешкі асында Иса «нан» – Оның «денесі», ал «шарап» – Оның «қаны» екенін айтты. Ол олардың құтқарылуы үшін Өзің құрбандыққа беретінін айтты.

Нан мен шарап

► Иса неліктен Нан үзу рәсімі үшін шарап пен нанды қолданды?

Бірнеше себептерді келтіруге болады. Дәл сол кезде, қазіргі кездегідей, әлемнің көптеген бөліктерінде нан – негізгі тағам болды.¹² Ол жалпы тағамды ғана емес, өмірді де бейнелейді, себебі тамақ – өмір үшін ең қажет нәрсе. Шарап, сумен бірге сол кездегі ең кең таралған сусын болды; ол мейрамның да белгісі болды.



Кейбір қауымдар шарапты басқа жағдайларда мүлде қолданбаса да, Нан үзу рәсіміне қолданады.

Басқалары жүзім шырынын қолданады, себебі олар адамдардың алкоголь ішуге деген ынталарын оятқылары келмейді. Жүзім шырыны ашудың қай кезеңінде болса да, Жаңа Келісімде шарап деп аталды.

Кейбір қауымдар Нан үзу рәсіміне арналған нан мен сусынды мүлде өзгертті. Біз Нан үзу рәсіміне басқа тағамдарды қолданарда, абай болуымыз керек. Мормондар нан мен суды пайдаланады, бірақ олар мәсіхшілердің құтқарылу туралы іліміне сенбейді.

¹² Image: "The Lord's Supper" taken by Allison Estabrook on Oct. 14, 2022, retrieved from <https://www.flickr.com/photos/sgc-library/52476662295/>, licensed under CC BY 4.0.

Әлемнің кейбір бөліктерінде негізгі тамақ пен сусын басқа тағамдар болуы мүмкін. Бұл жағдайда қауым дұға ету арқылы басқа нұсқаларды қарастыруы мүмкін.

Шын дене мен қан емес

Рим-католик қауымы мен Шығыс-православие қауымы нан мен шарап – Мәсіхтің шын денесі мен қанына айналады деп сенеді. Исаның шын денесі мен қаны – нан мен шарапта бар деп есептейтін басқа қауымдар да бар. Көптеген протестанттық қауымдар нан мен шарап жай ғана Мәсіхтің денесі мен қанын бейнелейді деп есептейді.

Мәсіх шәкірттеріне Нан үзу рәсімін үйреткенде: «Бұл менің денем... бұл менің қаным», – деді. Иса олардың алдында физикалық түрде тұрды; Оның денесі мен қаны әлі құрбандыққа шалынбаған болатын. Бұдан шығатыны, Ол нан мен шарап –Оның шын денесі мен қаны емес, Оның қаны мен денесінің белгісі екенін білдіргісі келді. Нан үзу рәсімінде қолданылатын нан мен шарапқа да осылай қарау керек.

Құтқарылу – Мәсіхтің бір реттік құрбандығы арқылы келеді: Оның өлімі үнемі болып тұрмайды. Нан үзу рәсімі – Исаның өліміне деген сенім мен табынушылық болғандықтан, нан мен шарапты Оның шын денесі мен қаны ретінде қабылдаудың қажеті жоқ.

Рим-католик қауымы Мәсіхтің шын денесі мен қанын таратамыз деп санайды. Сондықтан көптеген қызметкерлер қауым құтқарылу мүмкіндігін өз бақылауында ұстайтындықтан, діни қызметкер адамды Нан үзу рәсіміне қатыстырудан бас тартса, оны құтқару мүмкін емес деп есептейді. Миллиондаған адамдар «адам Нан үзу рәсіміне қатысу арқылы құтқарылады» деп ойлайды.

Нан үзу рәсіміне деген дұрыс көзқарас – бұл оны біз үшін Мәсіхтің өлімін бейнелейтін ғибадат ретінде қабылдау. Нан үзу рәсіміне қатысушы адамның сеніміне жауап ретінде Құдай оған рақымын төгеді. Нан үзу рәсімі – құтқарылған адамдар үшін. Және олардың құтқарылуы бұл рәсімге қатысуға байланысты емес.

- ▶ Неліктен шарап пен нанды Иса Мәсіхтің шын «қаны» мен «денесі» деп ойлау қате?
- ▶ Неліктен құтқарылу үшін Нан үзу рәсімі кезінде алынған нан мен шарапты, Мәсіхтің шын денесі мен қаны деп ойлаудың қажеті жоқ?

Рақым алу құралы

Нан үзу рәсімі көбінесе – рақымға ие болу құралы деп аталады. Бұл рәсімді Исаның құтқарушы құрбандығына деген сеніммен қабылдаған жағдайда, Құдайдың рақымы беріледі. Мәсіхші Киелі кітаптағы бұйрықтарды орындауда Құдайға мойынсұнуы керек және Құдайдың осы бізге рақымын беру әдісін елемей қоймауы керек.

«Мейірімділік құралдары - бұл Құдайдың арналары, олар арқылы Киелі Рухтың әсері адамдардың жандарына беріледі».

Вилей және Калбертсон,
«Мәсіхшілік теологияға кіріспе»

Адам Мәсіхке сенбестен Нан үзу рәсіміне қатысу арқылы, автоматты түрде рақымға ие бола алмайды.

Егер адам Нан үзу рәсімінің мағынасына құрмет көрсетпестен лайықсыз қатысса, ол өзіне Құдайдың үкімін шығартады (Қорынтт. 1-хат 11:27-29).

Шомылдыру рәсімі секілді, Нан үзу рәсімі де – тәубеге келу мен сенім сияқты құтқарудың негізі емес. Бұл тек мойынсұну мен сенімнің көрінісі. Егер мәсіхші Нан үзу рәсіміне қатыса алмаса, мәсіхші болуын тоқтатпайды.

► Мәсіхші Нан үзу рәсіміне қатысуы қажет пе? Тек «иә» немесе «жоқ» деп жауап бермеңіз. Түсіндіріңіз.

Дұрыс форма

Елші Пауыл Нан үзу рәсіміне дұрыс қатыспаған қорынттықтарды түзеткен. Оның берген нұсқаулары біз үшін де құнды.

► Студенттердің біріне дауыстап Қорынтт. 1-хат 11:20-34 оқуды ұсыныңыз. Қорынттықтар нені дұрыс істемеді?

Қорынттықтар тамақ әкеліп, Иеміздің асын кешкі ас ретінде өткізген. Әр адам басқалармен бөліспей, өздері әкелгенін жеді. Олар рәсімді бастау үшін бір-бірін күтпеді. Кейбір адамдар тым көп тамақтанып, ал басқалары аш қалды. Кейбіреулер көп ішіп, мас болды.

► Пауыл оларға қандай нақты бұйрықтар берді?

Бұл хатында елші қорынттықтарға Иеміздің кешкі асын кәдімгі жай кешкі асқа айналдырмасын дейді. Қауымда бірлескен мейрамдар мен ортақ кешкі астар болды, бірақ олар басқа уақытта өткізілуі керек болған. Сондай-ақ елші оларға бір-бірін күтіп, Кешкі асты бірге бастауды бұйырды.

Пауыл Иса қауымның әдеті ретінде орнатқан форманы растады. Мәсіх нанды, шарапты берді, содан кейін олардың мағынасын түсіндірді. Кешкі асқа қатысатындар бұл рәсімнің мағынасын еске алып, нан мен шарапты құрметпен қабылдауы маңызды.

Пауыл адам «лайықсыз» түрде рәсімге қатыспауы үшін өзін сынауы керек деді. Кейбір адамдар мұны: «адам Құдайға барлық жағынан ұнайтынына сенімді болғанға дейін нан үзуге қатыспауы керек» деп түсіндіреді. Бірақ бұл аят бұған үйретпейді. Елші Нан үзу рәсіміне қатысу формасы туралы: «егер адам оны лайықсыз және құрметсіз қабылдайтын болса, үкімделеді» деп айтты.

Нан үзу рәсімінде жиналғандардың бірге дұға еткені жақсы. Адамдардан қызметтің әртүрлі кезеңдерінде дұға етуді, сондай-ақ бірге ән айтуды сұрауға болады. Барлығы тыныш және тәртіппен жасалуы керек. Бұл кездейсоқ қатты қуаныштың уақыты емес;

бұл біздің құтқарылуымыз үшін өзін құрбан еткен Исаның құрбандығы туралы ойланатын уақыт.

Нан ұзу рәсіміне кім қатыса алады

► Нан ұзу рәсіміне кім қатыса алады?

Иса шәкірттеріне Нан ұзу рәсіміне бірге қатысуды бұйырды; бұдан біз Иеміздің Кешкі асына тек мәсіхшілер ғана қатыса алады деген қорытындыға келеміз. Басқа дінді ұстанатын адам Нан ұзу рәсіміне қатыспауы керек. Басқа құдайларға табынушы жындарға табынады; сондықтан ол бір мезгілде Мәсіхке табына алмайды (Қорынтт. 1-хат 10:20-21).

Егер біреу ашық күнәмен өмір сүріп жатса, тәубе етпесе, онда ол бұл рәсімге қатыспауы керек. Нан ұзу рәсіміне қатысу – бұл Мәсіхтің өлгені сияқты, біз де күнәға өліміз деп куәлік ету; саналы түрде күнә жасайтын адам мұндай куәлік келтіре алмайды.

Азғындық, жалған құдайларға табыну, маскүнемдік сияқты айқын күнәмен өмір сүретін адам мәсіхші емес (Қорынтт. 1-хат 6:9-10). Киелі кітапта біз бұл күнәларды істеп, өзін мәсіхшімін деп атайтын адаммен қарым-қатынаста болмауымыз керектігі айтылады (Қорынтт. 1-хат 5:11), сондықтан мұндай адамға Нан ұзу рәсіміне қатысуға рұқсат беру дұрыс емес.

Егер қауым мүшесі күнә жасап, қауымның тәлімінен бас тартса, оны құтқарылмаған деп санау керек (Матай 18:17), сонымен қатар оның Кешкі асқа қатысуына рұқсат бермеу керек.

Нан ұзу рәсімі – бұл сөздің мағынасына тән мәсіхшілердің ерекше бірлігінің көрінісі. Елші Кешкі асқа қатысу арқылы біз бір ерекше дене екенімізді көрсететінімізді айтты (Қорынтт. 1-хат 10:16-17), сондықтан егер адам ашық жауапсыз күнәһар болса, ол бұл бірліктің бөлігі бола алмайды.

Бағушы сенушілерге Нан ұзу рәсімін өткізуге жауапты, бірақ ол қауымның әрбір мүшесінің өмірінің егжей-тегжейін зерттеуге жауапты емес. Егер адам өзінің мәсіхші екенін мойындаса және ашық күнә жасап жүрмесе, бағушы оның куәлігін қабылдай алады.

Шынымен құтқарылған әрбір адам Нан ұзу рәсімі бейнелейтін, күнәнің өтелуіне ие болады. Және бұл оның жергілікті қауымның мүшесі немесе мүшесі емес екендігіне байланысты емес, сондықтан жергілікті қауымның мүшесі болу – Нан ұзу рәсіміне қатысу үшін қойылатын талап болмауы керек.

Шынымен жаңадан сенімге келген адам – Шомылдыру рәсіміне де, Нан ұзу рәсіміне де қатыса алады. Егер ол шомылдыру рәсімінен өтуге шынымен дайын болса, онда Нан ұзу рәсіміне қатысу үшін бірінші Шомылдыру рәсімінен өтуді күтудің қажеті жоқ.

Егер қауымда, мәсіхшілерден басқа, көп сенбеушілер адамдар болса, сонымен қатар айқын күнәлармен өмір сүретіндер болса, Нан үзу рәсімін өткізбеген дұрыс. Бұл рәсімді басқа уақытта және тек оған қатыса алатындар үшін өткізген жөн.

► Қандай себептерге байланысты айқын күнәһар адам Нан үзу рәсіміне қатыспауы керек?

Нан үзу рәсіміне қаншалықты жиі қатысу керек

► Нан үзу рәсімін қаншалықты жиі өткізу керек? Неліктен?

Кейбір қауымдар Иеміздің Кешкі асын апта сайын, басқалары айына бір рет, тіпті жылына бір рет өткізеді. Бекітілген кестесіз Нан үзу рәсімін қалаған уақыттарында өтте сирек өткізіп тұратын қауымдар бар.

Киелі кітапта Нан үзу рәсімін қаншалықты жиі өткізу керектігі айтылмайды.

Кейбір адамдар құтқарылуды қабылдамай тұрып, рәсімдер арқылы құтқарылуға болады деп есептеді. Егер олар Ізгі хабарға сеніп, діннің мұндай түрінен бас тартса, кез келген діни рәсімдерді орындау кезінде өздерін ыңғайсыз сезінулері мүмкін. Олар Нан үзу рәсімін сирек өткізу керек деп ойлауы мүмкін.

Кейбір адамдар қателесіп сенімдерін ырымдарға артады. Олар Нан үзу рәсіміне жиі қатысқылары келеді, себебі бұл оларға құтқарылуды сезінуге көмектеседі.

Бағушы Нан үзу рәсімінің мағынасын түсіндіру маңызды. Ол Құдаймен қарым-қатынаста жарылқауға ие болу үшін қауымына келушілердің оның мағынасын түсінуіне көмектесуі керек.

Нан үзу рәсімін өткізетін адамдарды таңдау

► Нан үзу рәсімін кім өткізе алады?

Киелі кітапта әрбір сенушінің діни қызметкер екені айтылады (Аян 1:6; Петірдің 1-хаты 2:5, 9). Бұл дегеніміз, біз Құдайға тікелей ғибадат ете аламыз және сол арқылы басқаларға көмектесе аламыз дегенді білдіреді. Жер бетінде бізді Құдайға апаратын келістірушінің қажеті жоқ, өйткені Иса – біздің Бас діни қызметкеріміз және Ол Иемізге жол ашып берді (Тімотеге 1-хат 2:5; Еврейл. хат 4:14-16). Ол арқылы біз үнемі Құдайды мақдақтап, сый-тартуымызды ұсынуымыз керек (Еврейл. хат 13:15).

Әрбір сенуші діни қызметкер болғандықтан, біз кез келген сенуші Нан үзу рәсімін, әсіресе бағушы болмаған жағдайда өткізе алады деп қорытынды жасай аламыз. Бірақ әдетте Нан үзу рәсімі қауымдастық жетекшісінің басшылығымен жүргізілуі керек себептер бар.

Киелі кітапта бұл рәсімді тек бағушы ғана өткізуі керек деп айтылмайды, бірақ Пауыл бұл рәсім ретімен және құрметпен өткізілуі үшін нақты нұсқаулар берді. Нұсқаулар

сенушілер тобына арналған, ал жетекші оны басқаруы керек болды. Қауымдағы адамдар, әрине, Нан үзу рәсімінің дұрыс өтілуіне көз жеткізу үшін бағушыға сенім артады және бағушы бұл жауапкершілікті өз мойнына алуы керек.

► Қорынтт. 1-хат 11:27-34-те берілген ескертулерді қайтадан қараңыз.

Пауыл бұл өсиеттер Мәсіхтің «Денесі» мен «Қанын» құрметтеу үшін маңызды екенін айтты. Егер адам бұған жауапсыздықпен қараса, ол кінәлі болады. Көптеген қорынттықтар аурумен және өліммен үкімделді. Пауыл «егер олар өздерін мұқият сынағанда, өздеріне Құдайдың үкімін шығармас еді» деп баса айтты. Елші оларға кейінірек қосымша нұсқаулар беруге уәде берді.

Дұрыс қатыспаған үшін жаза алмас үшін ғана емес, Құдай жоспарлаған батаны алу үшін де Нан үзу рәсіміне дұрыс қатысқан маңызды.

Пауыл қауым жетекшілерінен осы нұсқауларды ұстануды күткен деп ойлау орынды. Қауым мүшелері бағушының Нан үзу рәсімінің маңыздылығын түсініп, оның дұрыс өткізілуіне көмектескенін қалайды.

Бағушыға ерекше жауапкершілік жүктеледі, себебі айқын күнәмен өмір сүріп жатқан немесе басқа дінге сенетін адамдарға Иеміздің Кешіне қатысуға рұқсат беруге болмайды.

Сондықтан, әдетте, Нан үзу рәсімін бағушы немесе оның басшылығындағы біреу өткізуі керек. Ол нан мен шарап таратуда көмек сұрай алады. Ал егер өзі болмайтын болса, рәсімді өткізетін адамды тағайындай алады.

Нан үзу рәсімін өткізу тәртібі

Жиналыс. Сенушілер тобы үшін Нан үзу рәсімін өткізу тәртібі белгіленуі керек. Егер рәсім жиналыс қызметінде өткізілсе, жетекшілер нан мен шарапты дұрыс адамдарға қалай тарататынын білуі керек.

Киелі Жазба. Нан мен шарапты таратпастан бұрын, Жазбадан үзінді оқу керек. Оқылған бірнеше үзіндіге түсініктеме беруге болады, бірақ ол өте қысқа болуы керек. Нан үзу рәсіміне қолдануға болатын Жазба үзінділерінің мысалдары: Матай 26:26-30; Марқ 15:22-28; Лұқа 22:14-20; Жохан 10:11-18; Жохан 19:1-6; Жохан 19:16-19; Жохан 20:26-29; Қорынтт. 1-хат 11:23-26; Еврейл. хат 10:11-17; Еврейл. хат 9:24-28; Еврейл. хат 4:12-16; Аян 1:12-18; Ишай 53:1-5 немесе Ишай 53:6-12.

Дұға. Біреу дұға етуі керек. Және дұға барысында келесі сөздер айтылса болады: «Ием, Исаның құрбандығы арқылы бізді құтқарғанын үшін алғыс айтамыз. Бізге төлемсіз берілген рақымын үшін рахмет. Осы рәсімді орындай отырып, біз рухани өмірімізде Саған арқа сүйейтінімізді және сенушілер арасында бірлікті көрсететінімізді куәлік етеміз. Күн сайын Саған ұнамды өмір сүру үшін бізге рақымынды төгуінді сұраймыз».

Нан тарату. Бағушы мен тағайындалған адамдар нанды тарата алады. Олар: «Бұл нан біздің құтқарылуымыз үшін берілген Мәсіхтің денесін бейнелейді», – деп айтса болады. Нан үзу рәсімі кезінде әркім тыныштықты сақтап және құрметпен қатысуы қажет. Кейбір қауымдарда бағушы барлығынан бір-бірін күтіп, қасиетті рәсімге бірге қатысуларын сұрайды. Басқа қауымдарда адамдар нанды алған кезде ешкімді күтпей жеке қатыса береді.

Дұға. Бағушы немесе тағайындалған қызметші Құдайға Оның көрсеткен рақымы үшін дұға етіп, қысқаша алғыс айта алады.

Шарап тарату. Бағушы рәсімді келесі сөздермен сүйемелдей алады: «Бұл шарап – біздің құтқарылуымыз үшін төгілген Исаның қанын бейнелейді». Кейбір қауымдар шарапты жеке шынымен таратады, басқаларында бәрі бір тостағаннан ішеді. Кейбір қауымдарда адамдар нанның бір бөлігін шарапқа батырады. Барлығы тәртіппен және құрметпен өткені өте маңызды.

Дұға. Бағушы мен тағайындалған қызметші ғибадатта дұға ете алады.

Мадақтау ән. Қауымдастық бірге Құдайды мадақтап, ән айта алады.

Жеті қорытынды ұстаным

1. Нан үзу рәсімінің түпкі ойы яһудилердің Құтқарылу мейрамын тойлау дәстүрінен шыққан.
2. Құтқарылу мейрамы – Мәсіхтің біз үшін құрбан болып, күнәларымыздың құнын өтеуін суреттеді.
3. Нан мен шарап – Исаның «денесі» мен «қанының» белгісі.
4. Нан үзу рәсіміне қатысу – адамды құтқармайды.
5. Нан үзу рәсіміне адам Мәсіх арқылы құтқарылғандығына деген сеніммен қатысса, ерекше рақымға бөленеді.
6. Ашық күнәмен өмір сүретін адамдар, сондай-ақ басқа дінді ұстанушылар Нан үзу рәсіміне қатыспауы керек.
7. Бағушы Иеміздің Кешкі асының дұрыс өткізілуіне жауапты.

Тапсырмалар

1. 11-сабақ бойынша Жеті қорытынды ұстанымды есте сақтау керек. Студенттер жеті қорытынды ұстанымның әрқайсысына (барлығы жеті абзац) түсініктеме жазып, олардың мәні мен маңыздылығын тақырыппен таныс емес адамдарға түсіндіре алатындай етіп жеткізулері керек. Жазбаша жұмыс келесі сабаққа дейін жетекшіге тапсырылуы тиіс. Талқылау кезінде жетекші сұраса, студенттер топқа белгілі бір пункттер бойынша орындалған тапсырмалардың нұсқаларымен бөлісуге дайын болу керек. Келесі сабақтың басында студенттер есте сақтау қабілеті бойынша, жеті қорытынды ұстанымды жазу керек.
2. Студент сабақты немесе сабақтың бір бөлігін топтан тыс адамдарға өткізуді жоспарлауы керек. Сабақты өткізген сайын студент бұл туралы жетекшіге есеп беруі керек.
3. Тапсырма (сұхбат): Студент үш сенушіден Нан ұзу рәсімі олар үшін нені білдіретіні туралы сұхбат алып, қысқаша қорытынды жазуы керек.

12-сабақ

Қауым тәртібі

Кіріспе

3-сабақта біз жергілікті қауымның келесі анықтамасын үйрендік:

Жергілікті қауым – бұл Ізгі хабарды тарататын, барлық тәубеге келушілерге қауымның қарым-қатынасын ұсынатын рухани отбасы және сенім қауымдастығы ретінде қызмет ететін; шомылдыру рәсімі мен нан ұзу рәсімін өткізетін; ғибадатта, қарым-қатынаста, Ізгі хабарды уағыздауда және шәкірттікте бірігетін; Киелі Рухтың дарындары арқылы Мәсіхтің денесінің жұмысын орындайтын; киелі кітаптық ілімге, рақым мен Рухтағы өмірге негізделген бірлікте Құдайдың сөзіне бағынатын сенушілер тобы.

Енді біз қауымдағы тәртіптің не екенін қарастырамыз.

Қауым тәртібінің анықтамасы

Қауым тәртібі – бұл қауым мүшесінің күнәсіне мақсатты түрде жауап беру. Оның төрт мақсаты бар: қауымның бірлігін қорғау, шындықты қорғау, қауымдастықты теріс әсерден қорғау және күнәһарды құтқарылу мен қарым-қатынасқа қайтару.

► Қауым мен қауым тәртібінің анықтамасына қайта қараңыз. Қауымның сипаттамасына қарап, оған тәртіптің не үшін қажет екенін түсіндіріңіз.

Қауым тәртібінің қажеттілігі

Егер қауым мүшесі күнәға қайта оралса, бірақ әлі де қауымның өміріне қатысуын жалғастырса не болады? Егер қауым мүшесі қауымдастықтың негізгі ілімдеріне сенбесе және қате қағидаттарды үйретсе ше? Егер қауым мүшесі біреуге жамандық жасаса және оны мойындамаса ше?

Иса Аян кітабында кейбір қауымдарды әшкереледі, өйткені олар қауым тәртібін сақтамады. Перғамдағы қауым жалған тәлім берушілер болды, оларды қауымнан шығарып тастау қажет болды (Аян 2:14-16). Тиятирдағы қауымда Иса Езабел деп атаған бір әйел болды; ол адамдарды азғындыққа және жалған тәңірлерге табынуға итермеледі, сондықтан Иеміз бұл қауымды әшкереледі (Аян 2:20).

Киелі кітап бізге жарық пен түнек арасында байланыс болмайтыны сияқты, Мәсіхке қызмет ететіндер мен жалған тәңірлерге қызмет ететіндер арасында ортақ ештеңе жоқ екенін айтады (Қорынтт. 2-хат 6:14-15).

Бұл бөлімде біз неліктен қауым тәртібінің маңызды екенінің себептерін қарастырамыз. Содан кейін мұны растайтын Жазбадағы үзінділерді қарастырамыз. Бірақ одан әрі түсіну оңай болу үшін алдымен қорытынды жасаймыз.

- 1. Қауым тәртібінің болуы маңызды, себебі қауымдастық біртұтас болуы керек.** Қауымның бірлігі киелі кітаптық ілімдер мен Рухтың өміріне негізделген. Қауымның анықтамасы – Құдаймен қарым-қатынас пен рақымға бөлену тәжірибесіне негізделген рухани қарым-қатынаста болу қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Егер адамның рухани өмірі болмаса, ол мәсіхшілік қарым-қатынаста бола алмайды. Егер қауым мүшесі шындықты қабылдаудан бас тартса, күнәсін немесе қателескенін мойындамаса, онда ол қауыммен бірлікте болмайды.
- 2. Қауымның тәртібінің болуы маңызды, себебі шындықты ұстану қажет.** Қауым мүшесіне күнә жасауды жалғастыруға рұқсат беру – бұл шындыққа жақтаспау. Егер қауымдастықтың бір мүшесі шындықты бұзып өмір сүрсе, қауым әлем алдында шындықты қорғай алмайды.
- 3. Қауым тәртібінің болуы – қауымдағы адамдарды теріс әсерден қорғау үшін қажет.** Егер қауым мүшесі айқын күнәмен өмір сүрсе, бірақ қауымның мүшесі ретінде құрметке ие болса, басқалары да күнә жасауға азғырылады.
- 4. Қауым тәртібі күнә жасаған қауым мүшесін әділ өмірге қайтару үшін қажет.** Егер күнәда өмір сүретін адамды әшкерелемесе, оның тәубеге келу ықтималдығы аз. Оған әшкереленгендік ұнамауы мүмкін, бірақ оның тәубеге келу ықтималдығы әлдеқайда жоғары.

Жаза – қауымдағы тәртіптің мәні емес және қауымның жауапкершілігі де емес. Күнәны тек Құдай ғана жазалай алады. Қауымдастықтың әрекеттері жазалауға емес, түзетуге бағытталуы керек.

► Егер қауым ашық түрде күнә жасайтындарды тәртіпке шақырмаса не болар еді?

«Мәсіхтің қауымын басқару – осы әлемдік басшылықтан өте ерекшеленеді: ол кішіпейілділік пен бауырластық сүйіспеншілікке негізделген, қағидаттар мен Рухты басшылыққа алып, қауымның ұлы Басшысы – Мәсіхпен басқарылады».

Адам Кларк,

«Мәсіхшілік теология»

Исаның қауым тәртібіне қатысты өсиеттері

► Студенттердің біріне дауыстап Матай 18:15-20 оқуды ұсыныңыз.

Иса сенушілер арасындағы дауларды қалай шешуге болатыны туралы нұсқаулар берді. Егер мәсіхші біреу өзіне қатысты дұрыс емес іс жасады деп ойласа, ол адаммен жеке сөйлесу керек. Көптеген мәселелер осы кезеңде шешіледі. Көбінесе дау түсінбеушіліктен туындайды, ал егер екі сенуші шыншыл әрі кішіпейіл болуға дайын болса, онда олар мәселені өзара шешеді.

Мәсіхшілер арасындағы қарым-қатынас өте құнды. Егер адам біреу оған қатысты қателік жасады деп ойласа, қарым-қатынас құртылады. Ол адамға қарым-қатынастың маңызды екенін кішіпейілділік пен мейірімділікпен көрсету үшін сол адамға баруы керек. Ол келесідей айтуы мүмкін: «Бауырым, мен сені бағалаймын. Сен қауым үшін жарылқаусын. Сен маңызды доссың. Бірақ мен уайымдаймын, себебі сенің дұрыс емес әрекет жасағаныңды сеземін. Мен мұны саған қарым-қатынасымыздың дұрыс болғанын қалайтындықтан ғана айтамын». Жағдайды түсіндіріңіз, бірақ кінәлаудан немесе дәрекілік көрсетуден сақ болыңыз. Тыңдауға, түсінуге және кешіруге дайын болыңыз.

Исаның өсиеті бойынша, егер біреу шынымен қателік жасаған болса және оны мойындамаса, адам онымен бір немесе екі құрметті сенушілердің қатысуымен сөйлесуі керек. Тағы да, оны жақсы көретінін және қарым-қатынас маңызды екенін атап өту керек.

Егер адам бұдан кейін де өзінің қателігін мойындаудан бас тартса, бұл туралы қауым басшыларына хабарлау керек, ал олар өз кезегінде онымен сөйлесуі керек. Егер ол бәрібір тыңдаудан бас тартса, қауым оны сенбеуші деп санауы керек.

Адамды сенбеуші деп санау оған дәрекі қарауды білдірмейді. Бұл ол енді қауымның белсенді мүшесі немесе жетекшісі емес екенін және басқа ұлт адамы болып саналатындықтан Нан үзу рәсіміне қатыса алмайтынын білдіреді (17-аят). Қауым оған оны сенбеуші санайтынын және оның тәубеге келуі үшін дұға ететінін хабарлайды.

Осы нұсқаулардан кейін Иса кешірім туралы үйретті (Матай 18:21-35). Егер адам қателескенін мойындап, тәубеге келсе, біз оны кешіруге дайын болуымыз керек.

► Сізді ренжіткен адаммен сіз қарым-қатынасты қайта түзету үшін қалай сөйлесер едіңіз?

Пауылдың қауым тәртібі туралы тәлімдері

► Студенттердің біріне дауыстап Қорынтт. 1-хат 5-тарауды оқуды ұсыныңыз. Бұл тарауда Пауыл қандай жағдай туралы айтады?

Пауыл Қорынт қауымында болған нақты оқиға бойынша қауымды тәртіпке шақырды. Қауым мүшесі әдепсіз қарым-қатынаста болды.

Пауыл қауым тәртібі қауымнан тыс адамдарға емес, қауым мүшелеріне қатысты екенін айтты (11-12). Қауым шешімдер мен әрекеттерде біртұтас болуы керек; бұл адамды қарым-қатынастан шығару қажет болды.

Егер адам «өзін рухани бауырынмын» деп, бірақ 11-аятта жазылған тізімдегі күнәні жасаса, мәсіхшілер онымен араласудан бас тартуы керек. Қауымның мұндай әрекеттерінің мақсаты – адамның мәсіхші емес екенін түсінуі, сонымен қатар әлем бұл адамның қауымдастыққа кірмейтінін білуі. Күнә жасауды жалғастыратын адам

қауымдағы кез келген қызметтен алып тастау керек; ол Нан үзу рәсіміне қатыса алмайды, себебі бұл бірге тамақтанудан да жақын қарым-қатынас.

Пауылдың мұны ұсынуда екі мақсаты болды. Біріншісі – қауымның рухани тазалығы (6-7): егер мүшелері күнәмен өмір сүрсе, қауымдастық біртұтас болмайды.

Екінші мақсат – күнәһарды құтқарылуға қайтару («жаны құтқарылсын»). Егер қауым адам күнәда өмір сүрсе де, оны қауымдастықтың мүшесі ретінде қабылдауды жалғастыра берсе, ол оның өмірінде бәрі жақсы деп санауы мүмкін және оның тәубеге келуі екіталай. Егер оған қауым тәртібі қолданылса, оның тәубеге келуі мүмкіндігі үлкенірек болады.

Пауыл «шайтанның қолына тапсыру» деп аталатын әрекетке шақырады. Елші жалған тәлім берушілерге осылай жасаған кездері болды (Тимотеге 1-хат 1:20). Күнәһар адам енді Құдайдың батасы мен қорғауында өмір сүрмейтінін және қауымнан тыс жерде Шайтанға қызмет ететінін түсінуі керек. Күнәмен өмір сүру, егер тәубеге келмесе, оны құртады.

► Студенттердің біріне дауыстап Титке хат 3:10-11 оқуды тапсырыңыз.

Егер адам қате ілімге үйретсе, қауым оған екі рет ескерту жасауы керек, содан кейін тыңдамаса онымен байланыстарын үзу керек. Киелі кітапта мұндай адамның өзінің ар-ұжданына опасыздық жасағанын айтады.

Қате ілімдер – ілімде кездесетін кішкентай айырмашылықтар емес, Ізгі хабардың негізгі қағидаларына қайшы келетін жалған ілімдер. Біз ешкімді «қате ілімге үйретуші» деп айыптауға асықпауымыз керек. Адам адал мәсіхші болып, бірақ кейбір ілімдерде қателесуі мүмкін.

► Салониқал. 2-хат 3:6, 14-15 қараңыз. Осы аяттарда берілген өсиеттерді түсіндіріңіз.

Бағушының тәртібі

Бағушылар жиі сынға ұшырайды және олар жиі жалған айыпталатын жағдайларға тап болады. Қауым жетекшісінің өз қауымының сеніміне ие болуы және әрқашан жақсы үлгі болуы маңызды.

Киелі кітапта біз бағушы тағылған айыпты екі немесе үш куәгердің алдында ғана қабылдауымыз керек дейді (Тимотеге 1-хат 5:19). Қауымдастықтың немесе деноминацияның жетекшілері бағушыларды қадағалау үшін жауап береді: олар қауымдастық жетекшілерін тексеруге немесе жұмыстан шығаруға қатысуы керек және қауым қызметіне күмән туындаған кезде қауымға бірлікте ұстауға көмектесуі тиіс.

► Неліктен біз бағушының күнәсіне қатаң қарауымыз керек?

Қалпына келтіру үдерісі

Біз қауымдағы тәртіптің мақсаттарының бірі қауымдастық мүшесіне күнәларын мойындап, тәубеге келуге және қарым-қатынасты қалпына келтіруге көмектесу екенін есте ұстауымыз керек. Күнәһардың жеткілікті түрде жазаланғанын тексерудің қажеті жоқ: егер адам күнәсін мойындап, тәубеге келсе, қауымда қалпына келтіру үдерісі болуы керек.

Егер адам өзінің қателескенін бірден мойындап, өзін түзесе, ол қауымның қызметіне қатысуды жалғастыра алады. Неғұрлым ауыр күнәлар Қорынтт. 1-хат 6:9-10-да келтірілген. Бұл тізімге жыныстық күнәлар, ұрлық және маскүнемдік кіреді. Осы күнәларды жасаған адам қауым мүшелігінен шығарылып, барлық жетекшілік қызметтерден аластатылуы тиіс.

Қалпына келтіру үдерісі адам жасаған қылығы үшін өкінген сәттен басталады. Ауыр күнә жасаған жағдайда, адамды бірден жетекшілік қызметке немесе мүшелікке қалпына келтіру мүмкін емес: толық қалпына келу үшін уақыт қажет.

(1) Бұл мойындау

Қауым мүшесі өзі зиян келтірген адамдарға және дұрыс емес әрекеттерге бірге қатысқан адамдарға, сондай-ақ өзінің рухани жетекшісіне қателескенін мойындауы керек.

(2) Бөлу

Дұрыс емес қарым-қатынастарды, сондай-ақ теріс әсер ететін қарым-қатынастарды тоқтату керек. Күнә үшін қолданылған нәрсенің бәрі ашылуы керек: Күнә үшін дұрыс пайдаланбаған нәрселерден бас тарту керек. Адамға күнәға қайта оралуға мүмкіндік беретін барлық нәрседен бас тартқанын көрсету керек.

(3) Есеп беру

Оған уақыт қажет. Адам өзінің рухани жетекшісіне үнемі есеп беруі керек, ол бағушы немесе диякон кеңесі болуы мүмкін. Ол азғыруларға қарсы жеңісі туралы хабарлауы керек, сонымен қатар абай екенін және қайтадан күнә жасамау үшін бәрін жасайтынын көрсетуі керек.

Жауапкершілік – сол адаммен жиі қарым-қатынаста болатын рухани тәлімгермен, жеке қарым-қатынас жасау арқылы жүзеге асырылуы керек. Біршама уақыт бойы күнделікті болуы мүмкін. Тәлімгер күнәһармен бір жыныста болуы керек.

Есеп беру кезеңі кемінде бірнеше ай болуы керек. Басқа адамдарға қатысты адами күнәлар болған жағдайда, әсіресе егер күнә біраз уақытқа созылған болса, жауапкершілік одан да ұзақ болуы керек. Бұл кезде адам жетекші немесе оқытушы бола алмайды. Егер оның тәубесі шын деп есептеуге негіз болса, оған Нан үзу рәсіміне қатысуға рұқсат беру керек.

Уақыт тәубеге келгендіктің ақиқатына күмән болғандықтан керек емес; егер адам тәубе еткен болса, онда ол кешіріледі және құтқарылады. Адамға уақыт күнәнің салдарынан қалпына келу, рухани тәртіпті қалпына келтіру және лайықты мәсіхшілік өмірді көрсету үшін уақыт қажет.

Киелі кітапта, егер адам қауымнан тыс жерде жақсы беделге ие болмаса және өзін ұсынбаса, жетекші болмауы керек дейді (Тимотеге 1-хат 3:7, 10). Егер адам тәубеге келіп, Иса Мәсіхті өзінің Құтқарушысы ретінде қабылдаса, онда жетекші болғанға дейін әлем оның мәсіхшілік өмірін біраз уақыт көруі керек. Әйтпесе, қауым басшылық қызметке күнәһарларды тағайындайтын сияқты болып көрінеді. Сол қағида күнәға батқаннан кейін қайа қалпына келген адамға қатысты.

(4) Растау

Бұл толық қалпына келтірілу. Енді қауымның адамға деген сенімі қалпына келтірілді және ол қауым сеніп тапсырған кез келген қызметті атқара алады. Жоғары жетекшілік лауазымдарда, әсіресе бағушылық қызметтерде қызмет ету үшін, бұл үдеріс ұзақ уақытқа созылуы мүмкін.

► Есеп беру қалай жұмыс істейді және оның мақсаты қандай?

Қауым мүшелігіне кіруге қойылатын талаптар

Көптеген қауымдарда негізгі мәсіхшілік ілімдерден басқа бекітілген ілімдердің тізімі бар; бұл мәліметтер бұл қауымды басқаларынан ерекшелейді. Әр түрлі ілімдері бар қауымдар – методист, пресвитериандық, лютерандық, баптисттік және басқа да аттармен белгіленеді. Айырмашылықтар, әдетте, қате ілімдер емес. Және соларға байланысты адамды күнәһар деп атауға болмайды.

Ілімдік егжей-тегжейлермен келісу – қауым мүшелерінің қызметте ынтымақтасуы үшін қажет. Сондықтан қауым өз мүшелерінен ілімдерін қолдауды талап ете алады. Қауым – мәсіхші болу үшін сол қауымның ілімдеріне сену қажет деп мәлімдемеуі керек, бірақ бірге қызмет ету үшін мүшелерінен олармен келісуін талап етеді.

Егер адам белгілі бір қауымның ілімдерімен келіспесе, қауым оны мүшелікке кіргізуден бас тарта алады. Егер қауым мүшесі қауымдастықтың ілімдеріне қайшы келетін бөлінушілікті енгізсе, ол мүшеліктен шығарылуы мүмкін.

Егер қауым мүшесі мәсіхшіліктің негізі болып табылмайтын ілімдегі айырмашылықтарға байланысты мүшеліктен шығарылса, бұл қате ілім немесе айқын күнә үшін тәртіпке келтірумен бірдей емес. Қауым өзінің мүшелеріне қойылатын талаптарды орындамағаны үшін ғана адамды мәсіхші емес деп айтпауы керек.

Егер қауымда киіну, ойын-сауық немесе басқа мінез-құлық ережелері бар мүшелік талаптары болса, адам оларды орындаудан бас тартқаны үшін мүшеліктен шығарылуы мүмкін. Бұл айқын күнә үшін мүшеліктен шығарумен бірдей емес, сондықтан ол адамды сенбеуші деп айтудың қажеті жоқ. Бірақ ол қауымның қауым мүшелеріне қоятын талаптарына бағынғысы келмегендіктен, оны сенбеуші деп санауға болмайды.

«Киелі Жазбада құтқарылу үшін қажет нәрсенің бәрі бар, сондықтан одан алынбаған және онымен дәлелденбейтін нәрселер – сенуші болу үшін талап болмауы керек».

Англикан қауымының дін туралы мақаласы

► Кейбір қауымдар ұстанатын, ал басқалары ұстанбайтын қауым мүшелігіне қойылатын талаптардың қандай мысалдары?

Ғибадат қызметіне жетекшілік және қатысу

Ғибадат қызметтері барлығына ашық болуы керек және адамдарды оған қатысуға шақыру керек.

Қауым орынсыз мінез-құлқы бар адамды, мысалы, мас адамды, қауымға кіргізбеуі мүмкін. Қауым сондай-ақ, әдепсіз және құрметсіз киінген адамға қызметке баруға тыйым салуы мүмкін. Бірақ адамдардың нашар киімі немесе қауымда өзін қалай ұстау керектігін білмегендіктен, оларды кіргізбей қою дұрыс емес. Адамдардың жақсы киімі болмағандықтан қауымға бара алмайтынын сезінуі – нағыз қасірет.

Егер адам ғибадат кезінде өзін ұстау ережелерін бұзса, бағушы немесе бағушы тағайындаған адам онымен сөйлесуі керек. Егер адам тыңдаудан бас тартса, оны қызметке кіргізбеу керек.

Кейде қауым өмірі жақсы үлгі емес адамға музыкалық аспапта ойнауға немесе ән айтуға рұқсат береді. Қауымда аспапта ойнайтын немесе ән айтатындардың бәрі – қауымның өкілдері. Егер ол күнәда өмір сүрсе, адамдар күнәсіне қарамастан, қауым оны мәсіхші ретінде қабылдайды деп ойлайды.

► Қауымның ғибадат жетекшісіне қандай талаптары болуы керек?

Жібермеуге тиіс қателіктер

Мәселелерді шешу кезінде жібермеуге тиіс 3 қателіктер бар.

(1) Сәйкессіздік

Кейбір күнәлар басқаларға қарағанда ауыр болып көрінеді; кейде бұл мәдени қабылдаудың айырмашылығына байланысты болады. Қауым кейбір күнәлар үшін қатаң жаза беріп, ал басқаларына төзімділік танытуы мүмкін. Құдай қауымды мәдени құндылықтар үшін емес, шындықты ұстанушы болуға шақырады.

Сонымен қатар әр түрлі адамдардың тәртібінде сәйкессіздік бар. Егер адам беделді отбасынан болса, жетекшілер оған деген қарым-қатынаста мұқият болуы мүмкін, бірақ Киелі кітап адамдарға мәртебесіне байланысты ерекше қараудың қауіптілігі туралы ескертеді (Жақып 2:1-9).

(2) Шыдамсыздық

Кейде адамдар қауымдағы мәселе ұзақ уақыт бойы шешілмегенін сезінеді. Олар бұл туралы әр түрлі, тіпті қауымнан тыс адамдармен сөйлесе бастайды, олар жетекшілер жағдайды шешпейді деп шағымданады. Бұл қауымда жаңа мәселелер туғызады және оның қоршаған әлемге деген әсеріне нұқсан келтіреді.

(3) Сүйіспеншіліктің жетіспеуі

Кейбір адамдар басқалардың кемшіліктерін табуды жақсы көреді. Олар біреудің дұрыс емес әрекеттері туралы тез хабарлайды; түсінуге тырыспай, қатал үкім шығарады. Олар қауым мүшелерінің күнәлары үшін қайғырмайды. Бірақ олардың кемшіліктерін тауып, сол туралы айтқанда қуанады; олар қауымның жақсы атына келтірілетін зияндық үшін өкінбейді.

Бағушылар мен оқытушылар өздері өсек айтпауы керек, сонымен қатар адамдарға өсекті жек көруге және оны тыңдаудан бас тартуға үйрету керек.

Егер адам Құдайды, қауымды, Мәсіхтегі бауырластарын жақсы көрсе, ол күнәні қасірет ретінде қарастырып, естігені шындыққа жанаспайды деп үміттенуі керек. Егер жаман хабар расталса, ол күнәһардың қалпына келуін қалауы керек, сонымен қатар қауымға келтірілген зиянның алдын алуға көмектесуі керек; ол бұл жаңалықты қажет болмаса ешкімге таратпайды.

Жеті қорытынды ұстаным

1. Қауым тәртібінің төрт бағытты мақсаты бар – қауымның бірлігін қорғау, шындықты қорғау, қоғамды теріс әсерден қорғау және күнәһарды құтқарылу мен қарым-қатынасқа қайтару.
2. Қауым күнә жасаған және тәубеге келмеген қауым мүшесін сенбеуші адам деп санауы керек.
3. Қауым тәртібінің мақсаты – жазалау емес, түзету мен қалпына келтіру.
4. Қауым өзінің ілімдерімен және қауымдастық мүшелеріне қойылатын талаптармен келіспейтіндердің барлығын сенбеуші деп санамауы керек.
5. Қалпына келтіру қадамдары келесідей – мойындау, бөлу, есеп беру және растау.
6. Қайта қалпына келу үдерісі уақытты қажет етеді. Себебі қауым мүшесі күнәнің салдарынан қалпына келуі, күшті рухани тәртіпті орнатуы және мәсіхшіге лайықты өмірді көрсетуі керек.
7. Қауым сәйкессіздіктен, шыдамсыздықтан және сүйіспеншіліктің жетіспеуінен аулақ болуы керек.

Тапсырмалар

1. 12-сабақ бойынша Жеті қорытынды ұстанымды есте сақтау керек. Студенттер жеті қорытынды ұстанымның әрқайсысына (барлығы жеті абзац) түсініктеме жазып, олардың мәні мен маңыздылығын тақырыппен таныс емес адамдарға түсіндіре алатындай етіп жеткізулері керек. Жазбаша жұмыс келесі сабаққа дейін жетекшіге тапсырылуы тиіс. Талқылау кезінде жетекші сұраса, студенттер топқа белгілі бір пункттер бойынша орындалған тапсырмалардың нұсқаларымен бөлісуге дайын болу керек. Келесі сабақтың басында студенттер есте сақтау қабілеті бойынша, жеті қорытынды ұстанымды жазу керек.
2. Студент сабақты немесе сабақтың бір бөлігін топтан тыс адамдарға өткізуді жоспарлауы керек. Сабақты өткізген сайын студент бұл туралы жетекшіге есеп беруі керек.
3. Жазбаша тапсырма: Төмендегі Жазба үзінділері студенттер арасында бөлінуі керек. Әр студент аяттың не істеу керектігі туралы айтатынын ойланып, ойларын жазуы керек.
 - Тімотеге 1-хат 5:13
 - Титке хат 2:3
 - Ғалатт. хат 5:15, 26
 - Ғалатт. хат 6:1
 - Қолост. хат 3:8-9, 3:12-15
 - Філіпіл. хат 4:8
 - Ефест. х 4:29-32.

13-сабақ

Мәсіхші жетекшінің мінез-құлқы

Мәсіхшілік жетекшіліктің қиындығы

Бұл сабақта қарастыратын Жазба үзінділері бағушыларға, қауым қызметшілеріне және басқа қауым жетекшілеріне қатысты. Сабақты, шағын топты немесе мадақтауды жүргізетін әрбір адам – жетекші. Бұл адамдарды қауым мақұлдауы керек, сондықтан олар мәсіхшілік мінез-құлықтың жақсы үлгісі болуы керек.

Жетекшінің мінезі оның табиғи қабілеттерінен маңызды. Құдай мәсіхші жетекшінің қызметіне байланысты қажетті қабілеттер береді.

► Студенттердің біріне дауыстап Тимотеге 1-хат 3:1-7 оқуды ұсыныңыз.

Егер адамның ниеті дұрыс болса, бағушы болғысы келетін адамның еш айыбы жоқ. Егер ол абырой, билік немесе ақша табуды көздесе, онда оның бағушылық жүрегі жоқ; ол адамдарға қызмет етуді қалауы керек.

Бізде бағушы мен қауым қызметшілердің қасиеттері туралы айтатын Жазбаның екі үзіндісі бар. Оларды елші Пауыл Тимоте мен Титке жазған. Тимоте – Ефестегі қауымды, Тит – Криттегі қауымдарды басқарды. Олар жергілікті қауымдарға бағушыларды тағайындады.

Қауымның бірінші буынында бағушы болудың нені білдіргенін елестетіп көріңізші! Сол кездегі бағушының академиялық білімі де, қызметке арналған дайындық кітаптары да, басқа бағушылардың тәжірибесінен үйренуге мүмкіндігі де болмады. Оның қауымның пайда болуының жаңашылдығына байланысты оның тарихын қадағалауға мүмкіндігі болмады; Жаңа Келісімнің көптеген кітаптары ол кезде әлі жазылмаған.

Пауыл Тимотеге қауымының құрметіне қалай ие болу керектігін үйретті. Ол одан сөзінде, мінез-құлқында, сүйіспеншілігінде, рухында, сенімінде және пәктігілігінде үлгі болуды өтінді (Тимотеге 1-хат 4:12). Бағушы адамдардан құрметті талап ету арқылы құрметке ие болмайды.

► Бағушы құрметке қалай ие бола алады?

Елші Тимоте мен Титке бағушының қасиеттері туралы айтты. Олардың көпшілігі ерекше қабілеттерден гөрі мәсіхшілік мінез-құлық пен жетілуге қатысты. Сондықтан әрбір мәсіхші осы қасиеттерді дамытуы керек.

Бағушының қасиеттері

(1) Мінсіз

Бағушы дұрыс нәрсені жасауы керек. Егер Бағушы дұрыс нәрсені істемесе, басқалардан дұрыс мінез-құлықты талап ете алмайды. Ол мәсіхшілік қағидаттарды ұстануда бірізді болуы керек. Бұл қауым оған сенуі үшін және оның қауымдастық үшін жақсы куәлік болуы үшін қажет.

(2) Бір әйелдің күйеуі

Әлемнің көптеген елдерінде көп әйел алу қалыпты нәрсе болды. Құдай ер адамның бір әйел алуын жоспарлаған. Бұл бағушыға үлгі болу үшін талап болды.

(3) Қырағы

Бағушы – өз қауымының қорғаушысы. Ол өз отарын жалған ілімдер мен теріс әсерден қорғау үшін қырағы болуы керек, сондай-ақ дұрыс ілімдерді үйретіп, рухани қауіп туралы ескертуге дайын болуы керек.

► Егер бағушы қауым мүшелерінің рухани қауіп-қатері туралы білмесе не болады?

(4) Байсалды

Бағушы тез арада шешім қабылдайтын импульсивті емес, өз қызметінде байсалды болуы керек; ол маңызды мәселелерді байыппен ойлауға қабілетті болуы керек және оның ақыл-ойы оны жеке алаңдаушылық, ойын-сауық немесе азғырумен қызметінен алшақтатпауы керек.

(5) Дұрыс жүріс-тұрысты

Бағушы өзін дұрыс және әдепті ұстауы керек және өзі қызмет ететін аймақтың әдет-ғұрпын құрметтеуді үйренуі керек.

(6) Қонақжай

Бағушы басқалардың қажеттіліктеріне жауап беретін адам болуы керек. Ол бөлісуге дайын болуы керек. Сонымен қатар достық қарым-қатынаста болуы керек. Тіпті бірінші рет кездестірген адамдарға көмектесуге дайын болуы керек.

(7) Үйретуге қабілетті

Бағушы шындықты адамдар оны түсіне алатындай етіп жеткізуі керек. Сонымен қатар өзіне оқып, үйренуге жауапкершілік алуы керек.

«Ізгі хабарды қызметке бағытталған, бағушылық қамқорлықпен уағыздау - күнәһарлардың тәубеге келуі мен сенушілердің рухани жетілуіне көмектесетін құдіретті құрал. Құдайдың Өз агенттерін таңдап, оларды Өз қызметіне шақыратыны қисынды».

Джон Милей,
«Мәсіхшілік теология»

(8) Маскүнем емес

Қауым жетекшісі шараптың әсеріне түсіп, ішімдікке салынған адам сияқты өзін дұрыс ұстамауға жол бермеуі керек. Бұл қағидат осыған ұқсас әсер ететін кез келген нәрсеге қолданылады.

(9) Зорлық-зомбылықсыз

Бағушы өз мақсатына қорқытумен немесе күш қолданумен ұмтылмауы керек. Бұл жерде физикалық күш қолдану туралы, сондай-ақ ренжітушіге жауап беруге дайындық туралы айтылады (Тімотеге 2-хат 2:24-25 да қараңыз).

► Әділ ашуды көрсетудің дұрыс жолы қандай?

(10) Ашкөз емес

Әлемдегі адамдар өздерінің пайдасын көздеп, сөздердің мағынасын өзгертеді. Кейбір мамандар – заңгерлер, сатушылар немесе саясаткерлер – адамдарға ұнау үшін шындықты бұрмалауға бейім. Бағушылар да бұған азғырылады, өйткені шындық – Құдай Сөзі – бәріне ұнамайды. Қауым жетекшісі қаржылық жағынан пайдалы ма, жоқ па, шындыққа адал болуы керек.

Бағушы қауымның қаржылық жағынан қамтылған болғанын қалауы керек. Нағыз жетекші қауымды өз қауымдастығының мүшелеріне қамқорлық жасайтын отбасы сияқты жұмыс істеуге жетелейді және одан қандай пайда алатынын ойламайды.

(11) Өз үйін жақсы басқаратын

Бағушы балаларын бақылай алатындай, өзінің жетекшілерік қасиеттерін үйде де көрсетуі керек. Егер ол өз үйін басқара алмаса, онда ол қауымды да жетелей алмайды. Бұл оның қамқорлығынан шыққан ересек балаларына қатысты емес, өйткені ол олар үшін жауап бермейді.

(12) Жаңадан сенімге келуші емес

Егер адамға кішкене уақыт аралығында билік сеніп тапсырылатын болса, ол тәкаппарланып кетуі мүмкін. Тәкаппарлық – шайтанның құлауына себеп болған күнә; жоғарылату тәжірибеге сәйкес біртіндеп болуы керек.

► Егер адам лауазымға тым тез тағайындалса және өз міндеттерін орындай алмаса, қандай зиян келтіруі мүмкін?

(13) Жақсы беделге ие

Бағушы болып тағайындалмастан бұрын, өтініш беруші қауымнан тыс қоғамда жақсы беделге ие болуы керек. Ол туралы шыншыл және барлық ісіне адал адам ретінде айтылуы керек. Егер ол өтініш бергенге дейін, оның беделіне қатысты мәселелер орын алған болса, оған оны түзету үшін уақыт қажет.

- ▶ Студенттердің біріне дауыстап Титке хат 1:5-11 оқуды ұсыныңыз.

Бағушының көптеген қасиеттері Титке арналған және Тимотеге арналған 1-хатта көрсетілген.

- ▶ Титке арналған хаттағы үзіндіде бағушының қандай қосымша қасиеттері жазылған?

Бұл үзінді бағушының жалған ілімдерге жауап беру қабілетіне баса назар аударады. Сенімді түрде түсіндіре алу үшін қауым жетекшісі шынайы ілімді берік ұстануы керек. Мақсат – адасқандарды сендіре алу, бірақ одан да маңыздысы – қауымдастық отбасыларын жалған ілімді қабылдаудан қорғау.

«Көктегі Әкеміз, Құдіреті күшті Құдай, осының барлығын жасау үшін сендерге жақсы ниет берген, сонымен қатар соңғы күні Иеміз Иса Мәсіх арқылы киелі әрі мінсіз болуларын үшін, бастаған жақсылықты аяқтау үшін сендерге осы міндеттерді орындауға күш берді. Аумин».

«Епископтардың бағышталуы»,
«Қарапайым дұға кітабы»

Қауым қызметшілерінің қасиеттері

- ▶ Студенттердің біріне дауыстап Елшіл. істері 6:1-6 оқуды ұсыныңыз. Бұл үзіндіде қандай мәселе сипатталған?

Алғашқы қауым қызметшілері Елуінші күн мейрамынан кейін көп ұзамай тағайындалды. Олар қауымды басқаруда көп жұмыс болғандықтан қажет болды. Елшілер дұға мен уағызға назар аударуы керек еді, сондықтан жеті адам тағайындалды, олардың кейбіреулері кейінірек жаһандық қызметке тартылды. Қауым қызметшісі бағушыға қызметте көмектеседі; ол уағыздаушы бола алады, бірақ міндетті түрде емес.

- ▶ Алғашқы қауым қызметшілері қандай қасиеттерге ие болуы керек еді?

Алғашқы қауым қызметшілерін таңдауда қажет қасиеттер: адалдық, Киелі Рух пен даналыққа бөлену болды. Олар қауымның ақшасын басқарды, сондықтан олардың адал болуы керек болды. Олардың қызметі қауымға рухани әсер етті, сондықтан олардың Рухтың басшылығын, майлануын және тазалығын іздеп, Киелі Рухқа толы болуы қажет болды. Сонымен қатар қауым қызметшілері көптеген қиын мәселелерді шешті, сондықтан олардың даналыққа бөленген болуы маңызды болды.

Елші Пауыл қауым қызметшілеріне қажет кейбір сипаттамаларды тізіп берді.

- ▶ Студенттердің біріне дауыстап Тимотеге 1-хат 3:8-13 оқуды ұсыныңыз.

(1) Құрметке ие

Адам қауым қызметшісі болудан бұрын отбасы, достары мен қауымдастықтың құрметіне ие болуы керек.

(2) Шыншыл

Қауым қызметшісі әр сөзіне жауап беретін, сенімді адам болуы керек. Ол қауымдағы адамдардың сынын және қауымдастықтың мәселелері туралы көптеген пікірлерді естиді; ол сөйлеген сөзінде шыншыл болуы керек.

(3) Маскүнем емес

Қауым қызметшісінің ішімдікпен мәселесі болмауы керек; оның мінез-құлқы дұрыс әрі құрметке ие болуы керек.

(4) Пайдақұмар емес

Бағушының көмекшісі қауымда ақшаны басқаруға, сондай-ақ мұқтаж адамдарға қамқорлық жасауға жауапты болады. Сондықтан ол қызметтен пайда іздемеуі керек.

(5) Дұрыс ілімді ұстанатын және ар-ұжданға таза

Адам күнәға батқанда, әдетте қате ілімдерге сене бастайды; егер ол рухани жеңіспен өмір сүрсе, онда шынайы ілімдерге көбірек сенеді.

(6) Тәжірибелі

Адам қауым қызметшісі болмас бұрын, оның қызметке көмектесуге және өзінің дана және сенімді екенін көрсетуге мүмкіндігі болуы керек. Тәжірибелі жетекшілер оған жауапты қызметке тағайындалғанға дейін, қызметте өзін көрсетуге мүмкіндік береді.

► Беделді лауазымға ие болмай, адам қауымның қызметіне қалай көмектесе алады?

(7) Әйелі адал

Егер әйелі өсек айтатын болса және мәсіхші әйелдің жақсы үлгісі болмаса, қауым қызметшісінің қызметі нашарлайды.

(8) Өз үйін жақсы басқарады

Бағушы сияқты, қауым қызметшісі де өз үйін жақсы басқаруы керек.

Бағышталған топтың басымдығы

Қауым – бұл жергілікті қауымның мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін өзін Құдайға және бір-біріне арнаған сенушілер тобы. Қызметке керек еңбек пен ресурстар осы топтан келеді; онсыз қауым өмір сүре алмайды.

Дүкенге кіретін бейтаныс адам маңызды, себебі ол әлеуетті клиент. Сол сияқты қауымға келуші де маңызды, себебі ол бағышталған топтың әлеуетті мүшесі. Бизнес үшін ең маңызды адам – тұрақты клиент; қауымда ең маңызды адам – оған бағышталған адам.

Сондықтан қауым қызметкерлері бағышталған топқа қызмет етуі керек. Әрбір бағушы мен тәлімгердің мақсаты – бұл топқа қызмет ету және оған көбірек адамдарды тарту

болуы керек. Адамдар құтқарылып, өздерін қауымға бағыштағанда немесе құтқарылған адамдар өздерін қызметке арнау керектігін түсінгенде, топтың сандық көлемі артады. Қызметкерлер топтың қажеттіліктерін зерттеп, шәкірттілікті, рухани басшылықты, қызметке дайындықты және қарым-қатынасты қамтамасыз етуі керек; оған кіретін барлық адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін топты бірлесіп жұмыс істеуге бағыттау керек.

Сенім отбасысы ретінде, қауым – өзінің адамдық ресурстарын бағыштап; Құдаймен қарым-қатынасы бар және өмірінің барлық саласында Құдайдың даналығын көрсететін барлық мүшелерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, Құдайдың ресурстарын табады және құтқарылмаған адамдарды тәубеге келуге және сенім отбасысына қосылуға шақырады.

► Егер қауым жетекшілерінің басты мақсаты – сенушілердің бағышталған тобын құру болса, қауым қандай болар еді?

Қауымның рухани басымдығы

Қауым үшін (бағушыны қолдау, қауымдастыққа және басқа да қызметкерлерге қамқорлық жасау үшін) қаржы қажет болса да, оның қызметінің негізгі бағыты – Ізгі хабарды тарату мен шәкірттікпен айналысу. Бағушы рухани жетекші болуы керек, демек оған кәсіп сияқты басқа жүктеме болмауы керек дегенді білдіреді. Ең дұрысы, қауым мүшелерінің жұмысы немесе кәсібі болып, олар табысының оннан бір бөлігін беруі керек. Егер қауымның бизнесі болса, онда оған сенімді қауым қызметшісі жауап беруі керек. Алғашқы қауым қызметшілері елшілер өздерін дұға мен Сөзді уағыздау қызметіне арнауы үшін тағайындалды (Елшіл. істері 6:2-4).

Жақсы жетекшілік ететін бағушының қасиеттері

► Студенттер «Бұл қасиет неліктен маңызды?» деген сұрақтан бастап, әр тармақтың маңыздылығын талқылауы керек.

1. Ол тек қауымға ғана адал қызмет етуі керек және өзін басқа ұйымдарға бағыштамауы керек.
2. Ол қызметкерлер тобын құруға және басқалардың мүмкіндіктерін пайдалануға дайын.
3. Ол өз қауымын бір отбасы сияқты болуға жетелейді және оның барлық қажеттіліктерін қанағаттандыруды ойлайды.
4. Ол жеке пайдасы үшін емес, Құдайға және адамдарға деген сүйіспеншіліктің есебінен қауымға қызмет етеді.
5. Оның рухани басымдықтары – ғибадат, Ізгі хабарды уағыздау және рухани өсу болуы керек.

6. Қауым оған сенеді және оған сенімді.
7. Ол қауымды тұрақты әрекет етуші деңгейге жеткізуге дайын, бірақ сонымен бірге оны меншік ретінде қарастырмайды.
8. Ол қауым мүшелерін ондық беру мен бір-бірінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қарым-қатынасқа үйрету арқылы қауымды жетілуге жетелейді.
9. Ол барлық нәрседе, оның ішінде ақшаны пайдалануда шынайы әрі адал.
10. Ол ақшаны және қызметкерлерді басқара алатынын көрсетеді.

Қызмет жетекшісінің қасиеттері

Қауым қызметін басқаруға таңдалған адам – белгілі бір қасиеттерге ие болуы керек. Қауым жетекшілері қауымдағы міндеттерді орындауға көмектесетін және жетекшілік тобына қосылатын мүшелерде осы қасиеттерді дамыту үшін үнемі жұмыс жасауы керек.

► Студенттер «Бұл қасиет неліктен маңызды?» деген сұрақтан бастап, әр тармақтың маңыздылығын талқылауы керек.

1. Ол жергілікті қауымның қызметіне қатысуға, ондық беруге және қызмет етуде адал; мәсіхші ретінде құрметке ие.
2. Ол қазірдің өзінде өзінің күш-жігері мен ұмтылысын жергілікті қауымға салады.
3. Ол өте шыншыл және мәсіхшілік этика қағидаттарын ұстанады.
4. Ол қазірдің өзінде бастаманы қолға алып, қолынан келгеннің бәрін жасауға дұрыс ынталанған.
5. Ол өзін-өзі тәрбиелейді, ынталы және үнемі жетілдіріп отырады.
6. Ұйымдастырушылық және жетекшілік қабілеттерін көрсетеді, және тек біреудің басшылығымен жұмыс жасамайды.
7. Оған жобадағы рөлін орындау үшін қажетті өкілеттіктер берілген.

Жеті қорытынды ұстаным

1. Жетекшінің мінезі оның табиғи қабілеттерінен гөрі маңызды.
2. Адам жетекші болмай тұрып, мәсіхшілік қасиеттерін көрсетуі керек.
3. Қауымда белгілі бір лауазымға ие адам мәсіхшілік мінез-құлықтың үлгісі болуы керек.
4. Қаржылық басқару қауымның бағушы мен жергілікті қызметкерлерге қолдау көрсетуі және қауымдастыққа қамқор болуы үшін қажет.
5. Қауым Ізгі хабарды тарату мен шәкірттілікке назар аударуы керек.
6. Қауым жетекшілері назарларын қауымға бағышталған адамдар тобын дамытуға аударуы керек.
7. Қауым тұрақты түрде әрекет етуі және қауымдастықтың меншігі болуы керек.

Тапсырмалар

1. 13-сабақ бойынша Жеті қорытынды ұстанымды есте сақтау керек. Студенттер жеті қорытынды ұстанымның әрқайсысына (барлығы жеті абзац) түсініктеме жазып, олардың мәні мен маңыздылығын тақырыппен таныс емес адамдарға түсіндіре алатындай етіп жеткізулері керек. Жазбаша жұмыс келесі сабаққа дейін жетекшіге тапсырылуы тиіс. Талқылау кезінде жетекші сұраса, студенттер топқа белгілі бір пункттер бойынша орындалған тапсырмалардың нұсқаларымен бөлісуге дайын болу керек. Келесі сабақтың басында студенттер есте сақтау қабілеті бойынша, жеті қорытынды ұстанымды жазу керек.
2. Студент сабақты немесе сабақтың бір бөлігін топтан тыс адамдарға өткізуді жоспарлауы керек. Сабақты өткізген сайын студент бұл туралы жетекшіге есеп беруі керек.
3. Жазбаша тапсырма: Әр студент Езекиел 34:1-10-ды оқып, осы үзіндінің мәнін қорытындылайтын бірнеше сөйлем жазуы керек.

14-сабақ

Рухани дарындар

Рухани дарын анықтамасы

Рухани дарын анықтамасы

Рухани дарын – бұл Киелі Рухтың әрбір сенушіге қауым қызметінде қолдану үшін берген қабілеті. Бұл мәсіхші арқылы жасалатын Рухтың жұмысы. Бірақ сенуші бұл дарынды қалай қолданатынын өзі таңдайды, сондықтан оны дұрыс пайдаланбауы мүмкін. Рухани дарын – табиғи қабілетпен бірдей емес, бірақ дарындар бейімділікпен ұштасып кетуі мүмкін және оларды ажырату қиын болуы мүмкін.

Рухани дарындардың тізімі

Рухани дарындар мен қызметтегі лауазымдар Жаңа Келісімде бірнеше жерде көрсетілген. Тізімдер ұқсас, бірақ бірдей емес; Киелі кітапта барлық рухани дарындарды қосатын бір тізім жоқ.

► Студенттердің біріне дауыстап Ефест. хат 4:7-12 оқуды ұсыныңыз.

7-8 аяттарда Құдайдың рақымы әрбір адамға рухани дарындар түрінде берілгені айтылады. Әлбетте, бұл жерде елші құтқарылу рақымы туралы айтпайды, өйткені 11-аятта ол Құдай берген қызметтегі бірнеше позицияларды тізімдейді.

Құдай адамдарды арнайы қызметке шақырады және оларға қажетті рухани дарындар береді. Пауыл Қорынттықтарға арналған 1-хаттағыдай рухани дарындарды тізімдеудің орнына, қызметтердің кейбір түрін тізіп берді. Онда келесі қызметтер – елші, пайғамбар, Ізгі хабарды таратушы, бағушы және тәлімгер туралы айтылды. Бұл тізімнің толық емес екені анық.

Елші

Елшілер – Иса көкке ұшып кеткеннен кейін қауымдарды құру және отырғызу үшін арнайы таңдалған адамдар. Олар қызметімен бірге жүретін кереметтерімен танымал болды (Қорынтт. 2-хат 12:12) және олардың әрқайсысы Исаны жеке таныды (Қорынтт. 1-хат 9:1; Елшіл. істері 1:21-22).

Аян кітабында қаланың он екі іргетасы – он екі елшіні бейнелейтіні айтылған, яғни бұл олардың қауым тарихында ерекше адамдар болғанын білдіреді (Аян 21:14). Он екі елші ғана болған деп қорытынды жасауға болатын аяттар бар (Матай 10:2, Елшіл. істері 1:26). Яһуданың хаты 1:17-де елшілер бұрын болған және бүгінде жоқ деп болжайды.

Пайғамбар

Кейбір адамдар пайғамбарлықты – болашақ оқиғаларды болжау деп санайды, бірақ Жаңа Келісімде уағызды – пайғамбарлық сөз ретінде айтады. Көне Келісімде пайғамбарлық сөз айту жиі қандай бір болжамды қамтыды, себебі бұл пайғамбардың хабарын Құдайдан екенін дәлелдеудің жалғыз жолы еді. Көне Келісім кезінде Киелі кітаптың көп бөлігі әлі жазылмаған еді.

Пайғамбар – бұл Құдайдан хабар алатын адам. Хабар болжауды қамтуы да, қамтымауы да мүмкін. Құдайдың хабары әдетте Киелі кітапқа негізделген.

Ізгі хабарды таратушы

«*Ізгі хабарды таратушы*» сөзі «*Ізгі хабар*» сөзінен шыққан. Ізгі хабарды таратушы – Ізгі хабарды жеке немесе қауымдастық деңгейде тарататын адам. Әрбір мәсіхші Ізгі хабармен бөлісуі керек, бірақ кейбіреулері бұл қызметке ерекше дарынды болады. Бағушы Ізгі хабарды өзінің қызметінің бір бөлігі етуі керек (Тімотеге 2-хат 4:5).

Бағушы

Бағушы – бұл жай ғана уағыздаушы емес, белгілі бір адамдар тобына қамқорлық жасайтын адам.

Тәлімгер

Қауымдағы тәлімгер – бұл басқаларға рухани және Киелі кітаптық шындықтарды түсіндіретін адам. Әрбір бағушы тәлімгер болуы керек (Тімотеге 1-хат 3:2; Титке хат 1:9), бірақ бағушыдан басқа адамдар да дарынды тәлімгер бола алады.

► Студенттердің біріне дауыстап Римд. хат 12:6-8 оқуды ұсыныңыз.

Бұл Жазба үзіндісінде, елші адам әр түрлі қызметтерге шашырамай, өзінің күш-жігерін Құдай берген дарынға сәйкес қызмет етуге жұмылдыруы керек екенін айтады.

Қызметтің белгілі бір түрлеріне арнайы нұсқаулар берілген. Мысалы, жетекші еңбекқор болуы керек: қалаған кезде қызмет етіп қана қоймай, әрқашан өз міндеттерін орындауы керек. Мұқтаждарға жәрдем үйлестіруші мұны ақпейілмен және өзіне назар аудармайтындай етіп жасауы керек. Қайырымдылық жасайтындар және шұғыл қажеттіліктерге көмектесетіндер мұны мәжбүрленіп емес, қуанышпен жасауы керек.

► Студенттердің біріне дауыстап Қорынтт. 1-хат 12:28 оқуды ұсыныңыз.

Пауыл бұл аятта барлық дарындар мен қызметтердің тізімін жазғысы келмегені анық. Мысалы, ол бағушыларды атамады, дегенмен ол олар туралы Ефестіктерге арналған хатта берілген тізімде айтқан.

Біз жоғарыда елшілер, пайғамбарлар және тәлімгерлер туралы айттық.

Кейбір адамдар кереметтер жасау мен сауықтыру қызметіне шақырылады. Әр сенуші кереметтер туралы дұға ете алады, ал Құдай оған жауап береді. Бірақ кейбір адамдар Құдайдың еркін білу және кереметтерге ерекше сену дарындарына ие.

Кейбір адамдарға көмек көрсету дарыны беріледі. Олар қажеттіліктерді тез байқайды, сонымен қатар мұқтаж адамға немесе қауым жұмысына көмектесу мүмкіндігін жібермейді. Бұл адамдар әртүрлі тәжірибелік қабілеттерді көрсетеді.

Кейбіреулерге ерекше ұйымдастырып басқару қабілеттері беріледі. Көптеген адамдар жетекшілерді ең маңызды адамдар деп санайды, бірақ қауымда басқа дарындар болмаса жетекшілік пайдасыз болар еді.

Бөтен тілдерде сөйлеу дарыны соңында айтылады. Мүмкін, елші оны дарындардың ішіндегі ең маңыздысы деп санайтындарды түзеткісі келген шығар.

Петір берген қағидаттар

Елші Петір рухани дарындар туралы ең маңызды қағидаттарды қысқаша сипаттады.

► Студенттердің біріне дауыстап Петірдің 1-хаты 4:10-11 оқуды ұсыныңыз.

Біз бұл аяттардан рухани дарындар туралы кем дегенде алты маңызды ойды көреміз.

1. Құдай сенушілерге рухани дарындар сыйлады, сондықтан олар бұл дарындарды жеке мақсаттары үшін емес, Құдай үшін пайдалануға міндетті; Біз рухани дарындарды қолдануда Иеміздің алдында есептіміз.
2. Дарындар басқаларға көмек ретінде қолданылуы керек; олар жеке басты жоғарылату немесе пайда табу үшін берілмейді.
3. Құдайдың рақымы әр түрлі («алуан түрлі»): дарындардың көптеген түрлері бар.
4. Адам уағыздайтын нәрсе Киелі кітапқа сәйкес болуы керек.
5. Адам өзінің қызметінде Құдайдың күшіне сүйенуі керек.
6. Әр қызметтің мақсаты – Құдайды мадақтау.

Пауыл берген қағидаттар

Құдай Қорынт қауымына көптеген рухани дарындар сыйлады. Оларда кейбір түсініспеушіліктер болды, сондықтан елші Пауыл оларға Қорынтт. 1-хат 12-14 тарауларда дарындар туралы ілімді түсіндірді.

Бұл Жазбадағы тараулар бізге рухани дарындарды қолданудың көптеген қағидаттарын үйретеді; олардың кейбіреулері төменде оқуға ұсынылған.

► Студенттердің біріне дауыстап Қорынтт. 1-хат 12:1-3 оқуды ұсыныңыз.

(1) Ілімдік тексеру қағидасы: рухани тәжірибені біз білетін ақиқатпен бағалау керек.

Қорынттық сенушілер бұрын жалған тәңірлерге табынушылар болған. Жалған тәңірлер үндемейді, бірақ рухтардың үндемеуі мүмкін емес. Көптеген жалған тәңірлерге табынушы діндердің ізбасарлары өздерін рухтардың әсеріне ашады. Олар кез келген рухани тәжірибе жақсы деп санайды және психикалық транс немесе эмоционалдық толқуға ұмтылады. Олар жабайы және ұятсыз тәсілдермен сөйлеуге немесе әрекет етуге мәжбүр етсе де, рухтың бақылауында болғанына бақытты сезінеді.

Елші Киелі Рухтан сөйлейтін ешкім Иса туралы жаман айтпайтынын ескертті. Егер зұлым рух ғибадатты басқарса, ол адамдарды Құдайды қорлайтын сөздер айтуға немесе әрекет істеуге итермелейді. Киелі Рух ғибадатты Құдайды қорлайтындай жолмен жетелемейді.

Біз рухтың әрекетін табиғаттан тыс тәжірибе болғандықтан ғана ерекше нәрсе деп санамауымыз керек. Бұл жерде тексеру Жоханның 1-хаты 4:1-3-ке сәйкес болуы керек: егер рух Құдай Сөзіне қайшы келетін нәрсені айтса, оны қабылдамау керек.

«Рухпен сөйлейтіндердің бәрі емес, тек Иеміздің жолымен жүретін адам ғана пайғамбар. Осылайша жалған пайғамбарлар мен шынайы пайғамбарларды ажырата білу керек».

«Дидахе», б.з. I ғасыр.

- ▶ Қандай діндердің өкілдері өздеріне зұлым рухтардың билік етуіне рұқсат береді?
- ▶ Студенттердің біріне дауыстап Қорынтт. 1-хат 12:4-11 оқуды ұсыныңыз.

(2) Дарындардың әртүрлілігі қағидасы: Киелі Рух әрбір мәсіхшіде жұмыс істейді, бірақ әр түрлі жағынан.

Бұл аяттарда бір Киелі Рухтың әртүрлі жолдармен жұмыс істейтініне баса назар аударылады. Ол рухани дарындарды қалай тарату керектігін өзі таңдайды. Әрбір сенуші кем дегенде бір рухани дарынға ие. Ешкімде барлық дарындар болмайды.

Қауым мүшесі бұл дарынды Мәсіхтің денесінің игілігі үшін қолдануы керек: Құдай оны жеке пайдасы үшін берген жоқ.

- ▶ Студенттердің біріне дауыстап Қорынтт. 1-хат 12:12-26 оқуды ұсыныңыз.

(3) Дене қағидасы: дененің әрбір мүшесі маңызды және бір біріне мұқтаж.

Елші қауым мүшелерін физикалық дене мүшелерімен салыстырды. Олардың функциялары мен мақсаттары әр түрлі. Және ешкім денедегі басқа адаммен бірдей болуым керек деп ойламауы керек. Мысалы, құлақ дененің бір мүшесі болу үшін көз сияқты болуым керек деп ойламауы керек. Қорытынды – адамның денеде болуы үшін қажет белгілі бір арнайы дарын жоқ.

Дарындарға ие адам, оған дененің қалған мүшелері қажет емес деп ойламауы керек. Дене қандай да бір мүшесіз дұрыс жұмыс істей алмайды.

Кейбір дарындар басқаларға қарағанда көбірек көрінеді. Адамдар белгілі бір дарындар рухани мәртебенің белгісі деп ойлайды. Құдай дарындарды қалай үйлестіру керектігін Өзі шешеді, және қандай да бір дарынға ие болу адамды ерекше, басқалардан жоғары етпейді.

► Уағыздаушы әрқашан қауымда еден жуушыдан гөрі рухани жағынан жоғары деп ойлайтын адамға не айтар едіңіз?

► Студенттердің біріне дауыстап Қорынтт. 1-хат 12:27-31 оқуды ұсыныңыз.

(4) Үлестіру қағидасы: Құдай қауымның әрбір мүшесіне белгілі бір қызметті атқару үшін қажет нәрсені береді.

Қорынтт. 1-хат 12:27-31 – тараудың мазмұнын қысқаша қорытындылайды. Құдай адамдарды түрлі қызметтерге шақырады. Қызмет – бұл өзін-өзі жоғарылату үшін қолдануға болатын нәрсе емес; оның мақсаты – қауымның өсуіне көмектесу.

Топқа Қорынтт. 1-хат 12:29-30-дағы сұрақтарды оқитыныңызды айтыңыз. Сіз оқыған кезде олар жауап беруі керек. Мысалы, «Елшілердің бәрі ме?» дегенді оқығанда, олар: «Жоқ» деп жауап беруі керек.

Қызметтер әр түрлі болғандықтан, дарындар да әр түрлі. Пауыл «жоқ» деп жауап беретін бірнеше сұрақтар қойды; ол әр сенушіден күтілетін дарын жоқ екенін айтады.

► Студенттердің біріне дауыстап Қорынтт. 1-хат 13-тарауды оқуды ұсыныңыз.

(5) Сүйіспеншілік қағидасы: сүйіспеншілік – өзгермейтін басымдық, ал рухани дарындар – тұрақсыз.

Алғашқы үш аят сүйіспеншіліктің жетіспеушілігін табиғи талантпен, рухани дарындармен немесе жеке құрбандықпен өтеуге болмайтынын көрсетеді.

Өзіңізді тексеру үшін Қорынтт. 1-хат 13:4-7-дегі сүйіспеншіліктің сипаттамаларының жанына өз атыңызды қойып көріңіз және сүйіспеншілігіңіздің сапасын тексеріңіз.

Қорынтт. 1-хат 13:11 – жетілгендікке шақыру емес. Елші біздің жердегі өмірімізді балалық шақпен, көкті ересек өмірмен салыстырды. Бір күні бізге қазір қажет нәрселер қажет болмайды. Біздің түсінігіміз шектеулі болғандықтан, пайғамбарлық сөз бен білім дарындары қажет. Мәңгілік өмірде бұл дарындар қажет болмайды, олар «балалық» нәрселер ретінде қалады. Тіпті сенім мен үміт те бір күні пайдасыз болады, өйткені бәрі орындалады, бірақ сүйіспеншілік бәрібір ең жоғары құндылық болып қала береді.

Қорынтт. 1-хат 14 -тарау бір қағидаға – қарым-қатынасқа баса назар аударады. Онда басқа да шындықтар бар, бірақ елші осы қағиданы бірнеше рет суреттеп, түсіндірді.

(6) Қарым-қатынас қағидасы: табысты қызмет шындықты түсінікті түрде жеткізуге байланысты.

► Студенттердің біріне дауыстап Қорынтт. 1-хат 14:1-5 оқуды ұсыныңыз.

Құдайдың хабарын жеткізу – бөтен тілде сөйлеуден де маңызды.

Пайғамбарлық – бұл болашақты болжау ғана емес, сонымен қатар уағыздау. Көне Келісімде пайғамбарлық сөз болжамды қамтыды, себебі бұл хабар Құдайдан екенін дәлелдеудің жалғыз жолы болды. Көне Келісім уақытында Киелі кітаптың көп кітаптары әлі жазылмаған.

Енді уағыздаушы өзінің уағызының көзі Құдайдан екенін көрсету үшін Киелі кітапқа сілтеме жасай алады. Табиғаттан тыс аспект әлі де бар, өйткені Құдай уағыздаушыға ақиқат пен оның әр түрлі жағдайларда қолданылуы туралы ерекше түсінік береді.

Егер адамдар айтылған сөздің мағынасын түсінбесе, бөтен тілдерде сөйлеудің пайдасы жоқ. Егер адам басқа адамдар түсінбейтін тілде сөйлесе, оны Құдай ғана түсінеді.

Кейбір адамдар «оны ешкім түсінбейді» деген сөзді бөтен тілде сөйлеуші өзін өзі түсінбейді деген мағынада қолданады, бірақ бұл мағына дұрыс емес. Егер біздің қауымда бір неміс күәлік берсе, біз кейінірек «оны ешкім түсінбеді» деуші едік, бірақ бұл оның өзінің айтқанын түсінбеді дегенді білдірмейді.

Егер айтылған нәрсе түсіндірілмесе, қауым рухани жетілмейді.

► Егер қауымда біреу ешкім түсінбейтін және ешкім аудармайтын тілде жиі сөйлесе, бағушы не істеуі керек?

Қорынтт. 1-хат 14:5-те Пауыл «бөтен тілдерде сөйлеу әркімге жақсы болар еді» деп жазды, бірақ Қорынттық. 1-хат 4:8 бен Қорынтт. 1-хат 7:7-ге назар аударыңыз. Қорынтт. 1-хат 4:8-де Пауыл «олар патшалар сияқты билік құрса жақсы болар еді» деп жазды, бірақ ол шынында бұлай болатынын күтпеген, себебі елшілердің өзі де азап шекті. Қорынтт. 1-хат 7:7-де елші «барлық адамдар ол сияқты некесіз болса жақсы болатынын» айтады, бірақ ол бұған бәрі шақырылмағанын айтты, және біз неке – адамдардың көпшілігі үшін Құдайдың жоспары екенін білеміз. 14:5-те ол «барлығының бөтен тілдерде сөйлегені жақсы болар еді» деп айтады, бірақ бұл солай болады дегенді білдірмейді. Қорынтт. 1-хат 12:29-30-да ол бәрінен бірдей күтілетін дарын жоқ екенін анық көрсетеді.

► Студенттердің біріне дауыстап Қорынтт. 1-хат 14:6-19 оқуды ұсыныңыз.

Егер түсініксіз болса, сөздің пайдасы жоқ

Қорынтт. 1-хат 14:6-да елші: «Қандай пайда?» деп сұрақ қойды. Егер сөз түсініксіз болса, онда оның пайдасы жоқ. Тіпті музыкалық аспаптарды да белгілі бір үндестілікке баптау керек, әйтпесе мағынасыз, тек шу ғана болады. Кернейлер әскерде белгі беру үшін қолданылады. Егер керней белгіленген дабылды емес, шу шығарса, жауға шабуыл

жасау керек пе, әлде шатырларды жинау керек пе ешкім түсінбейді. Бұл тарауда қарым-қатынастың маңыздылығына баса назар аударылады.

Түсініксіз сөздер «желмен» ұшып кетеді (9). Пауыл мұндай сөздердің пайдасыз екенін айтады.

Елші былай дейді: егер адамдар бір-бірін түсінбесе, онда олар бір-біріне жат жерліктей болып көрінеді (11). Егер адам басқалар оны түсінбесе де, сөйлеуді жалғастыра берсе, ол қауымды рухани жетілдіруге тырыспайды, бірақ өзінің басқа бір мақсаттарына қол жеткізгісі келеді (12).

► Адам не себепті ешкім түсінбейтін нәрселерді айтуы мүмкін?

Пауыл егер адам басқа адамдар түсінбейтін тілде сөйлесе, оның жеке түсінігі жеміс бермейтінін атап өтті (14). Елші адам өзін түсінбейді деп айтқан жоқ, бірақ оның түсінігі басқаларға пайда әкелмейтінін айтты.

Пауыл Рухпен де, санамен де қызмет еткен жақсырақ екенін баса айтады (15). Рухқа кенелу бұл адамды түсінуге болмайды дегенді білдірмейді.

Ол ұғынбайтын адамдар айтылғанды түсіне алмайды деп айтады (16). Бұл оның нақты тілдер туралы айтып отырғанын растайды. Сонымен бірге біз түсінбеген нәрсеге «аумин» деп айтпауымыз керек.

Пауыл көптеген бөтен тілдерде сөйлей алатынына қуанышты екенін айтты, алайда бөтен тілде он мың сөз айтқанша, түсінікті тілде тәлім беретін бес сөз айтқанды қалайтынын айтты (18-19).

► Студенттердің біріне дауыстап Қорынтт. 1-хат 14:20-25 оқуды ұсыныңыз.

Рухпен майланған түсінікті сөздер Құдайды мадақтайды.

Бөтен тілде сөйлеу дарынының мақсаты – Ізгі хабарды тарату (Марқа 16:15-17).

Кейбір адамдар бөтен тілде сөйлеу дарыны – сөйлеушінің Киелі Рухқа кенелгендігінің белгісі деп санайды, бірақ 22-ші аятта бөтен тілде сөйлеу дарыны – бұл үшін критерий емес, сонымен қатар сенушілер үшін оның дәлелі емес екені айтылған. Бұл дегеніміз, бөтен тілде сөйлеу дарыны – оны иеленген адамға да, оны көрген адамдарға да ештеңені дәлелдемейді; бұл тек сенбеушілерге түсінікті тілде Ізгі хабарды жеткізу үшін қолданылатын белгі.

Күнә жасаған және Құдаймен қарым-қатынасты бұзған адам осы рухани дарынға ие болуы мүмкін. Сондықтан оның болуы адамның Құдай алдында тура өмір сүретінін, тіпті оның құтқарылғанын да дәлелдемейді.

«Қауымда көпшілік алдында адамдар түсінбейтін бөтен тілдерде дұға ету немесе рәсімдер өткізу Құдай Сөзі мен қауымның әдет-ғұрыптарына мүлдем қайшы келеді».

Методисттік қауымның дін туралы мақаласы

Егер қауымға келген қонақ бөтен тілде сөйлейтін әркімді естіп, бірақ олардың не айтқанын түсінбесе, ол оларды есінен ауысқан деп ойлайды. Алайда егер сенбеуші адам жүрегін әшкерелейтін шындықты естісе, онда Құдайдың бар екенін түсінеді.

► Студенттердің біріне дауыстап Қорынтт. 1-хат 14:27-35 оқуды ұсыныңыз.

(7) Тәртіп қағидасы: қауым ғибадатта тәртіпті сақтауы керек.

Елші: «Неге адамдар қызмет кезінде әркім бірдеңе істеу керек деп ойлайды?» деп сұрақ қойды. Қорынттықтар егер адам уағыз немесе мадақтауды жүргізсе, маңызды деп есептеді, сондықтан олардың барлығы осы қызметтерге қатысқысы келді.

Пауыл егер адам басқаларға түсініксіз тілде сөйлесе, түсіндірме қажет екенін айтты. Қызмет ету уақытын түсініксіз нәрсеге пайдаланудың қажеті жоқ (27).

Бөтен тілде сөйлейтін және түсіндіретін ешкімі жоқ адам қауымда үндемеу керек (28).

Бір уақытта бірге бірнеше адам сөйлемейті тиіс (31). Әлбетте, бұған көптеген адамдардың қызметке қатысуға деген ынтасы себеп болды, бұл ғибадаттағы тәртіптің бұзылуына әкелді.

Олардың кейбіреулері Рухқа кенелген кезде өздерін басқара алмайтындықтан, ережелерге бағына алмайтындарын айтты. Пауыл Құдайдың хабарларын жеткізетіндердің рухтары оларға бағынатынын айтты (32). Ол Құдай қауымда тәртіпсіздік тудырмайтынын айтады (33); Киелі Рух адамды киелі кітаптық ілімдерге қайшы келетін нәрсеге итермелемейді.

► Қандай ережелер ғибадат тәртібін сақтауға көмектеседі?

Шамасы, Қорынттықтағы қауымдағы әйелдер тәртіп бұзған болуы керек. Мүмкін, олар сұрақ қойып, дауласқан болар, сондықтан Пауыл әйел адам күйеуінің билігіне бағынып, үйде сұрақ қоюы керек екендігін айтты. Қалай болғанда да, әйелдер қызмет атқара алады және ғибадатқа қатыса алады, бірақ олар тәртіпті сақтауы керек.

► Студенттердің біріне дауыстап Қорынтт. 1-хат 14:36-40 оқуды ұсыныңыз. Пауыл қорынттықтардың басқа қауымдармен қарым-қатынасы туралы айтқан кезде нені меңзеді?

(8) Елшілік қағидасы: әрбір қауым қауымның бастапқы ілімдерін ұстануы керек.

Қорынттық сенушілер рухани дарындармен баталанған еді. Мүмкін, сол себепті олар өздеріне биліктің қажеті жоқ деп ойлай бастаған болуы керек, сондықтан Пауыл оларға Ізгі хабардың басқалардан келгенін еске салды. Олар бүкіләлемдік қауымның ілімдеріне бағынуы керек. Егер адам елшілердің ілімінен гөрі үлкенірек және жақсырақ бір нәрсені білемін десе, ол надан, сондықтан оны дана немесе рухани деп санауға болмайды.

Пауыл оларға әр түрлі тілдерде сөйлеуге тыйым салмау керектігін айтты. Бөтен тілде сөйлеу дарыны, әсіресе көптілді ортада маңызды, бірақ оны Құдай Сөзіне сәйкес қолдану керек.

Рухани жағынан күштілік бойынша қауым жарысы

Ерекше рухани күштің көрінісімен назар аударуға тырысатын қауымдар бар. Олар сауықтырудың көптеген керемет куәліктерін келтіріп, ал кейбір қауым мүшелері Құдайдан жиі аян алатындарын мәлімдеп, кереметтер мен рухани дарындар – қай қауымның ең жақсы екенін анықтайды деп сенеді. Олардың ғибадат қызметтері Киелі кітаптан гөрі көбірек рухани дарындардың көрінуіне бағытталған. Олар әрбір сенуші бөтен тілдерде сөйлеу дарынына ие болуы керек деп есептейді және бұл дарынды ғибадат қызметінде қолдануды қалайды. Мұндай қауымдарда адамдарды ғибадат етуде бастама алуға шақырады, сондықтан қызмет бақылаудан шығып кетеді. Ал олардың жетекшілері өздерінің рухани күштерін көрсету және басқа қауымдарды сынау арқылы танымал болуға тырысады.

Рухани күштің көрінісі үшін бір-бірімен жарысатын қауымдарда мәселелер де бар. Көптеген қауым мүшелері, тіпті жетекшілер де ашық түрде күнәмен өмір сүреді. Олар қиын өмірлік жағдайларға төзетін сеніммен көрінетін жетілген руханилықты түсінбейді. Жетекшілердің көпшілігі – күнәні жеңіп өмір сүрмейтін және жасы үлкен, сенімді сенушілерді құрметтемейтін жастар. Олардың бөтен тілдерде сөйлеуі киелі кітапқа сай емес. Бұл жастардың көпшілігі кереметтерді бастан кешпеген, бірақ олар болашақта болады деп үміттенеді.

Киелі Рухпен шынайы майланған қауымда сенім мен рухани дарындар Киелі кітапқа сәйкес көрінуі керек. Ал адамдар рухани дарындардың шоу сияқты көрінісіне емес, қиыншылықтарға төзе білу және күнәнің жеңісін қамтамасыз ету үшін сенімдерін жетілдіруге ұмтылуы керек. Рухани дарындарды шоу ретінде көрсетудің орнына, қауымдастықтың қажеттіліктеріне қызмет ету үшін пайдалану керек.

► Рухани күштілігін көрсетіп, басқа қауымдармен жарысуға тырысатын қауымның қандай белгілері барын атаңыз?

Жеті қорытынды ұстаным

1. Рухани дарын – бұл Киелі Рухтың сенушіге қауым қызметінде қолдануы үшін берген қабілеті.
2. Әрбір сенушіге рухани дарындар беріледі, бірақ бәрінде бірдей белгілі бір рухани дарын болмайды.
3. Қауымның барлық мүшелері бір дене ретінде қызмет етуі керек; әрбір дарын қажет және маңызды.
4. Рухани дарындар қызметке шақырумен бірге жүреді.

5. Сөздер түсініксіз болса, олардың құндылығы болмайды.
6. Сенуші өзінің рухани дарының тек Құдайды мадақтауға және қауымның рухани жетілуіне қолдануы керек.
7. Құдайға және адамдарға деген сүйіспеншілік – бүгінгі күнде және мәңгілік ең маңызды нәрсе.

Тапсырмалар

1. 14-сабақ бойынша Жеті қорытынды ұстанымды есте сақтау керек. Студенттер жеті қорытынды ұстанымның әрқайсысына (барлығы жеті абзац) түсініктеме жазып, олардың мәні мен маңыздылығын тақырыппен таныс емес адамдарға түсіндіре алатындай етіп жеткізулері керек. Жазбаша жұмыс келесі сабаққа дейін жетекшіге тапсырылуы тиіс. Талқылау кезінде жетекші сұраса, студенттер топқа белгілі бір пункттер бойынша орындалған тапсырмалардың нұсқаларымен бөлісуге дайын болу керек. Келесі сабақтың басында студенттер есте сақтау қабілеті бойынша, жеті қорытынды ұстанымды жазу керек.
2. Студент сабақты немесе сабақтың бір бөлігін топтан тыс адамдарға өткізуді жоспарлауы керек. Сабақты өткізген сайын студент бұл туралы жетекшіге есеп беруі керек.
3. Тест: студент елші Пауылдың рухани дарындарға қатысты айтқан сегіз қағидатының кемінде жетеуін есте сақтау қабілеті бойынша жазуға дайын болуы керек.

15-сабақ

Қауымның жетілгендігін анықтауға арналған сұрақтар

Кіріспе

Бұл сабақта қауымның жетілгендігін анықтауға көмектесетін сұрақтар тізімімен танысасыз. Қауымдастық оларға жауап бере отырып, қандай бағытта даму керектігін түсіне алады.

Бұл топтың студенттері әр түрлі қауымдардан болуы мүмкін және жеке шешім қабылдамауы мүмкін, бірақ олар сұрақтарды қауымдарының жетілгендігін бағалауға және қызметтеріне мақсаттар қоюға қолдана алады.

Берілген түсініктемелерді қолдана отырып, төмендегі әр сұрақтың мағынасын талқылаңыз. Содан кейін қауым оған қажетті сипаттамаларды дамыту үшін не істей алатынын қарастырыңыз.

Рухани жетілгендікті анықтауға арналған сұрақтар

(1) Қауымның рухани өмірін қамтамасыз ету үшін шағын топтар қызмет ете ме?

Сау қауымда әдетте рухани өмір сақталатын шағын топтық қызмет бар. Бұл үй қауымдары, жексенбілік сабақтар немесе қызметтің басқа түрлері болуы мүмкін. Топтар ұйымдастырылған немесе бейресми болуы мүмкін; әдетте рухани жаңғыру солардан басталады. Қауымның рухани өмірі тек ғибадат қызметтері арқылы ғана тұрақты болып, жандандырылмайды; рухани өсу мен жауапкершілік әдетте шағын топтарда жүзеге асады. Қауым жетекшілері қызметтің осы түрін дамыту және оның мақсаттарына жетуі үшін бәрін жасауы керек; егер қауымның құрылымы рухани өмірді қамтамасыз етпесе, оған өзгеріс қажет.

(2) Қауым кімге тиесілі?

Егер қауымға қызмет ету мен қаржылай қолдау үшін жауапкершілік алатын бағышталған сенушілер тобы болмаса, қауым жетілмеген болып табылады.

Егер қызмет бағушының жеке ісі ретінде жұмыс жасаса, қауым ешқашан жетілмейді; егер қауымның ғимараты жалға алынатын болса және жалдау ақысын басқа ұйым төлесе, қауым қауым жетілмеген болып табылады.

Ең дұрысы, ғимарат пен қызмет қауым мүшелерінің тобына тиесілі болуы керек. Егер қауымның ғимараты жалға алынатын болса, қауым оның ақысын төлеуге жауапкершілікті өз мойнына алуы керек.

Жергілікті қауымның Мәсіх қайта келгенге дейін жалғаса беретіндей етіп ұйымдастырылуы керек.

(3) Жергілікті қызмет қалай қаржыландырылады?

Қауымның ең жақсы қаржылық жағдайы – қауым мүшелерінің ондық арқылы оны қаржыландырып тұруы. Егер қауымдастық сыртқы ұйымнан қаржыландырылатын болса, ол әлі де жетілмеген және осал. Егер қаржыны қауым емес, бағушы немесе бірнеше берушілер берсе, қауым әлі де сенімнің жетілген отбасысына айналған жоқ.

Ондық – Құдайдың жергілікті қауымды қаржыландыру әдісі. Жетекшілер ондықтың мағынасын үйретуі және бірте-бірте өзін-өзі қаржыландыруы керек. Қауым сыртқы қолдауға тәуелді болмауы керек; оны қауымның мүмкіндіктерін кеңейтетін жобаларға қолдануы керек.

(4) Қауым бағушының жалақысын қамтамасыз ете ме?

Киелі кітапта бағушы барлық уақытын қызметке арнайды деп жазылған. Кейде бұл егер қауым жаңадан құрылған болса мүмкін болмайды. Бірақ бағушының қаржылық қажеттіліктеріне алаңдамай, қызметке назар аударуына мүмкіндік беретін қолдауды дамыту мақсаты болуы керек.

(5) Қаржылық есеп беру жүйесі қалай ұйымдастырылған?

Ондықты бір емес, бірнеше адам жинап, қадағалап отыруы керек. Қауымның қаржылық басымдықтары мен ережелерін белгілеуге бірнеше құрметті адамдар қатысуы керек. Қауымдастық мүшелері қауымның қаржылық жүйесінің қалай жұмыс істейтінін білуі керек.

(6) Ізгі хабар бөгде адамдарға қалай уағыздалады?

Қауымның бірінші міндеті – қауымдастыққа бағышталған мүшелеріне қамқорлық жасау, бірақ тағы бір басты мақсат бар – бұл жақын маңдағы адамдарға Ізгі хабар уағыздау. Қауымдастық қауымнан тыс адамдарға оның жұмысын көруге және Ізгі хабарды естуге мүмкіндік беретін іс-шаралар жүргізуі керек. Олардың кейбіреулері өздігінен болуы мүмкін, ал басқалары арнайы дайындықты қажет етеді. Ұйымдастыру қабілеттері бар қауым мүшелері іс-шараларды ұйымдастыруға үйретілуі керек.

«Мәсіхшіліктің миссиясына қол жеткізудің барлық құдайлық жолдарының ішінде басты назар Ізгі хабарды уағыздауға аударылады».

Джон Милей,
«Мәсіхшілік теология»

(7) Қауым өз аймағындағы қажеттіліктерге қалай жауап береді?

Шіркеу өз аймағындағы қажеттіліктерге жауап беру жолдарын табуы керек; бірінші кезекте Құдайдың сүйіспеншілігі мен Киелі кітап қағидаттарын көрсету болуы керек.

(8) Ұлты мен әлеуметтік жағдайына байланысты қауым қызметінен шеттетілген адамдар бар ма?

Кедей адамдар киімі қандай болса да қауымда өздерін жақсы сезінеді ме? Қауым ата-анасы қызметке келмейтін балалардың қауымға баруын қолдайды ма? Қауым олар үшін емес деп санайтын этникалық топ бар ма?

(9) Қонақтарды қалай қарсы алады?

Қауым өз қауымының мүшелерін қонақтарды қарсы алуға үйретуі керек. Келушілермен амандасудың басты мақсаты – олардың өздерін жайлы сезінуі және олардың қабылдайтынына көз жеткізуі. Бірнеше адам қонақтармен танысуға тырысуы керек. Тек тағы бір қызметке ғана емес, сонымен қатар көбірек ақпарат біліп, сұрақтар қоятын мүмкіндіктері болуы үшін кішігірім топқа немесе үй жиналысына шақыруы керек.

(10) Қауым жаңадан тәубеге келген адамдармен шәкірттікпен айналысу үшін қандай әдістерді қолданады?

Егер адам қауымда немесе басқа жерде Ізгі хабарды қабылдаса, оны қызметке ғана емес, сонымен қатар бірден шәкірттікпен айналысуға да тарту керек. Бағушымен жеке сөйлесуден бастауға болады, содан кейін апта сайын шағын топтық кездесу өткізсе болады. Қауым жаңадан сенімге келгендерге қызмет етуге дайын болуы керек.

(11) Қауым рухани жетілуді қалай сипаттайды?

Рухани жетілген адамдар қандай болады? Қауымдастыққа рухани жетілген адамның сипаттамасы қандай болатынын үйрету қажет. Бұл сипаттамада әрқашан жетекшілік қабілеттер немесе түрлі таланттар бола бермейді. Бірақ оларды иемденген адамға құрмет көрсетіліп қана қоймай, сонымен бірге ол басқаларға да үлгі болуы керек.

(12) Мақсатты рухани өсу жүйесі бар ма?

Қауымның маңызды міндеті – өз қауымдастығының мүшелерінің рухани өсуіне көмектесу (Ефест. хат 4:11-13). Қауым жетекшілері рухани өсуді жаңадан сенімге келгендердің жеке бастамасына қалдырып, тек уағыз айтса, рухани өсу өздігінен болады деп үміттенбеуі керек. Бағушылар адамдарды рухани тәртіппен айналысуға ынталандыру тұжырымдамасын жүзеге асыруы қажет және

«Иса қауымның негізін елшілерді жеке шақырып, Өзінің айналасына жинап, оларды үйретіп және оларға өсиеттерді жариялау мен орындау қызметін тапсыру арқылы құрды. Билікпен шомылдыру рәсімін өткізу, тәлім беру, үйрету және Иеміздің қайта тірілгенін жариялай отырып, Құтқарылу мейрамын тойлау сеніп тапсырылған қауымдастықты құруға Өзінің берік ниетін білдірді».

Томас Оден, «Рухтағы өмір»

барлық қатысушылар үшін, мысалы, бетпе-бет әңгімелесу, шағын топтық кездесулер, сабақтар және т.б. сияқты есептілік жүйесі болуы керек.

(13) Адамдардың қауымға өздерін арнауға мүмкіндік беретін мүшелік құрылымы бар ма?

Өздерін қауымға арнағысы келетін адамдар бұл бағышталудың нені білдіретінін нақты білуі керек. Кейбір қауымдар олардың қауымдастықтарында мүшелік жоқ екенін айтады, бірақ әр қауым өзіне келушілерін, сондай-ақ қауымының бағышталған мүшелерін біледі. Қауымды құрайтын адамдардың кім екенін әркім білуі керек.

(14) Қауым мүшелігіне қойылатын талаптар түсінікті әрі нақты ма?

Әркім қауым мүшелігіне кіру үшін не істеу қажет екенін білуі керек; қауымдастыққа қосылу талаптары мен процесі жазбаша түрде көрсетілуі керек.

(15) Жаңадан сенімге келген адам қауымдастыққа қаншалықты тез уақытта қосыла алады?

Өзін қауымға арнағысы келетін жаңадан сенімге келген адам бірден қызметке тартылуы керек. Бұл оның жетекшілікке қызметке тағайындалуы керек дегенді білдірмейді, бірақ оның қауымның бір мүшесі екенін білу маңызды.

(16) Қауымның құндылықтары мен стандарттарын сақтауға кім жауапты?

Қауымның мәнін анықтайтын қауымдастыққа бағышталған мүшелер тобы болады. Бұл қауым қызметшілері кеңесі немесе денені басқарушы деп атауға болатын, дауыс беру құқығына ие қауым мүшелерінің тобы болуы мүмкін. Жетекшілер бұл топтың дамуына ерекше назар аударуы керек, онда болатын өзгерістер қауымның болашағын анықтай алады. Бағушы осы топтың алдында есеп беруі керек және оларды барлық нәрседен хабардар етіп отыруы керек. Бағушы мен жетекшілік топтың қызметтік басымдықтары бірдей болуы керек.

(17) Қауым нақты аян-мақсатты ұстанады ма?

Бағушы, жетекшілер тобы және қауымға бағышталған мүшелер тобы қауымдастықтың мақсаттарын талқылауға және қауымның аян-мақсатын дамытуға уақыт бөлуі керек. Олар Қауым қолдай алатын аян-мақсаттарды дамытуы керек. Қауымдастық қауымның аян-мақсатына бағышталған болуы керек.

(18) Қауым мүшелері қауымның ілімдерін біледі ме?

Қауым өз қауымдастығының мүшелерін ғибадат етуге және рухани тәжірибе алуға ғана жетелемеуі керек; оның мүшелігіне кіретін әрбір адам өзі және оның қауымы неге сенеді деген сұраққа жауап бере алуы керек. Қауым мүшелері мәсіхшіліктің негізгі ілімдерін және өздерінің қауымдарының нақты ілімдерін түсіндіре алуы керек.

(19) Қауымдастық мүшелері қауым мен деноминацияның қалай байланысты екенін түсінеді ме?

Қауым өзінің деноминациясына бағышталған болуы керек. Бірлестіктегі қарым-қатынас қауым ілімдерін ұстануға көмектеседі; қауым мүшелерін жалпы іс-шараларға қатысуға ынталандыру керек.

(20) Ғибадат қызметтері қалай жоспарланады және бағаланады?

Ғибадат қызметін жетекшілер дұға ету арқылы жоспарлауы керек. Егер Киелі Рух қызметке күтпеген бағытта жетекшілік етсе, бұл керемет, бірақ, негізінен, жетекшілер жоспарды ұстануы керек: қызметтің егжей-тегжейін пысықтау үшін кездесулер өткізу қажет.

Егер қауымның ғибадат қызметі дұрыс болса, қауымдастық оған қатысады және қызығады. Қауым көбірек мәсіхшілер қызығушылық танытып, өздерін қауымға арнауы үшін қызметтің әр түрлі бөліктеріне әр түрлі адамдарды тартуға тырысуы керек.

(21) Шомылдыру рәсімі мен Нан үзу рәсімі қаншалықты Киелі кітаптық нұсқауға сай және мағыналы түрде орындала ма?

Әрбір шынымен сенімге келген адам бірден шомылдыру рәсімінен өтуі немесе шомылдыру рәсіміне өтуге дайындалуы керек. Нан үзу рәсіміне құтқарылу туралы куәліктері бар барлық адамдар қатысуы керек және ол рәсімге қатысушылардың ғибадат ете алуларына көмектесетіндей етіп жасалуы керек.

(22) Киелі кітапта берілген қауым тәртібі сақталады ма?

Қауым күнәға қарсы тұруы керек. Егер қауым мүшесі кінәлі болса, оны әшкерелеу керек. Мұндағы мақсат - оны тәубеге келуге және күнәны жеңуге жетелеу.

(23) Қауымды басқаруға қатысатын жетекшілер тобы бар ма?

Жетекшілік топ құрылмайынша, қызмет өсе алмайды. Әр адам шектеулі адамдар санына әсер ете алады және белгілі бір жауапкершілікті орындай алады, сондықтан қауымның қызметі бір адамның қызметі болмауы керек.

(24) Жетекшілік топқа кіруге мүшелерді таңдау, дайындау және қосылу қалай жүзеге асырылады?

Жетекшілік топ құрылмайынша, қызмет өсе алмайды. Ол үшін адамдарды таңдауда өте мұқият болу керек. Бірақ қауым әрқашан болашақта жауапкершілік ала алатын

«Әкімдер мен билікпен күресетін және болашақта одан да көп қиындықтар күтетін бір дене Өзінің көктегі қаладағы басшыларымен бірге өзінің ізгілігі мен бірлігі арқылы жеңіп шықты. Енді барлық адал адамдар уақыттың соңында Құдайды мадақтайтын Иеміздің толық қуанышын асыға күтеді».

*Уильям Әке,
«Мәсіхшілік теология жинағы»*

адамдарды тауып, оларды дамыту үшін еңбектенуі керек. Қызметтің өсуі үйретілетін жетекшілердің санына байланысты.

(25) Қауым басшылығы қауымдағы даулар мен мәселелерге қалай жауап береді?

Шешілмеген қайшылықтар қауымға зиян келтіреді. Қауымдастыққа жеке дауларды шешудің жолдарын үйрету қажет. Қауым жетекшілері оларды елемеу жүрмеулері керек және татуласуға көмектесуге дайын болуы керек.

(26) Қауым басқа қауымдармен бірге миссионерлерді қолдай ма?

Егер қауым шынымен де Құдай патшалығын кеңейткісі келсе, ол жергілікті ықпалды кеңейту үшін ғана жұмыс істемейді, басқа қызметтерді қолдау үшін де жұмыс істейді. Егер қауым өзіне пайда әкелмейтін қызметке қолдау көрсетсе, оның бұны Құдайдың ұлылығы үшін жасап жатқанын көрсетеді.

(27) Қауым жаңа қауымдардың құрылуына көмектеседі ме?

Жетілген қауым өзі орналасқан аймаққа жақын жерде жаңа қауым құруға көмектесуі керек; жаңа қауымдастық бұрынғы қауым жұмыс істемеген адамдармен қарым-қатынас орната алады.

(28) Қауым қауымдастықтағы барлық жастағы және санаттағы адамдарға қызмет ете ме?

Балалардың, қарттардың, жастардың, жас отбасылардың, еркектердің, үйленбегендердің және мүшелердің басқа санаттарының қажеттіліктері қауым үшін маңызды болуы керек; сонымен қатар, қауымдастық рухани жетілудің барлық деңгейіндегі адамдардың қажеттіліктері туралы ойлауы керек.

(29) Қауымдастық мүшелері қауым мүшелерінің қажеттіліктеріне жауап беріп, қамқорлық жасай ма?

Қауым қауымдастықтағы адамдардың қаржылық қажеттіліктерін қанағаттандыруы керек, олардың көпшілігі қауым жетекшілерінің қатысуынсыз өзара көмек арқылы қанағаттандырылуы тиіс. Егер қауым мүшелерінің көпшілігі өзгелерге көмектесу үшін жауапкершілікті сезінбесе, қауым әлі жетілмеген.

(30) Қауым адамдардың қаржылық қажеттіліктерін қанағаттандыруды қалай қамтамасыз етеді?

Қауымда қажеттіліктерді анықтауға жауапты қауым қызметшілері болуы керек (Елшілердің істері кітабында қауым осы қызметке қауым қызметшілерін тағайындады).

Тапсырмалар бойынша есеп

Студенттің аты-жөні _____

Студент 70% немесе одан жоғары балл жинаған кезде тесттер “аяқталған” деп саналады. Дүниежүзілік Бағушылар Дәрісханасының сертификатын алу үшін барлық тапсырмалар сәтті орындалуы керек.

Сабақ	Жеті ұстаным / сабақтар	Сұхбат	Жазбаша тапсырма	Тест
1				
2				
3				
4				
5				
6				
7				
8				
9				
10				
11				
12				
13				
14				
Курстан тыс сабақ				

Дүниежүзілік Бағушылар Дәрісханасының сертификатына сұраныс.

Дүниежүзілік Бағушылар Дәрісханадан бітіру сертификатына өтінімді www.shepherdsglobal.org веб-сайтында толтыруға болады. Сертификаттар ДБД президентінен студенттердің атынан өтінішті толтыратын нұсқаушылар мен фасилитаторларға цифрлық түрде беріледі.